

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты

Ғ ы л ы м и **ЖУРНАЛ**
Ә Д І С Т Е М Е Л І К
2002 ЖЫЛДАН ШЫҒАДЫ

ХАБАРШЫ



№1 (83) 2025

«ХАБАРШЫ»

№1 (83) қаңтар-наурыз 2025 жыл
6 бөлім

Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының тоқсан сайын жарық көретін республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

Бас редакторы

СЕРИКБАЕВ

Сакен Карбозович

Қызылорда облысы бойынша
кәсіби даму институты
директорының оқу-әдістемелік
жұмыстары жөніндегі
орынбасары, т.ғ.к.



Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінде қайта тіркеліп,
25.09.2018 ж. №17287-Ж куәлігі
берілді.

Хабаршы жылына 4 рет шығады.



Мекен-жайы:

467001, Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, 2
тел/факс: (7242) 27-76-51;
e-mail: kyzylordaipk@orleu-edu.kz
<https://orleu-edu.kz/kyzylorda-page/>



Журнал материалдары институтта
беттеліп, басылды.

Таралымы 50 дана.
Қағаз офсеттік.
Шартты баспа табағы 8.
Көлемі 17,125 баспа табак.



Жауапты хатшы:

ИСАЕВА
Жанар

- Қызылорда облысы бойынша ҚДИ
кафедрасының аға оқытушысы, фил.ғ.к.

Редакциялық алқа:

МАХМУТОВ
Болат

- Қарағанды индустриялық университетінің
Ғылыми істер және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректоры, х.ғ.к.,
доцент

ЕЛУБАЕВ
Дәуіржан

- Облыстық «Сыр бойы» газетінің жауапты
хатшысы

ДАУЛЕТБАЕВА
Мартана

- Қызылорда облыстық «Тілдер
орталығының басшысы

НҮРМАХАНОВ
Нұрлан

- «Ұстаз мәртебесі» газетінің
бас редакторы,
филиология ғылымдарының кандидаты

ЕСҚАЛИ
Зағи

- «Сыр бөбегі» бөбекжай бақшасы
менгерушісі

ЕШИМОВА
Ултай

- «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Қызылорда облысы бойынша ҚДИ
кафедра менгерушісі,
педагогика ғылымдарының кандидаты

ЖАНДИЛАЕВА
Нургуль

- «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Қызылорда облысы бойынша ҚДИ
баспа ісінің бас маманы

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОП БАЛАЛАРЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Қозыбай Гүлдана Дәрменқызы

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Абай атындағы №50 орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі*

Қай заманда болмасын ұстаз алдында тұратын ұлы міндет – келешектің іргетасы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Келешектің иелерін жан-жақты жетілген, ақылды, парасатты, мәдениетті, ойы озық етіп тәрбиелеу маңыздылығы күн тәртібінен түскен емес. Оқушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, оны терең ұғынуы және меңгеруі отбасының, мектептің, ортаның тәрбиелік ықпалы сезімге әсер етуге бағытталса ғана жемісті болады. Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ұлттық құндылықтар балаларда ұлттық сананы қалыптастырады. Ерте жастағы балалардың дамуы ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты және мемлекеттік саясаттың бөлінбейтін бөлігі болып табылады. Осы орайда орта мектептердегі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мен оқу бағдарламаларын кіріктіре отырып жұмыс жасау мектепалды даярлықтан басатап сатылап жүргізілуі тиіс.

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі. «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау сияқты бағдарламаның құнды тұстары балаларды жастайынан елін сүйіп құрметтеуге жетелері сөзсіз.

Баланың рухани-адамгершілік даму деңгейі бағдарлама талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнымен байланысты.

Мектепалды даярлық – бұл ең алдымен бүлдіршіндердің үлкен өмірге басатын алғашқы қадамы, бірінші баспалдағы десе болады. Өйткені, бала балабақшадағы алаңсыз сәби шағымен қоштасып, жауапкер-

шілік сезімін қалыптастыра бастайды.

Бұл сатыда мектепке дейінгі балалық шақтың өзіндік құндылығы қысқартылады және балалардың жеке тұлғалық сапасының негізі қалыптасады.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);

- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);

- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т.б.)

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету.

Осы аталған міндеттерді оқушының санасына күнделікті өмірдегі қазақи ұлттық құндылықпен байланыстыра отырып жеткізу – мұғалім шеберлігінің еншісінде болмақ.

Әрбір сабақ сайын өтілетін бағдарламаға сәйкес құндылықтар мен апта дәйексөздерінің бағытында түрлі жұмыстарды кіріктіру жолдарын ұсынамын:

- Мақал-мәтел, нақыл, тыйым сөздер арқылы ұлтымызға тән терең ой, шебер сөйлеу дағдыларын дамытып тіл көркемділігін сақтауға үйретеміз. Кез келген мақал-мәтелдерде «педагогикалық кезең» көрініп тұрады. Кез келген халықтың мақал-мәтелдері – сол халықтың адамгершілік кодексі болып табылады. Олар халық моралының нормаларын тұспалдайды, адами құндылықтағы бірінші орында не тұратынын ашып көрсетеді. Осы арқылы ұлттың қыз бен ұл тәрбиесіндегі ұлттық

ерекшелік көрініс табады. Қазақ халқы ежелден мақал-мәтелдер арқылы ұзынды ұлына, қызылды қызына кигізіп, ұлды елгезек малсақ, ел қорғайтын батыр етіп тәрбиелеуді көздесе, қызын үйдің ішкі жұмысына үйретіп, ибалы, өнегелі, өнерлі, ісмер етіп тәрбиелеген.

Мақал-мәтелдердің мазмұны мәнді, түрі көркем, олар ақылмен, орнымен, ептілікпен қолданылады. Олардың негізгі мақсаты адамгершілікке тәрбиелеуінде.

- **Аңыз әңгімелер, ертегілер** – рухани құндылығы жағынан баға жетпес аса қымбат, көркем туындылардың бірі. Ертегі, аңыз, әңгімелерді оқу, қойылымдар көрсету арқылы тұлға бойына сөз байлығының баға жетпес інжу маржанын сыйлаймыз. Жас бүлдіршіндерде жақсы кейіпкерге еліктеу, соған қарай бойын түзеп бейімделу орын алатын болады.

Жұмбақ, жаңылтпаштар үйрету арқылы балалардың сапалы өсіп жетілуіне, ақыл ойының дамуына ықпал етеміз. Жұмбақтар әрқашанда үлкен өмірлік тәжірибеге, заттарды білуге, құбылыстарға, олардың сапасына, белгілеріне сүйенеді. Сондықтан да, балаларға күнделікті өмірде көріп жүрген дүниеге жақын жұмбақтарды ұсыну керек. Халық жұмбақтары ана тілінің ерекшеліктерін және оның бейнелерін ашуға, тапқыр және жанды ойлауға үйретеді. Жұмбақтар құбылыстардың жиі назар аударылмай қалған тұстарын көрсетеді.

- **Ұлттық ойын** арқылы балалардың дамып жетілуіне адамгершілік қасиеттерінің артуына достыққа, әділдікке, сыйластыққа үйретеміз өрісінің дамуына, жақсы адамгершілік сезімінің дамуына ықпал етеміз. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Мысал ретінде: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ моторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. Ұлттық ойындардың мектепалды даярлық тобы бала-

ларына лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек», «Теңге алу» т.б

- **Қазақ халқының әдет ғұрып, салт дәстүрлерді** үйрете отырып, өз ұлтының ұлттық құндылықтарын, елін сүю мен ұлтжандылыққа үйретеміз. Халқымызда «баланы жастан» деп жатады. Дегенмен, баланы қатаң тәрбиеде ұстау емес, мейірімділік таныта отырып, ата-бабамыздың сара жолы арқылы, яғни салт-дәстүрлеріміз арқылы тәрбиелеу. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді. Қазақ халқы дәстүрі бойынша ең әуелі әкені, содан соң атаны, ата-бабаны құрметтеп, солардың алдында ұрпақтық қарыздарды өтеу – кейінгі ұрпақтың міндеті екенін түсіндіріп отырған. Ол ұрпақтық борыштар: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеп, одан әрі ол дәстүрлерді жалғастыру, адамгершілік қағидаларды қалтқысыз орындау болып табылады.

Қай ел, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу – білім және өнегелі тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының елін, жерін, өз тілі мен мәдениетін, тарихи ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, батырларын үлгі тұтатын, елінің болашағына сеніммен қарап, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын көрсеткіші болып табылады. Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. «Мәңгілік ел» идеясында өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән берілген. Осы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетілген. Ұрпақ тәрбиесіндегі басты ұстаным – тәрбиелеудің ұлттық жолдарын саралап, айқындап бала бойына сіңіре білу. Яғни, бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу.

СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР: ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ КӨРІНІСІ

Абдибаев Мурат Амангельдиевич

Қызылорда облысы, Арал ауданындағы №292 орта мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі

Аннотация

Сәндік қолданбалы өнер – халықтың мәдени өміріндегі маңызды өнер салаларының бірі, ол ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерді сақтай отырып, тұрмыстық бұйымдарға ерекше көркемдік сипат береді. Бұл өнер түрі қолөнер шеберлері арқылы дамып, әр халықтың мәдени ерекшелігін көрсететін маңызды құралға айналған. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері өзінің бай ою-өрнектерімен, әшекей бұйымдарымен, тұрмыстық заттарымен ерекшеленеді. Киіз басу, кілем тоқу, кестелеу, ағаш өңдеу, металл мен сүйектен бұйым жасау – қазақ қолөнерінің негізгі бағыттары болып табылады. Қазіргі уақытта дәстүрлі сәндік қолданбалы өнердің элементтері заманауи интерьер дизайнды, киім үлгілерінде, зергерлік бұйымдарда және басқа да салаларда кеңінен қолданылуда.

Кілт сөздер: *сәндік қолданбалы өнер, қолөнер, ұлттық мәдениет, қазақ ою-өрнектері, зергерлік бұйымдар, ағаш өңдеу, кілем тоқу, кестелеу, дәстүрлі өнер.*

Кіріспе

Сәндік қолданбалы өнер – адамзат тарихында ерекше орын алатын, тұрмыстық қажеттіліктермен қатар, көркемдік және эстетикалық талаптарды қанағаттандыратын өнер түрі. Бұл өнердің басты мақсаты – күнделікті өмірде пайдаланылатын бұйымдарды әсемдеу, оларды көркемдік безендіру арқылы халықтың мәдениетін көрсету. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері – халықтың өмір салты мен дүниетанымын бейнелейтін ұлттық құндылықтардың бірі. Қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан қолөнер дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазіргі заманғы мәдениетке өз үлесін қосып келеді.

Сәндік қолданбалы өнердің негізгі түрлері

Сәндік қолданбалы өнер – халқымыздың өмір салтымен, мәдениетімен және тұрмысымен тығыз байланысты, ғасырлар бойы қалыптасқан және дамыған өнер түрі. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері бірнеше негізгі бағытқа бөлінеді, олардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен, технологиялық әдістерімен және көркемдік мәнімен ерекшеленеді. Бұл бөлімде сәндік қолданбалы өнердің басты салаларына тереңірек тоқталамыз.

1. Киіз басу және кілем тоқу өнері.

Киіз басу – көшпелі қазақ халқының

тұрмысында кеңінен қолданылған, мал шаруашылығымен тығыз байланысты ежелгі өнер түрі. Киізден жасалған бұйымдар – текемет, сырмақ, басқұр, алаша – қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алады. Киіз үйдің жабдықтары ретінде қолданылатын бұл бұйымдар табиғи бояулармен боялып, ою-өрнектермен безендірілген. Киіз басу дәстүрі әсіресе әйелдер арасында кең тараған және ұжымдық еңбек ретінде орындалған.

Кілем тоқу өнері де қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің маңызды салаларының бірі болып табылады. Қазақ кілемдері жүннен тоқылып, ерекше бояу түстерімен әсемделеді. Ою-өрнекпен көмкерілген кілемдер көшпелі қазақтардың тұрмысында маңызды орын алып, тек сәндік бұйым ғана емес, сонымен қатар тұрмыстық қажеттілік үшін қолданылған. Киізден жасалған бұйымдар мен кілемдердегі өрнектер халықтың дүниетанымы мен сенім-нанымдарын бейнелейтін символикалық белгілерді қамтиды.

2. Зергерлік өнер

Зергерлік өнер – сәндік қолданбалы өнердің ең нәзік және шеберлікті қажет ететін салаларының бірі. Қазақ зергерлері алтын, күміс, мыс және басқа да металдарды өңдеп, әсемдік бұйымдарын жасаған. Зергерлік бұйымдар тек әшекей ретінде ғана емес, сонымен қатар адамның әлеуметтік мәртебесін, отбасы жағдайын

және сенім-нанымдарын білдіретін символикалық мәнге ие болған.

Зергерлік өнердің негізгі бұйымдары мыналар:

Білезік – қолға тағылатын әшекей, көбінесе күмістен жасалып, өсімдік және геометриялық өрнектермен безендірілген.

Жүзік – саусаққа тағылатын әшекей, кейбір жүзіктер үлкен әрі көлемді болып келеді, олар арнайы рәсімдерде немесе тұрмыста қолданылған.

Сырға – әйелдер тағатын негізгі әшекейлердің бірі, оның әртүрлі түрлері болған (кұлақ сырға, салпыншақты сырға).

Алқа және өңіржиек – мойынға тағылатын әшекей, дәстүрлі қазақ мәдениетінде беделді, ауқатты адамдар тағатын сәнді бұйым саналған.

Қапсырма – ұлттық киімдерді бекітуге арналған сәндік элемент.

Қазақ зергерлері асыл тастармен (ақық, маржан, перуза) безендірілген әшекейлер жасауда ерекше шеберлік танытқан. Зергерлік өнердің негізгі әдістеріне соғу, қашау, нақыштау, бедерлеу, қалыптау, оюлау, өрнектеу жатады.

3. *Ағаш өңдеу және сүйекпен безендіру*

Ағаш өңдеу өнері – қазақ халқының тұрмысында ерекше орын алатын, ғасырлар бойы қалыптасқан қолөнер түрі. Көшпелі өмір салтына байланысты қазақ шеберлері тұрмыстық заттарды ағаштан жасап, оларды ою-өрнектермен әсемдеген. Ағаштан жасалатын бұйымдар қатарына мыналар жатады:

Сандық – үй жиһаздарының бірі, киім-кешек пен құнды заттарды сақтауға арналған.

Кебеже – азық-түлік сақтайтын жабық жәшік.

Жұкаяқ – төсек-орын жинауға арналған бұйым.

Асадал – тағам немесе ыдыс-аяқ сақтауға арналған ағаш бұйым.

Оюлы есік, терезе жақтаулары – киіз үй мен дәстүрлі қазақ үйлерін сәндеуге арналған.

Сүйекпен және мүйізбен безендіру өнері көбінесе ағаш және металл бұйымдарын көркемдеуде қолданылған. Қазақ

халқы ат әбзелдері мен ер-тұрманды да ерекше сәндеп жасаған. Сүйек ою арқылы жасалған бұйымдар ерекше нәзік өрнектерімен және күрделі технологиясымен ерекшеленеді.

4. *Кестелеу және ою-өрнек өнері*

Кестелеу – қазақ халқының ұлттық киімдерін, тұрмыстық бұйымдарын безендіру үшін кеңінен қолданылған өнер түрі. Кестелеу өнерінде жүннен, жібектен және мақта жіптерінен тігілген өрнектер пайдаланылған. Қазақ кестелері көбінесе қолмен тігілген және табиғи бояулармен өңделген. Кестелерде қолданылатын негізгі мотивтерге өсімдік, геометриялық және символикалық өрнектер жатады.

Ою-өрнек – сәндік қолданбалы өнердің барлық түрлерінде кездесетін маңызды элемент. Қазақ оюлары геометриялық, өсімдік тектес және зооморфтық өрнектерден тұрады. Әрбір ою белгілі бір мағынаға ие болған:

Қошқар мүйіз – молшылық пен берекенің белгісі.

Түйе табан – жолы ашықтық пен тұрақтылықтың символы.

Ботакөз – көз тиюден қорғау мақсатында қолданылған.

Гүл өрнектері – өмірдің, табиғаттың сұлулығын бейнелейді.

Ою-өрнек тек киім-кешектер мен кілемдерде ғана емес, ағаштан жасалған бұйымдарда, зергерлік әшекейлерде және тіпті үйдің ішкі безендірілуінде де кеңінен қолданылған.

5. *Былғары және тері өңдеу*

Қазақ халқы тері мен былғарыны өңдеуді жақсы меңгерген. Көшпелі өмір салтында теріден жасалған бұйымдар – көнек, торсық, саба, ыдыстар, белдіктер, ер-тұрман жабдықтары ерекше орын алған. Былғары өңдеу технологиясы арнайы тәсілдер арқылы жүзеге асырылған, шеберлер теріні илеп, оны әшекейлеп, оюлап сәндеген.

Тері өңдеу өнері әсіресе ер-тұрман жасауда айрықша дамыды. Ат әбзелдері, үзеңгі, айыл, құйысқан, өмілдірік – осының барлығы былғарыдан жасалып, күміс және сүйекпен көркемделген.

Сәндік қолданбалы өнер – қазақ халқының мәдени мұрасы, тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан ұлттық дәстүрлердің бірегей көрінісі. Киіз басу, кілем тоқу, ағаш өңдеу, зергерлік өнер, кестелеу, ою-өрнек, былғары мен сүйек өңдеу – әрқайсысы ерекше мағынаға ие, ғасырлар бойы дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өнер түрлері. Бүгінде сәндік қолданбалы өнердің дәстүрлері заманауи үрдістермен үйлесіп, ұлттық мәдениеттің жаңғыруына үлкен ықпал етуде.

Қазіргі замандағы сәндік қолданбалы өнер

Сәндік қолданбалы өнер – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар заманауи қоғамда жаңаша сипатқа ие болып келе жатқан өнер саласы. Бүгінгі таңда дәстүрлі сәндік қолданбалы өнер заманауи технологиялармен ұштастырылып, жаңа бағытта дамып, ұлттық мәдениеттің жаңғыруына ықпал етуде. Қолөнер бұйымдары интерьер дизайнında, сән индустриясында, зергерлік эшекейлерде және басқа да өнер салаларында кеңінен қолданылып келеді. Бұл өнердің қайта жандануы ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтың артуымен және дәстүрлі құндылықтарды сақтау қажеттілігімен байланысты.

Заманауи интерьер дизайнындағы сәндік қолданбалы өнер

Қазіргі уақытта сәндік қолданбалы өнердің элементтері интерьер дизайнында ерекше орын алууда. Дизайнерлер ұлттық нақыштағы ою-өрнектерді, кілемдер мен киізден жасалған бұйымдарды, ағаштан ойылған жиһаздар мен сәндік заттарды кеңінен қолданады. Заманауи үй интерьерінде келесі элементтер жиі кездеседі:

Қазақтың дәстүрлі кілемдері мен алашалары – еденге, қабырғаға немесе жиһаз жабындысы ретінде пайдаланылады.

Оюлы ағаш жиһаздар – ұлттық нақыштағы сандықтар, үстелдер, орындықтар мен есік-терезе жақтаулары ерекше көркемдік сипат береді.

Киіз және теріден жасалған бұйымдар – сәндік паннолар, тұскиіздер, жастықтар, перделер заманауи интерьермен үйлесімді көрінеді.

Қолмен жасалған керамикалық және металдан жасалған бұйымдар – тұрмыстық ыдыстар, шамдар, қабырға безендіру элементтері ретінде кеңінен қолданылады.

Дизайнерлер дәстүрлі қазақ оюларын заманауи стильде қолданып, оларды минимализм, бохо және этно-стильмен үйлестіріп, ерекше үйлесімдер жасайды.

Қолөнер және кәдесый өнімдерінің дамуы

Сәндік қолданбалы өнер қазіргі кезде туристер мен коллекционерлер арасында да үлкен сұранысқа ие. Ұлттық нақыштағы кәдесый өнімдері Қазақстанның мәдени брендіне айналып, шетелдік қонақтарға ерекше қызығушылық тудырады. Бүгінде қолөнер бұйымдарын жасау және сату кәсібі қарқынды дамуда.

Танымал кәдесый өнімдерінің қатарына мыналар жатады:

Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары – домбыра, қобыз, сазсырнай шағын нұсқаларда жасалып, кәдесый ретінде ұсынылады.

Киізден жасалған бұйымдар – миниатюралық киіз үйлер, кілемшелер, паннолар.

Зергерлік бұйымдар – ұлттық стильдегі сырға, білезік, сақина, кулондар туристер арасында сұранысқа ие.

Теріден жасалған бұйымдар – былғары әмияндар, белдіктер, сөмкелер ұлттық нақышта безендіріліп, қолдан жасалады.

Кәдесый өнімдерін дайындау мен сатумен айналысатын ұлттық брендтер мен шеберханалар саны жылдан жылға артып келеді.

Цифрлық технологиялар мен сәндік қолданбалы өнер

Қазіргі заманда сәндік қолданбалы өнер тек дәстүрлі әдістермен ғана емес, сонымен қатар жаңа технологиялар арқылы да дамуда. Цифрлық технологиялар ұлттық өнерді жаңғыртуда маңызды рөл атқаруда:

3D-принтинг және лазерлік кесу – дәстүрлі өрнектерді металға, ағашқа және

басқа материалдарға нақыштау үшін қолданылады.

Графикалық дизайн және цифрлық өнер – ұлттық ою-өрнектер заманауи киімдерге, аксессуарларға, интерьер заттарына сандық үлгіде түсіріледі.

VR және AR технологиялары – сәндік қолданбалы өнер туындыларын виртуалды шынайылықта көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, сәндік қолданбалы өнерді насихаттау мақсатында онлайн платформалар, әлеуметтік желілер мен маркетплейстер белсенді түрде қолданылады. Шеберлер өз бұйымдарын интернет арқылы сатып, ұлттық өнерді әлемге танытуда.

Сәндік қолданбалы өнерді дамытудағы мемлекеттік қолдау және білім беру

Қазіргі кезде сәндік қолданбалы өнердің дамуына мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде. Ұлттық қолөнерді дамыту мақсатында әртүрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда. Бұл қолдау келесі бағыттарда көрініс табууда:

Мемлекеттік және жеке қорлар тарапынан ұйымдастырылатын көрмелер, фестивальдер – «Қазақтың қолөнері», «Ұлы дала мұрасы» сияқты шаралар ұлттық өнерді дәріптеуге бағытталған.

Шеберлік сабақтары мен курстар – сәндік қолданбалы өнерге жастарды баулуға арналған білім беру жобалары іске асырылуда.

Жас шеберлерге арналған гранттар мен конкурстар – ұлттық өнерді дамыту

үшін арнайы қаржылық қолдау шаралары қарастырылған.

Білім беру саласында сәндік қолданбалы өнерге байланысты арнайы курстар, колледждер мен университеттердегі бағдарламалар кеңейтіліп, жаңа технологиялармен үйлестірілген оқыту әдістері енгізілуде.

Қазіргі заманғы сәндік қолданбалы өнер – дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі. Ұлттық қолөнерді сақтау мен дамыту тек мәдени мұраны қорғау ғана емес, сонымен қатар заманауи өнер мен дизайнның дамуына жаңа серпін беруде. Технологиялық жетістіктер, жаһандық нарыққа шығу мүмкіндігі және жастардың қызығушылығы сәндік қолданбалы өнердің болашағы жарқын екенін көрсетеді. Ұлттық өнерді жаңғырту мен насихаттау арқылы қазақ мәдениеті әлемдік аренада лайықты орын алатыны сөзсіз.

Қорытынды

Сәндік қолданбалы өнер – халықтың мәдениетін, дүниетанымын, өмір салтын бейнелейтін ерекше өнер түрі. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлттық мұра ретінде сақталып келеді. Қазіргі таңда бұл өнер заманауи үрдістермен үйлесім тауып, жаңа бағытта дамуда. Ұлттық өнерімізді насихаттау, оны жастарға үйрету – қазақ мәдениетінің болашақта да өз ерекшелігін жоғалтпай, сақталып қалуына ықпал ететін маңызды міндеттердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіғапбарова Ұ.Қ., Құлжанова Г.Қ. «Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері». Алматы: Өнер, 2015.
2. Сейітов М.Б. «Қазақ қолөнерінің ерекшеліктері». Астана: Фолиант, 2019.
3. Төлеубаев А.Т. «Сәндік өнер және мәдени мұра». Алматы: Қазақ университеті, 2021.
4. Жұбанов Ә. «Қазақтың зергерлік өнері». Алматы: Атамұра, 2018.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЗАТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ОЙЫН-ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Алимханова Ақманат Шахмарданқызы

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы №50 Абай атындағы орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі*

Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек

Ушинский

Қазіргі уақытта көптеген дамыған елдерде жалпы адами құндылықтары мен әлеуметтік талаптарға сай білім беру жүйесінде барлық балалар тең және тосқауылсыз білім алулары қажет деген пікірлер көптеп айтылып жүр. Олардың негізгі жетекшісі – мұғалімдер. Заман талабы кәсіби еңбек ету барысында болашақ маман иесінен қажетті психологиялық-педагогикалық тәсілдерді меңгеруді талап етіп отыр. Педагогтар өздерінің бойындағы жеке ерекшеліктерімен қатар, балалардың психологиялық ерекшеліктерін, олардың ортасында дамуы мен қарым-қатынас жасау психологиясын, өзін-өзі меңгере алу технологиясын білуі қажет. Осының салдарынан мұғалім баланың дұрыс жетіліп дамуы үшін оның өміріне қолайлы жағдай жасау, іс-әрекет дағдыларын, танымдық ерекшеліктерін қалыптастыру, эмоциялық көңіл-күйін, баланың жеке басының әлеуметтік жағдайын көтерілуіне ықпал етуі тиіс.

Алғаш мектеп табалдырығын аттаған баланың танымдық белсенділіктері жеткіліксіз болып келеді. Ал, кейбір балаларда ол психикалық дамуының кешеуілдеуінде болуы мүмкін. Ол оқушыларды ерекше білімді қажет ететін оқушылар тобына жатқызып, мұғалім тарапынан мектеп психологтарымен бірлескен жұмыстарды жүргізуі керек болады. Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Мүмкіндігі шектеулі балалар өзінің құрдастарынан жас ерекшеліктеріне карағанда, олардың ойлары тұрақсыз болып келеді. Олардың ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейбір балаларда іс-әрекеттің басында

зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды. Ол баланың тез шаршауымен, тежелуімен сипатталады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар есептің шартын, диктантқа арналған сөздерді және сөйлемдерді естерінде сақтай алмайды, қажетінше, зейіндерін тапсырмаға шоғырландыра алмайды, өз бетінше тапсырма орындауға, басқа балаға ілесуге қауқарсыз болады. Мұндай балалар өздеріне ерекше көңіл бөлгенді қажет етеді.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың негізгі айырмашылығы:

- сабаққа деген үлгермеушілігі;
- дағдылары мен танымдық процестеріндегі өзара ауытқушылықтың болуы.

Мұндай оқушылармен жұмыс жасау барысында басты назарда – оқушының көңіл-күйі тұруы тиіс. Бұндай қиындықтардың алын-алу мақсатында танымдық ойын әдістерінің маңызы зор. Ойын баланың танымдық белсенділіктерін арттыратын мұғалімнің басты құралы болуы керек. Төменгі сынып оқушыларына ойын түрлерін қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады.

Бастауыш сынып оқушыларының білімге деген ынтасын, мүмкіншіліктерін толық пайдаланып, алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі психологиялық жаттығулар, суретті кестелер, танымдық ойын түрлерін пайдалану баланың ой-өрісін, дүниетанымын, зейінін, есте сақтау, қабылдау, қиялдауын дамытумен бірге танымдық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі. Ойын кезінде баланың ойлануы, эмоциялық әсерінің ұшқындауы, белсенділігі артады,

қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілетімен дарыны ұшталады, ұжымдық қарым-қатынасы қалыптасады, ерік қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдереді. Оны жалықтырмай әртүрлі ойын-жаттығуларды түрлендіріп отыру маңызды. Атап айтқанда:

- мазмұнды бейнелі ойын: біздің отбасындағы адамдар, мектеп және мен, сынып және достар, ауруханада, мен ұшқыш боламын, мал фермасыда, құрылысшылар;

- қимыл қозғалыс ойын-жаттығулары: «Ұшты-ұшты», «Аңшылар мен қасқырлар», «Сиқырлы сақина», «Мысық пен тышқан», «Соқыр теке», т.б.;

- дидактикалық ойындар: заттарды түсіне қарай топтарсытыр, орныңды тап, ойлан тап, қызықты лото, тез ретке келтір, көршілер, сен жалғастыр, дәл тауып айт т.б.

- құрылыс ойындары: лото және басқа конструкторларды пайдалану;

- моторикалық ойын-жаттығулар: мозайка, құм терапиясы, су терапиясы, ұсақ моторикалық ойындар элементтері.

Ойын арқылы бала бойынан барлық тапсырмаларды орындау нәтижелерін көру үшін, ойын-тапсырмаларды, танымдық ойын-жаттығулар, ойын терапияларын және де қолдарының ұсақ моторикасының қалыптасуына алғышарт бола алады. Моториканың дамымай қалуы жазу қабілетінің баяулауына және бұзылуына алып келеді. Баланы тәрбиелеу кезінде арнайы жаттығулар мен сергіту ойындары арқылы баланың дамуына ықпал етуге болатыны дәлелденген тәсіл. Бала ойынға өз еркімен қатысып, ойнаған ойынынан қуанып, рахаттынуы керек. Балалардың ойын барысында эмоционалды әсерін мөлшерлеп, өзін қалай сезінетінін бақылап отыру, оқушының алға жылжып отырғанын зерттеуге қажет болады.

1. Эмоциялық жаттығуларды орындату арқылы жиналып қалған жүйкелік шаршауды алып, өмірге деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

2. Күтпеген жерде болатын шабуылдан, баланы жазалаудан, қараңғыдан, жалғыздықтан болатын қорқынышты азайту.

3. Тез шешім қабылдай білуге жаттықтыру.

4. Топта өзін еркін ұстауға төселдіру.

6. Баланың еркін қозғалысы мен ептілігін дамыту.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың – әрекетін дамытудағы ойын-жаттығулардың бірнеше нұсқасын ұсынамын:

«Суретті сәйкестендір» ойыны.

Мақсаты: көру, есін және зейінін дамыту. Қажетті құралдар: бала санына қарай ойын үйлестірімелері.

Ойынның жүру барысы: Әр балаға ойынға арналған үлестірімелерді таратады және зейін қойып назарларын аударуын сұрайды. Балалар кезекпен жауап беріп отырады. Кейін үлестірімелерді ауыстырады. Үлестірімелі парақшада зейін қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар. Ойын осылай жалғаса береді.

«Төлін тап» ойыны. Мақсаты: үй жануарларының төлдерін сәйкестендіруді үйрету арқылы, дұрысты ажырату

«Балықтар» жаттығуы. Судың ішінде жүзіп жүрген балықты қармақпен бір балықты ұстап алып шығу. Сиқырлы балықтың қояр сұрағына балалар жауап беру.

Құм терапиясы. Құмға сурет салу арқылы сенімділігі арттыру. Қол моторикасын дамыту. Құмнан түрлі мүсіндер жасау арқылы бала өзінің ішкі жан дүниесін, қобалжуын, қорқыныш сезімін жеңе алады.

Сурет терапиясы. Бұл жұмыстың түрлері өте көп. Су терапиясының мақсаты: Балалардың ішкі сезімін ашу, қиялын дамыту. Осы ойын арқылы баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін, ұсақ моторикасын дамытуға арналған, адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, достық сезімге тәрбиелеуге үйретеді. Сурет салудың өзін түрлендіріп отыру. Үнемі бір бояумен сала беру де баланы жалықтырады. Сондықтан,

1. Поролон бөліктерімен сурет салу.

2. Сабынмен сурет салу.

3. Щеткамен сурет салу.

4. Майшаммен сурет салу сияқты түрлерін пайдалану керек.

Оқушылардың даму деңгейінің сапасын, нәтижесін білу мақсатында әр тоқсан сайын бір рет диагностикалық жұмыстар жүргізіп отыру үшін мектеп психологын іске араластыру қажет. Диагностикалық зерттеулер оқушылар үшін танымдық қабілеттерін дамыту, қалыптастыру және тиімді жолдарын іздестіру, жаңа нәтижеге келуі болып табылады. Қай жерден жетілу бар, баланың қызығушылығы қай тұста басым, неден қателік кетті деген тұстары осы жұмыста анық көрінетін болады.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға танымдық іс-әректің ойын арқылы дамытудың бірнеше артықшылықтарына тоқталып өтсек:

1. Айналасындағы ортамен қарым-қатынас жасауға бейімдеуде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелей отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарының негізі қаланады;

2. Баланың түрлі нәрсеге қызығушылықтары артады;

3. Өз ойы мен сезімін еркін білдіруге, жағдаяттарда дұрыс жолын табуға әдеттенеді;

4. Танымдық іс-әрекеті дамиды;

5. Баланың ішкі жан дүниесін анықтауға себепші болады;

6. Оқуға деген қызығушылығы артады;

7. Баланың сана-сезімі дамуына себепші болады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау – біздің мемлекеттің басты міндеті.

Әлемдік білім беруде әрбір баланың сапалы білім алу құқығын тануға бағдарланған оң үрдістер байқалуда. Бұл инклюзивті білім беру ортасын құру үшін оқу әдістерінің икемділігімен, оқу үлгерімін бағалау жүйесімен және теңдік, ортақтастық, ынтымақтастық құндылықтарына баса назар аударумен көрінеді.

Мұндайда жайлы инклюзивті білім беру ортасы – білім беру ұйымының ішкі кеңістігі ғана емес, білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерінің әртүрлілігін ескеретін жағдайлар жүйесі. Барлық балаларға қолдау мен достық қажет.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ОЯТУ

Алибаева Жанат Султанбековна

Қызылорда қаласындағы №290 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Математика пәнін жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі есептерді шығара білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Орта мектепте математиканы оқытудың білімділік мақсаты барлық оқушыларды математика ғылымының негізі болатын білімдер жүйесімен

және ол білімдерді саналы түрде шығармашылықпен қолдана алудың іскерлігі мен дағдыларын берік қалыптастыру мен ой-өрісін дамыту болып табылады. Ал оның негізгі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сынып математика сабағында әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру көкейкесті мәселе. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Математика пәні

оқушылардың өз ойын қысқа, дәл және дұрыс айтып бере алуы үшін зор мүмкіндіктер туғызады. Білім сапасын арттыру әр мұғалімнен шығармашылықпен жұмыс жасауды талап етеді. Мұғалімнің басты мақсаты оқушыларға терең де тиянақты білім беру. Сабақты қызықты, тартымды өткізу мұғалімнің білімділігіне, қабілетіне, тапқырлығына және сабақтың әр түрлі әдіс тәсілдерін орынды қолдана білуінде. Оқушының математикадан білімін көтерудің ең басты шарты пәнге деген қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылығы жоғары болса ғана бала оған көңіл қойып тыңдап, тереңдете оқып үйрене бастайды. Мұғалім үнемі оқушының ойлау белсенділігін арттырып, білімге қызығушылығын тудырғанда ғана сабақ мақсатына жетеді. Мұғалім математика сабағында оқушылардың қызығушылығын тудыру үшін ойындар ұйымдастыруына болады.

Ойын – әрекеті арқылы баланың дағдысын қалыптастыру кезінде ойын арқылы, көңіл-күйі, баланың тілін дамытумен қатар пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру: оларды сергіте, қуанта отырып, белсенді әрекетке жұмылдыру, ойын таңдаудағы ойланғанын жүзеге асырудағы дербестігін жетілдіру, ойын түрін қолдану арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру. Ойын арқылы оқыту технологиясы дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық болып бөлінеді. Ойын оқушының ойлау қабілетін арттырады. Физика, химия, тарих т.б. пәндерімен байланысып білім-білік дағдылары артып, пәнге деген қызығушылығы артып, білім сапасының артуына ықпал етеді. Бала дамуындағы ойынның рөлі туралы әр кезде де педагогика ғылымының майталмандары үнемі көрсетіп отырған. Ойын арқылы балалар әлем есігін ашады, шығармашылық қабілеттері артады. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский ойын ойнамай бала толыққанды дамымайды деп жазған. Ойынға да басқа оқыту формалары сияқты арнайы психологиялық қағидалар талап етіледі. Басқа да кез келген іс-әрекеттер сияқты ойын әрекеті де сабақ кезінде ынталандыруды қажет етеді, ең бастысы оқушылар

ойынның қажеттілігін сезінуі керек. Ойындар оқушыларды өз бетінше жұмыс істей білуге дағдыландырады, ойлау қабілеттерін, ізденімпаздығын арттырады, сөздік қорларын молайтады. Ойынды қолдану сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенділік танытып, материалды қажетті деңгейде игеруіне ықпал етеді. Ойындар мазмұны баланы қызықтыра алатындай құнды болуы керек. Ойын әрекеті сабақта игерілген білім, білік, дағдыға сүйене отырып оқушылардың өзіне және басқаға сын көзбен қарап, тиімді шешім қабылдауына мүмкіндік туғызады. Ең бастысы әлеуметтік психологиялық талаптардың бірі – шынайы қарым-қатынас практикасы мен ойынның логикалық үйлесімінің болуы. Ойын сабақтары түрлерін таңдап алу, оны жүргізу мұғалімнен үлкен шығармашылық ізденісті талап етеді.

Ойын – баланың қажетті әрекетінің бірі. Ойынды кіші жастағы балалардың табиғаты керек етеді. Балалардың еңбегі, оқуы ойыннан басталады. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түседі. Ойын сабақтарында берілетін тапсырмалар қарпайымнан басталып, біртіндеп қиындап оқушылардың танымдық қызметін белсендіруге назар аударылады. Білім бағалаудың бұл әдісі оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыруы, мектепте өткізілетін әр түрлі жұмыстардың атқарар рөлі зор. Ойын технологияларының белгілері: ойын үлгісінің бар болуы, ойын қойылымдары, рольдік позициялар, альтернативалық шешімнің мүмкіндіктері, жобаланған нәтижелер, бағалау критерилері, сезім әрекетінің серпілуінің бар болуы. Ойынды топтастырудың әртүрлі ыңғайы бар. Өңделген үлгіленген жағдайдың мінезделуіне қарай, ойын процесінің мінезіне қарай, ақпаратты өңдеу және 3 тарату тәсілдеріне қарай, танымдық, қызықты театрланған, рөлдік, имитациялық еліктеу және т.б. ойындар қолданылады.

ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ: ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ахметова Айша

*Қызылорда қаласы Ә. Молдағұлова атындағы №173 орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі*

Педагог мамандығы әрқашан қоғамдағы ең маңызды және құрметті мамандықтардың бірі болып саналды. Мұғалімдер жеке тұлғаны қалыптастыруда, жас ұрпақтың интеллектуалды және моральдық қасиеттерін дамытуда шешуші рөл атқарады. Мұғалім қазіргі қоғамда маңызды рөл атқарады, Оқушылардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына әсер етеді. Ол білімді жеткізіп қана қоймай, оқушылардың дағдыларын, қабілеттері мен құндылықтарын дамытуға көмектеседі. Бұған қарамастан, қазіргі қоғамдағы мұғалімнің мәртебесі көбінесе әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістерге байланысты сынақтарға ұшырайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін көптеген шара қолға алынғаны айтылды. Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүруде. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды, заңдар қабылданды.

Мұғалімдер неше жылдар аңсаған «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып, жұмыс істеп жатыр.

- ҚР-да «Педагог мәртебесі туралы» заң не үшін қажет болды?

Осы Заң қабылданғанға дейін Қазақстанда мұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді. Мұғалімдерді ең көп мазалайтын үш мәселе болды:

1. Жалақының аздығы
2. Артық кеңсе жұмыстары мен есептер.
3. Оқушылар мен олардың ата-аналарының мұғалімдерге деген қарым-қатынасы.

Республикада педагог мамандығының беделін қалай көтеру және мұғалімдердің қызығушылығын арттыру туралы мәселе көтерілді.

2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасы әзірленді. Жоба ұзақ уақыт бойы дайындалды. Оны тек депутаттар ғана емес, білім министрлігінің қызметкерлері, мектеп басшылығы және педагогтардың өздері әзірледі.

Жаңа заңда жиырма бір бап бар. Онда мұғалімдердің негізгі құқықтары мен міндеттері жинақталған. Заңның негізгі баптары 2020 жылдың басында күшіне ене бастаса, ал 2021 жылдың бірінші қыркүйегінен бастап заң толық күшіне енді.

Заңдағы басты жаңалықтар:

1. Педагог мәртебесін бекітті.
2. Педагогикалық мамандықтарға түсу шарттарын өзгертті.

3. Мұғалімдер жүктемесін қысқартты.

Көптеген мұғалімдер үлкен жүктемеге наразы болды. Жаңа заңға сәйкес, мұғалімдер енді 18 емес, аптасына 16 сағат жұмыс істейді.

Мұғалімдер өздерінің негізгі міндеттерінен басқа көптеген қағазбастылыққа ие. Жаңа заң бұл мәселеге де әсер етті. Енді пән мұғалімдері тек сынып журналы мен сабақ жоспарын толтырады. Барлық басқа есептер жойылды.

4. Жалақыны көтерді.

Жобаны әзірлеуге дейін мұғалімдердің жалақысы аз болды. Заң мұғалімнің материалдық мәртебесін едәуір жақсартты. Оған сәйкес 2024 жылға қарай мұғалімдердің жалақысы 2 есе өсті.

5. Мұғалімдерді қорлағаны үшін жаза енгізілді.

Бұрын ата-аналар мен оқушылардың өздері мұғалімдерді қорлағаны үшін заң жүзінде жаза болмаған. Жаңа заң бойынша мұғалімді қорлайтын адам айыппұл төлейді. Заңды сақтамау қатаң жазаға алып келеді.

Қорыта айтқанда: «Педагог мәртебесі» заңы қоғамдағы педагогтардың мәртебесін арттыруға бағытталған. Заңның негізгі идеясы – мұғалімдерді қоғам құрметтеуі

және қолдауы, бұл өз кезегінде елдегі білім мен тәрбие сапасын арттыруға ықпал етеді. Мұғалім үнемі білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайын болып, оқытудың жаңа

әдістері мен технологияларын қадағалап отыруы керек. Оқушылармен сенімді қарым-қатынас орната білу, толерантты және жанашыр болу маңызды.

ТАРИХ САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Қыстауова Сабира Жұбатқанқызы

*Қызылорда облысы, Жалағаш ауданындағы №124 орта мектептің
қазақстан тарихы пәні мұғалімі, педагог-модератор*

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарының бірі – «Білім – бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім – бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады. Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технология-

лары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында өздігінен білім алуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден-бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ. Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз ізденуі нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді. Біздің міндетіміз – оқушыға оны бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Тарих – мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстар-

дың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана-сезімді және адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу. Заманауи әдіс-тәсілдер сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды. Оқушы бұрын тек тындаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Тақырыпты мұғалім түсіндіріп оқып бермейді. Тақырып бойынша оқушылар өздері жұмыс істейді және топпен жұмыс жасап белсенділік көрсетуге жағдай жасалады. Оқушының білімін қалыптастыру деңгейінде, оны зерттеу, талдау, жауап табу үшін жеткілікті материал болу керек, «Ассоциация», «Топтау», «Түртіп алу», «Болжау», «Әлемді шарлау», «Броундық қозғалыс», «Стикердегі диалог» әдістерін пайдалануға болады. «Өзара оқыту әдісі», «Кең ауқымды лекция» әдісі, «Инсерт» әдісі, «Білемін, білгім келеді, үйренемін», т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану оқушының өздігінен

білім алу, шығармашылық іс-әрекеттерінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады.

«Үштік» әдіс. Сынып бойынша тапсырманы оқиды. Оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді: бірінші оқушы оқиды немесе айтады, екінші оқушы тындайды, үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз пікірін айтады.

SWOT – талдау Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі.

«Бір минуттық әңгіме» тәсілі

Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі.

«Бес жолды өлең», «Вен диаграммасы», «Кейіпкерге хат», «Кубизм», «Т кестесі», «ПОПС формуласы», «Шахмат», «Фишбоун» т.б. әдіс-тәсілдер әр сабақтың ерекшелігіне ауыр-жеңілдігіне қарай лайықты қолданылады. Бұл әдістің тиімділігі сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды.

Ұлы данышпан Әбу Насыр әл Фараби «Әрекетіміз дұрыс болу үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін анықтап алуға тиіспіз «деп атап көрсеткендей, оқушы жүрегінен жол табам деген ұстаз мына қағидаттарды естен шығармауы тиіс:

- Оқыту мазмұны мен әдіс икемділігінің маңыздылығы қағидаты;
- Оқушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейіне сай оқу мазмұны мен әдісін таңдау;
- Жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың мақсаттылық қағидаты;
- Оқытуға жеке дара қарау яғни ғаламтор материалдарын тиімді пайдалана білу.

Оқушының жаңа тың материалдарды тауып, сұрыптауына мүмкіндік тудыру:

- Электронды оқулықтарды тиімді пайдалану;
- Білім алушының білім мазмұнын

таңдау еркіндігі қағидаты.

Тәжірибеде оқытудың көптеген түрлері қолданылуда. Мұғалімдер барлық пайдалы оқыту түрлерінен бас тартпай, жақсыларын жаңа жүйеге бағыттап тәжірибеге енгізеді. Топтық оқыту, өзін-өзі оқыту – оқушы белгілі бір өздік жұмысты (оқылатын объектімен, оқулық, приборлармен жұмыс істейді зерттеу жұмысы) орындап, оның нәтижелері туралы жазбаша есеп береді.

Өзара оқыту (жұптық оқыту) – оқушылар тұрақты жұпта немесе құрамы өзгертін жұпта жұмыс істейді де, қандай да бір мәселені бір-біріне түсіндіріп, өз тақырыптарын қорғап, жолдасының жұмысының нәтижесін бағалайды.

Заманауи оқытуда оқушы өз бетінше білім аруды ұйымдастырады, сын тұрғысынан нақты мақсатты шешім қабылдауға үйренеді, оқушылар кез келген сұраққа өмірден мысал келтіре отырып салыстырып жауап береді.

Тарих сабағын оқыта отырып, жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдаланып, өзіндік жұмыс және тарихи диктант, тірек-сызбалар, кластерлер, хронологиялық таблицалар, пікірталас сынақ осы тәрізді әдіс-тәсілдерді білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданған тиімді. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылардың алған білімдерін кеңейтіп,

логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады. Сабақта оқушының жеткен жетістігін баса көрсетіп, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқушыларды өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге баулу, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Бірақ шамадан тыс тапсырмалар беруден сақтану керек, ең басты оқиғалар мен фактілерді ғана білуі керектігін ескеріп, нақты тапсырмалар берген жөн. Сондай-ақ, күнделікті сабақта оқушылардың білімін бағалауға да тигізер көмегі көп.

Сабақта жаңа технология әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай тиімді жақтары бар:

- Оқушының оқуға деген ынтасы артады;
- Әр оқушының жеке қабілеті айқындалады;
- Үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөліп, оларға көмектесу мүмкіндігі туады;
- Жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туады;
- Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;
- Оқушы өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз. Демек, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы.

ДҮНИЕТАНУ САБАҚТАРЫНДА ТҮСІНІКТЕР МЕН ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Нурылдаева Мария

*Қызылорда облысы, Жалағаш ауданындағы №124 орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор*

Сабақта жұмыстың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану, балалардың бұрыннан бар түсініктерін пайдалану, түрліше көрнекі құралдар қолдану мұғалімге жалпы

дүниетану ұғымдарын қалыптастыруға көмегін тигізеді.

Ұғымдардың қалыптасуында мұғалімнің баяндауының белгілі жүйеде бо-

луының үлкен мәні бар. Жүйелілікке оқу үдерісінің барлық бөліктері жетекші идеямен байланысқан және оны ашуға, қосауға қызмет еткен жағдайда жетуге болады.

Мұғалімнің жүйелі әңгімесінде көрнекілік үлкен орын алады: балалар көрнекілік арқылы, көріп қабылдаудан қорытуға, яғни ұғым құруға оңай барады.

Көрнекі құралдар тек жеке нақтылы заттардың түсініктері мен бейнелерін тұғызу үшін ғана емес, сонымен бірге ұғымды қалыптастыру үшін бастапқы материал ретінде де пайдаланылады.

Балалардың бақылаулары, көрген фильмі, талқылаған картиналары немесе диафильмдері бойынша жүргізілген әңгіме оқушылардың бағдарламалық материалды саналы түрде игеруіне көмектеседі. Ал оны саналы түрде игеру негізінде балалардың дұрыс дүниетану ұғымдары қалыптасады.

Мұғалім заттар мен құбылыстардың негізгі белгілері мен қасиеттерін ашушы әңгімелерге жауапты қарауы керек. Балалардың тек есте сақтауын ғана талап ететін және программалық материалды саналы түрде емес, тек механикалық игеруін көрсететін сұрақтар қоймау керек. Сұрақтарды оларға қайтарылатын жауап оқушылардың берілген анықтамаларды түсінетіндей етіп қою керек.

Мәселен сұрақтарды балаға былай қоюға болмайды. Бастау деген не? Мұхит деп нені айтады? т.с.с. Алдымен картинадан, схемадан, жер бетінің планымен, картадан өзеннің немесе жылғаның бастауы деп нені айтатынын сұрауға болады. Оқушыларға сілтеме сұрақтар мен шұбалаңқы сұрақтар қоюға болмайды, өйткені олар балалардың табиғат құбылысының мазмұнын түсінетіндігін айқындамайды, қайта оларды түсінбей жаттап алуға итермелейді.

Жалпы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жүргізе отырып, мұғалім балалардың өз білімдерін қолдана білуіне көңіл бөлуі керек. Мәселен, 3-сынып оқушыларында «Географиялық карта» деген жалпы ұғым қалыптасты дерлік. Балалар картаны оқи біле ме, оның шартты тілін түсіне ме, міне, картадан тауларды, өзендерді, теңіз-

дерді т.б. таба ала ма? - мұғалім, міне, осыларды тексеруі керек.

2-сыныпта балалар бөлме өсімдіктерін күтуді үйренеді. Оларда әрбір өсімдікке, өсіп-өнуге қолайлы жағдайлар: жақсы топырақ, жеткілікті мөлшерде ылғал, жарық, жылу керек деген ұғым қалыптасады. Бөлме өсімдіктерін күту арқылы балалар топырақты дұрыс қосытуды, өсімдіктерге су құюды, ірі жапырақтарды ылғалды шүберекпен сүртуді, өсімдіктерге дәрі себуді үйренеді. Мұғалім бірінші кезекте мұны барлық бала дұрыс жасай ала ме екен, соны тексеріп, жалпы ұғымдар сабақта және сабақтан тыс уақытта практикалық іс-әрекетпен баянды етілуіне қол жеткізуге тиіс.

Түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру жөнінен тиянақты жұмыс жүргізе отырып, ұғымдардың мазмұнын жете түсінуге жету керек, өйткені тек осындай білімдер ғана сенімге айнала алады. Балалардың табиғат объектісі мақсатты қабылдауын ұйымдастырудың маңызды шарты оны көрсетуді мұғалімнің түсіндіруімен ұштастыру болып табылады.

Көрсету табиғатта немесе кинофильм, телехабар қою, қабырға картинасын қарау кезінде, тәжірибе уақытында заттық сабақта өтуі мүмкін. Жұмыстың мұндай тәсілі оқушылардың санасындағы сөз бен табиғат құбылысының немесе объектісінің нақтылы бейнесі арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Мұғалім мұнан басқа оқушылардың табиғат құбылыстары мен объектілерін суреттерден, түрлі жиынтықтар мен гербарийлерден көрсете алуына және олар туралы сол құбылыстың сипатты белгілерін әңгімелеп бере алуына қол жеткізуі керек.

Дүниетану сабақтарында практикалық жұмыстар мен бақылауларға сүйене отырып, балалардың кеңістік жайлы түсініктер мен қарапайым ұғымдарын (көкжиек, көкжиек тұстары, бағдарлау туралы) қалыптастыру қажет.

Сонымен оқушылардың ғылыми білімдерді берік игеруі және ұғымдарының қалыптасуы қабылдау, түсініктер қалыптастыру және олардың мәнін ұғу арқылы өтеді.

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМДЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫН ӨТКІЗУДІҢ
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Құрманбайұлы Ақжол

Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы №276 орта мектептің дене тәрбиесі пәні мұғалімі

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заманғы дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру мен өткізудің тиімділігін арттыру әдістері қарастырылған, соған сәйкес қазіргі оқушы жастардың физикалық дамуы мен физикалық жағдайының сипаттамасы келтірілген. Сондай-ақ, дене шынықтыру сабағында білім алушылардың тиімді білім алу қызығушылығын арттыру мәселелері қарастырылады. Мақалада балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру іс-әрекетіне құндылық қатынасын қалыптастыруға ықпал ететін жетекші себептер келтірілген. Мақалада бар мәселелерді шешудің мүмкін жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: дене шынықтыру сабағы, физикалық жағдайы, қызығушылығы, мотивациясы, мәселелер, шешу жолдары.

Қазіргі дене шынықтыру сабағының тиімділігін арттыру мәселесінің өзектілігі, көптеген факторларға байланысты. Осы факторлардың арасында негізгі болып табылатын өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығы мен дене шынықтыру деңгейі [2, 143].

Қазіргі уақытта отандық жалпы білім беру жүйесі жұмыс істейді. Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарының жиынтығы негізінде, бұл мемлекеттік білім стандарттарының негізгі ережелері, ойлары сапалы болды. Атап айтқанда, түбегейлі айырмашылық қазіргі заманғы әдіс-тәсіл стандарттарының негізгілерін игеруде білім беру бағдарламалары нәтижелеріне байланысты.

Жалпы білім беретін мекемелерде дене шынықтыру сабақтары қазіргі білім берудің негізгі саласы ретінде қарастырылады. Бұл деректерді растай отырып, шетелдік және отандық жалпы білім берудегі оқу жоспарларын талдау, дене шынықтыру жүйесінде маңызды орын алады. Сонымен, отандық жалпы білім беру мекемелерінде білім беру стандарттарына сәйкес «дене шынықтыру» оқу пәнін оқытуға баса назар аудару ұсынылады, аймақтық құзыреттілікте қосымша сағат, ерекше жағдайларда білім беру мекемелерінің құрамдас бөлігі болып саналады.

Бұл деректер біздің елімізде оқушылардың дене шынықтыру сабақтарына көп көңіл бөлетінін көрсетеді. Бұл ереже

мыналарға негізделген, өскелең ұрпақтың дене шынықтырумен айналысу процесінің негізі қаланады – ағзаның дұрыс қалыптасу үшін, рухани және эмоционалды – денсаулықтың толыққанды болуы үшін, оның негізінде жан-жақты және тұлғаның үйлесімділік дамуы үшін. Бұл дене шынықтырудың құндылығын көрсетеді. Қимыл-қозғалыстың тұлғалар мен қоғамдар, оның тәрбиелік және жалпы мәдени маңызы болып табылады. Дене шынықтырудың маңызды элементі – бұл кедергілерді жеңудің негізгі әдістері мен құралдарын қамтиды, әртүрлі заттармен қозғалыс әрекеттерін орындайды [1, 34].

Дене шынықтыру пәні – жалпы білім беру мекемелерінде, тәрбие жүйесіне жүйелі түрде енгізілген және білім мен тәрбиенің негізгі заңдылықтарына сәйкес әрекет етеді.

Сонымен қатар, дене шынықтыру сабақтарының тиімділігі өте жоғары деп санаймыз. Білім беру мекемелерінде ең алдымен, дене шынықтыру сабақтары жүйесінің дұрыс жұмыс істеуінің нәтижелерімен байланысты.

Көптеген дене шынықтыру сабақтарында денсаулық тобына жататын балалардың көп болуы, қазақ еліндегі мектеп жасындағы балалардың денсаулық статистикасын төмендетіп отырғаны бәрімізге белгілі. Осы мәселелерді шешу мақсатында, көптеген іс-шаралардың жүргізіліп жатқанына қарамастан денсаулық тобының

балалары жылдан жылға артып келе жатыр.


Біріншіден, оқушылардың аурушандық деңгейін жылдан жылға артуы. Мысалы, Қазақстанның денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, бірінші сыныпта кейбір денсаулық ауытқулары бар оқушылардың шамамен 15% болса, ал бітіру кезінде бұл көрсеткіш шамамен 50% жетеді. Сонымен қатар, көптеген мамандар, 14 жастағы балалардың үштен екісінде белгілі бір созылмалы аурулар бар екенін айтады. Мәселен, 14 жасқа дейінгі балалардың жалпы сырқаттануы соңғы жылдары 16%-ға өсті, ал 15-18 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар – 18% құрайды.

Екіншіден, оқушылардан өз бетінше ынталандырудың төмен деңгейі байқалады, дене шынықтыру құндылықтарын еркін құрылымда жүйелі қолдану әр түрлі мәліметтерге сәйкес, білім алушылардың тек 10-нан 15% - на дейін жалпы білім беру мекемелері жүйелі түрде дене шынықтырумен айналысады немесе спортпен шұғылданады. Сонымен қатар дене шынықтырудың қажеті жоқ деп, спортпен 35-55% жүйелі түрде немесе өз бетінше айналысу керек деп санайды. Көптеген ұлдар мен қыздардың үштен бірінде тәуелділік бар. Таңертеңгілік жаттығулар-ды үнемі орындайтын балалар мен жасөспірімдердің деңгейі өте төмен, гимнастиканың-олардың үлесі тек 5%, ал жүгіретіндер қатайту процедуралары 7% құрайды.

Үшіншіден, білім алушылардың дене шынықтыру сабақтарына деген тұрақты қызығушылығының жоқтығы байқалады. Сонымен қатар, дене шынықтырумен айналысқысы келмейтін балалар саны артып келеді. Мысалы, бастауыш сыныптарда мұндай оқушылардың үлесі 15-20%-дан аспайды, ал 8-де- 11 сынып оқушылардың 75-85% құрайды [5, 52].

Балалар және жасөспірімдер мектептегі білім беру жүйесінің дене тәрбиесі саласындағы мәселелер (1-сурет).

Мектеп жасындағы балалардың қызығушылығының төмендеуі



Сурет 1. Білім алушылардың дене шынықтыру сабақтарына деген қызығушылықтарының төмендеуі

Құндылық-мотивациялық әсерге теріс әсер ететін факторлардың арасында оқушылардың дене шынықтыру сабақтарына қатынасы келесідей: жалқаулық және елеулі даму жүктемелеріне төзбеушілік, психологиялық қорқыныш ауыр және жаракатқа қауіпті дене жаттығуларын орындау, ұялшақтық және белгілі бір дене жаттығуды орындау процесінде ыңғайсыздық [4, 27].

Осы ережелерге байланысты мәселе өте өзекті болып отыр – қалай жалпы білім беру мекемелерінің білім алушыларының дене тәрбиесімен айналысуға деген ұмтылысын қалыптастыру үшін не қажет? Бұл сұрақтың жауабы, біздің ойымызша, іске асыруды қамтитын төрт негізгі элементтен тұрады.

Бірінші элемент – қол жеткізілетін мақсаттың нақты сипаттамасы ағымдағы процесте оның қолданбалы маңыздылығын түсіндіре отырып, әрекетке түсу.

Екінші элемент – алдағы әрекеттің мотивациясы. Бұл жағдайда Сізге сүйену керек оқушы үшін маңызды мотив, оның өзекті мүдделері аймағында жұмыс жасау.

Үшінші элемент-жетекші мотивтің практикалық іске асырылуы, ол мыналарды ескере отырып орындалады оқушының жеке және жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық-физикалық ерекшеліктері.

Төртінші элемент – бұл оқушы үшін соңғы нәтиже, ол белгілі бір жаттығу

бағыттары жұмысын дене орындағаннан кейін қол жеткізу керек [3, 31].

Жоғарыда айтылғандарға байланысты оң көзқарас пен қызығушылық бар екенін атап өткен жөн. Балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтыру сабақтарына негізделе отырып қалыптастыруға болады, белгілі бір қызмет түріне мотивацияның негізгі принциптері оңтайландыру.

Білім беру мазмұнын жаңартуда қазіргі заманғы дене шынықтыру сабағын оқытуда белсенді болуы, құрылған ынтымақтастық жағдайында жүргізілуі, оқытуды саралау жүзеге асырылуы, оқу процесінде пәнаралық байланыстар жүзеге асырылуы қажет деп болжайды. Жоғарыда айтылғандардан басқа, қазіргі заманғы дене шынықтыру сабағы үшін АКТ қолдану, диалогтық оқыту, оқушылардың қажеттіліктерін ескеру қажет.

Жаңартылған оқу бағдарламасы, ең алдымен, оқушылардың ағзасының, сондай-ақ психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған кезеңдік оқу жоспарын ұсынады. Үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, ол тек үш тілде ғана емес, сонымен қатар үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейді. Жаңа бағдарлама бойынша оқыту оқушылардың жеке гигиенаны сақтау, қауіпсіздік ережелері және салауатты өмір салты принциптері сияқты аспектілерге қатысты білімдері мен түсініктерін тереңдетуге ықпал етеді.

Оқыту мазмұнынан басқа оқу мақсаттары да жаңартылды. Оқыту мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, білім алушылардың жетістіктерін бағалауға және оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік беретін әрбір кіші бөлімде дәйекті түрде ұйымдастырылған.

Дене шынықтыру мұғалімі жаңартылған мазмұн тұрғысынан бірқатар құзыреттіліктердің жоғары деңгейіне ие болуға міндетті: арнайы құзыреттілік (кәсіби қызметпен жеткілікті жоғары деңгейде айналысу және өзінің одан әрі кәсіби дамуын жобалау мүмкіндігі); әлеуметтік құзыреттілік – бірлескен (ұжымдық, топтық) кәсіби қызмет; білім беру құзыреттілігі (кәсіби

білімді, іскерлікті және дағдыларды игеруге қызығушылық), сондай-ақ мәселелерді шешудің ақпараттық, коммуникативтік, құзыреттілігі.

Мұғалім білуі қажет:

- нәтижеге жету үшін оқу мақсаттарын тұжырымдау;
- оқу материалын игеруді ұйымдастыру бойынша оқу процесін құру;
- оқу мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын дайындау;
- оқу үдерісі үшін ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалану;
- оқушылардың озық дамуы үшін жағдай жасау;
- психологиялық жайлылық пен қолдау атмосферасын құру;
- оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға дайындау;
- қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ағымдағы нәтижелерді бағалау.

Өз сөзімізде біз білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыру сабағын жоспарлау мен ұйымдастырудың 1 тәжірибесімен таныстырамыз.

Білім алушылардың қызығушылығын арттыруға оң әсер ететін негізгі себептердің қатарында дене шынықтыру сабағына мыналар бөлінеді: дене шынықтырудың кең ауқымын тәрбиелеу, сабақта өткізілетін белгілі бір жарыстар мен жарыстарда жеңіске жету; таным және оның ағзасының дене мүмкіндіктерін кеңейту; жеке бөліктердің пішінін оңтайландыру, дене және сыртқы тартымдылықты арттыру; кең спектрлі функционалды дайындық, дене мүшелері мен жүйелерінің өзгеруі; білім беру қызметінің сапасын көтеру және белсенді демалыс; білім алушылармен тәрбиешінің қарым-қатынасы, сондай-ақ білім беру процесінде өзара әрекеттесу қызметінің тұрақтылығы.

Осылайша, қазіргі уақытта отандық білім беру жұмыс істейді мемлекеттік білім беру стандартының негізінде, негізгі ережелері сапалы жаңа даму идеялары болып табылатын ұрпақ баланың жеке басының денсаулығы маңызды болып келеді.

Сонымен бірге, жалпы білім беретін мекемелерде дене шынықтыруды оқыту, жалпы білім беру және тәрбие жүйесіне жеткілікті түрде енгізу, білім беру мекемесіндегі мұғалімдер мыналарды талап етеді әр оқушының жас және жеке ерекшеліктерін қатаң есепке алу, сондай-ақ оның мүдделері мен қажеттіліктерін ескеру.

Осыған байланысты жеке және іс-әрекетті жүзеге асыру және білім беру стандарттарының ұсынған сараланған тәсілдермен қамтамасыз ету ықпал етеді, жалпы білім беру мекемелерінің білім алушыларының дене шынықтыру сабағына қызығушылығы және сабақтың тиімділігін арттыру басты мақсат болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Валик Б.В. Ребенок и физические нагрузки [Текст] // Физическая культура в школе, 2006. №2. 68 с.
2. Давыдова С.В. Требования к современному уроку физической культуры в условиях ФГОС [Текст] // Проблемы и перспективы развития образования: материалы VIII Междунар. науч. конф. (г. Краснодар, февраль 2016 г.). Краснодар: Новация, 2016. С. 142-144.
3. Копылов Ю.А. Учитель физкультурной самостоятельности [Текст] // Физическая культура в школе, 2005. №2. С. 27-36.
4. Левин П.В., Терешина Н.С. Методические особенности проведения урока физической культуры в соответствии с требованиями ФГОС второго поколения [Текст] // Человеческий капитал, 2016. №3 (87). С. 26-28.
5. Шеенко Е.И., Польшцев С.В., Сундин А.В. Анализ проблем качества современного урока физической культуры [Текст] // Современные проблемы науки и образования, 2016. №5. С. 47-59.

КАК ЗАИНТЕРЕСОВАТЬ ДЕТЕЙ ПОКОЛЕНИЯ Z КЛАССИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРОЙ?

Казанбай Галия Тлектескызы

*учитель русского языка и литературы СШ №24 им. У. Туктибаева
Кызылординская область, Казалинский район, село Бекарыстан би*

Аннотация

В работе рассматриваются проблемы литературного чтения подростков в контексте теории поколений. В качестве объекта исследования выступают читательская компетентность учащихся 10 классов КГУ средней школы №24 имени Урмаша Туктибаева для реализации технологий и программ создания и регулярного функционирования читательской группы.

Ключевые слова: *клиповое мышление, техника чтения, читательская группа, экран чтения, поколение Z.*

Проблема.

Мир не стоит на месте, времена меняются, и каждому педагогу необходимо выработать свои технологии, методы и приёмы, которые позволят ему найти подход к детям поколения Z.

Актуальность.

Особенно актуальна эта проблема для учителей русского языка и математики, так как нам необходимо не просто передать определённые знания, умения и навыки учащимся, но и подготовить их к государственной итоговой аттестации.

Каждое поколение людей по своей сути уникально. Их сложно сравнивать, так

как взгляды и ценности у них сильно отличаются. Учителя и учеников разделяет

как минимум одно десятилетие, а зачастую 20-30 лет и более. Те технологии и методы работы, которые мы привыкли использовать в своей работе, могут не подходить при взаимодействии с современными детьми. От этого и происходят конфликты между педагогом и учащимися. Так какие же они – современные школьники? И какие особенности преподавания необходимо выработать в процессе обучения таких детей?

Современные школьники – это новое поколение 21 века, которое принято называть «Поколение Z». Они отличаются от всех предыдущих поколений:

- развитой визуализацией,
- коммуникативными способностями,
- интеллектуальным потенциалом.

Кто они? Каковы их задачи в этом мире?

Generation Z (также известное как iПоколение, «Homelanders», «Homeland Generation» или «New Silent Generation») – термин, применяемый в мире для поколения людей, родившихся примерно с 1996-го года. Соответствует Теории поколений, созданной Уильямом Штраусом и Нилом Хоувом. Зачастую термин «поколение Z» рассматривается в качестве синонима термина «цифровой человек. Поколение Z интересуется наукой и технологиями (например, предполагается, что многие представители поколения будут заниматься инженерно-техническими вопросами, биомедициной, робототехникой), а также искусством. Также предполагается, что поколение будет экономным. Современные школьники выросли в среде цифровых технологий, они почти не пишут от руки, общаются с помощью смс-сообщений, знаки препинания практически вытесняются смайликами и стикерами. Такие дети мыслят иначе, они ежедневно общаются с помощью социальных сетей, имеют большое количество виртуальных друзей, создают свои блоги, легко заводят новые знакомства. Мир таких школьников значительно шире, они не привязываются к определённому месту или человеку. Их называют лентяями и эгоцентристами. Не лучшие качества, согласитесь, но работать

с ними нужно. С другой стороны, такие дети талантливы, потому что лучше ориентируются в современном мире. Учителю необходимо лишь направить своего воспитанника в нужном направлении, суметь заинтересовать его, используя те технологии, которые близки, доступны и понятны современному ребёнку.


Дети поколения Z могут анализировать большие объёмы информации, находят оригинальные решения различных проблем, легко справляются с несколькими задачами одновременно. Но родители решали практически всё за таких школьников, поэтому и педагогу необходимо чётко и ясно конкретизировать требуемую задачу, показывать ученику, как и где можно найти её решение.

Понимая, что виртуальная реальность сегодня стала частью нашего мира, с помощью информационных технологий учусь по-новому преподавать, открывать для себя и для детей безграничный мир литературы. Поделюсь некоторыми креативными идеями.

Технологии, предлагаемые мною при обучении поколения Z:

Визуализация информации

Психологи считают, что 80% современных школьников визуалы и только 20% аудиалы и кинестетики. Основной канал, по которому человек получает информацию, – это зрение. Визуализация – вынесение мыслеобразов из внутреннего плана во внешний план в процессе познавательной деятельности – является одним из самых эффективных методов в обучении. Информация, представленная в виде ярких образов, усваивается гораздо лучше. Особенно важно, что метод визуализации помогает лучше доносить информацию до учеников, имеющих трудности с её восприятием. Речь идет не только о детях с ограниченными возможностями здоровья, но и о детях мигрантов. У детей, для которых русский язык не является родным, сформирована иная языковая картина мира, и поэтому им трудно понимать и запоминать материал в абстрактной форме. А вот изображение понятно всем и воспринимается всеми



С ребятами мы работаем в специальном сервисе Coggle. Над интеллект-картой можно работать в режиме реального времени. Это для детей по-настоящему увлекательно и интересно.

Взаимодействуя с интеллект-картами, мы с ребятами не скучаем, потому что широко используем ассоциации, спорим, ищем и находим ответы, схематично делая каркас. Какие-то из идей принимаются учениками без возражений, какие-то отвергаются, а иногда ребята предлагают свой способ: – Галя Тлектесовна, так лучше!

Карту можно без труда дополнить или изменить. В результате информация будет воспроизводиться быстрее и лучше. На запоминание и повторение тратится меньше времени по сравнению с традиционным конспектом, а воспроизведение становится более осмысленным.

Путешествуем виртуально

Мы с ребятами «объехали» десятки

музеев мира, часть из которых – литературные.

Онлайн-маршруты по дорогам русской классики помогают пролагать всевозможные сайты. Один из любимых – платформа «Литературный экспресс». Классики русской литературы здесь представлены в видеолекториях, онлайн-тестах, путеводителях по коллекциям Государственного музея истории и русской литературы имени В.Даля.

На сайтах можно пройти тесты по изученному материалу. Часть заданий мы выполняем на уроке, часть ребята делают самостоятельно дома.

Работаем с картами Google Maps

Многие произведения школьной программы строятся по принципу «роуд муви» (англ. road movie – «дорожное кино»). Это перемещение из точки А в точку Б. Как правило, при прочтении произведения ребятам бывает трудно запомнить эти перемещения. С помощью технологий есть возможность составить карту передвижений героев. Да и рисовать интереснее, чем писать: «Печорин приезжает в Пятигорск и нанимает квартиру «у подошвы Машука». «По мнению физиологов, исчезновение интереса к чтению связано и с затруднениями или невозможностью визуализировать созданный автором образ, что подсознательно дает ощущение бессмысленности самого процесса чтения. Кроме того, ученик и учитель могут иметь совершенно разное представление о тех или иных образах, и у этой разницы, возможно, будут вполне конкретные физиологические причины». Следовательно, заинтересовать современных подростков чтением возможно, используя различные новые ИКТ-технологии в своих предметах. В связи с этим необходимо объединять современные увлечения школьников с той культурой, которую необходимо им привить.

Не представляю уроки литературы без визуального сопровождения. С его помощью возможно максимально наглядно визуализировать объект или процесс, создать настроение и передать эмоции,

применить приёмы для развития визуального мышления.

Возьмём, к примеру, первый урок при изучении произведения. Сейчас стали популярны буктрейлеры по книгам, их множество можно увидеть в интернете.

Просмотр 2-3 минутного ролика поможет определить с детьми цели в изучении произведения, наметить основные этапы работы над ним. А главное, сможет вызвать у учащихся интерес к произведению, желание его прочитать. В своей практике я использовала буктрейлеры по книгам: А. Грина «Алые паруса», В. Шекспира «Ромео и Джульетта»

Нельзя не использовать в наше время видеоролики с исполнением произведений лирики известными актёрами, в том числе и современными. Это может быть видеоряд картин природы или других иллюстраций со звучащим за кадром голосом актёра, а может быть и видеосъёмка выступления с концерта.

Таким образом, визуализация учебной информации на уроке позволяет мне решать целый ряд педагогических задач и, прежде всего:

- активизацию познавательной деятельности;
- развитие визуального мышления;

- обеспечение интенсификации обучения.

А также повышение визуальной грамотности и визуальной культуры.

Перечисленные выше техники визуализации можно использовать на различных этапах обучения: при объяснении нового материала; при повторении; при закреплении; при контроле и систематизации; при обобщении; при выполнении домашних заданий, заучивании наизусть; при работе с текстом произведения; при самостоятельной работе, а также при подготовке к экзаменам, кроме этого визуализация применяется в групповых, коллективных и индивидуальных формах организации работы на уроке. Нестандартно подготовленные задания позволяют поддерживать активность класса и интерес обучающихся к предмету.

В заключение хочется подчеркнуть, что применение визуальных техник на уроках имеет ряд преимуществ: чередование видов деятельности, способов подачи информации позволяет активизировать различные каналы восприятия, способствует повышению внимания и росту активности учащихся на уроке, снижает утомляемость. Урок становится более ярким и интересным.

Список используемой литературы

1. <https://www.youtube.com/watch?v=7VITfwloufo>
2. http://sch1429c.mskobr.ru/mass_media/mass_media_article/vizualizaciya_ffektivnyj_meto_d_obucheniya_na_urokah_russkogo_yazyka/
3. <https://multiurok.ru/files/ispol-zovaniie-priiomov-vizualizatsii-uchiebnogh-1.html>

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ФОРМИРОВАНИИ ЯЗЫКОВЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО И ЛИТЕРАТУРЫ

Мусаева Г.С.

*Учитель русского языка и литературы СШ №182.
Кызылординская область, Казалинский район, село Басыкара*

На сегодняшний день существуют немало проблем в преподавании русского языка и литературы в национальной школе, не все выпускники могут излагать свои мысли, обосновывать выводы, поддер-

живать диалог на заданную тему, тем более, грамотно писать на втором языке. По мнению многих экспертов в области преподавания языков, школьное обучение языку не должно сводиться к тому, чтобы

подготовить грамотного ученика в узком понимании этого термина, что практически ограничивается натаскиванием в овладении орфографических навыков и умений. Необходимы кардинальные перемены по переходу от информативно-рецептивных методов обучения к поисково-эвристическим методам, которые используют предыдущие знания и навыки обучающихся при активном обучении. Таким образом, деятельность современного учителя невозможна без использования современных образовательных технологий в процессе обучения предмету. Поэтому в педагогической деятельности каждого учителя особое место занимает изучение и внедрение в образовательный процесс инновационных методов обучения.

Педагогическое творчество чаще всего состоит в том, что учитель испытывает уже испытанное другими, но применительно к условиям своей школы, с учетом особенностей конкретного класса или каждого обучающегося в отдельности. Самая хорошая и проверенная методика может не сработать в определенном классе, так как всё наработанное наукой, учитель тщательно «просеивает», отбирая то, что помогает ему достичь наилучших результатов, внося свои коррективы и достижения.

Основная цель обучения русскому языку в школах с нерусским языком обучения – помочь учащимся овладеть знаниями о русском языке и его богатствах, вооружить учащихся умениями и навыками свободного пользования устной и письменной речью. В то же время, в своей педагогической деятельности, я не хочу ограничиваться знаниецентрическим подходом, глубоко понимаю, что важно не только передавать знания по предмету, но и формировать у учащихся большой интерес к изучению русского языка.

Решение поставленных задач вышеизложенной проблемы потребовало от меня применения новых приемов и методов в учебной деятельности, способствующих формированию языковых навыков, коммуникативной культуры, жизненных ценностей. Особо важным является конструирование с интеграцией содержания образо-

вания, методов обучения, формы работы и инструментов оценивания. Это задача очень сложная, которая требует комплексного подхода к планированию урока, применения системно-деятельностного подхода, в котором все аспекты урока подчиняются к целям обучения.

В реализации обновленной программы всегда поднимается вопрос об обновлении средств обучения и оценивания результатов обучения. Это не только новые технические средства обучения, но и новые подходы к организации процесса обучения.

Главная задача учителя на уроках русского языка и литературы состоит в том, чтобы создать благоприятные условия для практического овладения языком для всех обучающихся, выбрать такие методы обучения, которые позволили бы каждому ученику продемонстрировать результат своего обучения. А также расширить возможность практиковать навыки слушания, говорения и чтения посредством взаимобучения, взаимодействия и взаимооценивания.

Значительное место в обучении языку принадлежит коммуникативному методу. Метод направлен на развитие у учащихся умений решать коммуникативные задачи средствами того или иного языка, свободно общаться с его носителями.

Коммуникация, или общение – это форма деятельности, осуществляемая между людьми как равными партнерами и приводящая к возникновению психического контакта, проявляющегося в обмене информацией, взаимовлиянии, взаимопереживании и взаимопонимании [1, 35].

Удовлетворению речевого общения в педагогическом процессе способствуют хорошие ответы учащихся на уроках, отличающиеся логикой, содержательностью, экспрессивностью, адекватностью выражения мысли. Использование на уроках активных методов как «Аллея мнений», «Лошадь и жокей», «Диалоговое поле», «Паутинная нить» способствуют формированию навыков говорения, так как учащимся предоставляется возможность общения и взаимообучения в непринужденной обстановке. Эффективность мето-

дики заключается в том, что обучение больше приобретает самостоятельный характер. Системное применение активных стратегий может повлиять и на качество обучения, и на формирование новых навыков у учащихся.

Для формирования навыков чтения используются активные стратегии как «Сюжетная таблица», «Персонаж на стене», «Классификация бриллиант», «Ментальная карта», «Хронологическая таблица» и многие другие. Каждая из данных стратегий работает на формирование навыков чтения, так как во время чтения обучающийся не раз возвращается к источнику информации, читая и перечитывая текст, извлекая необходимую информацию, делая логические заключения и выводы.

При организации учебного процесса далеко не последнее значение имеет форма работы: коллективная, групповая, парная, индивидуальная. Формированию речевых навыков в педагогическом процессе способствуют диалоговые формы работы, в которых сверстники проводят обучение, моделируют лучшие работы, получают поддержку или просто практикуют навыки. Диалоговое самостоятельное обучение дает возможность избежать из негативных сторон, где учащиеся стесняются выражать свои мысли, нежелание спрашивать перед всем классом, отсутствие речевой практики и т.д. Также имеются определенные причины, способствующие снижению желания высказываться. Ими могут быть бедный словарный запас, узкий кругозор, сложность выбора слов и нужных слово-сочетаний. Таким образом, получается замкнутый круг, когда те учащиеся, которые испытывают трудности в общении, в силу своей замкнутости еще больше замыкаются в себе и не практикуют возможность общения и обобщения.

Обновленная программа дает возможность понять, что на уроках, как правило, мы не создаём речевую практику не только менее способным, но даже и более способным школьникам. Проверка знаний учащихся до внедрения обновленной программы, в основном, проводилась через

тестирование, где у школьников ограничивается круг возможностей по развитию речевой деятельности. И получается, что и менее, и более способные школьники из-за отсутствия речевых умений обнаруживают все большее отставание по многим предметам. Отсюда и проявляются причины неумения выражать свои мысли, нежелания говорить на уроке, отсутствия должной речевой практики, которые приводят к снижению качества обучения и уровня общения в социуме. Потребность в общении всегда наблюдается и восполняется она разговорами со сверстниками, часто на не соответствующем уровне культурной речи.

В школе сложилось представление, что основную нагрузку по формированию всей системы речевых умений несут на себе филологи и учителя иностранных языков. Однако речевая деятельность не может быть сведена только к лингвистике.

Учить проникать в слово, воспитывать речевую чуткость – первоочередная задача любого учителя-предметника, так как слово – инструмент глубокого и тонкого процесса познания и выражение знания любого ученика. Работа над развитием речи, над речевой культурой – важнейшая педагогическая задача межпредметного характера [2, 51].

В совершенствовании речевой деятельности особое место занимает создание учителем целенаправленных ситуаций для максимального проявления всех его возможностей.

Многие речевые ситуации побуждают мыслительные процессы учащихся, их эмоции, воображение, заставляют учеников хорошо выразить, то что они поняли, изучили, стимулируют речевую активность раскрывают возможности школьников, создают атмосферу непринужденных отношений, еще большего доверия и расположенности между учителем и учащимися, требуют посильной самостоятельности мышления.

Наиболее значимыми ситуациями общения являются те, которые позволяют более основательно проникать в процесс познания с помощью речевой деятельности

и развивать познавательные процессы школьников.

Назовем некоторые из них.

1. Проблемные ситуации, которые ставят учащихся перед противоречиями и необходимостью поиска выхода из них.

2. Ситуации, способные активизировать речевую деятельность и ее совершенствование, дискуссии по вопросам, не имеющим единого решения.

3. Ситуации, требующие выразительности речевых форм.

4. Ситуации, речевой деятельности выражаются в игровых формах (ролевые игры).

Таким образом, язык усваивается во время естественного общения, организатором и участником которого является учитель. При этом ученик выполняет роль субъекта этого общения и постоянно должен действовать. Учащимся предлагаются задания, в ходе выполнения которых систематически развиваются все основные языковые навыки (аудирование, устная речь, чтение и письмо).

Основная задача учителя – укрепить уверенность учащихся. Во время урока, в основном, делу учащихся на пары. После выполнения задания предлагается возможность сверить ответ с одноклассником. Обучение происходит «от простого к сложному». С поддержки учителя и своих одноклассников всегда можно увидеть продвижения в знаниях и учебных умениях. Диалог в паре предполагает восприятие участниками педагогического процесса себе как равных партнеров, субъектов взаимодействия.

Мыслительная деятельность, как существенный признак интерактивных методов, заключается в организации интенсивной мыслительной деятельности педагога и учащихся. Смысловое творчество является процессом осознанного создания учащимися и педагогом новых для себя смыслов, содержания предметов и явлений окружающей действительности по обсуждаемой проблеме. Свобода выбора учащихся и педагога состоит в их сознательном регулировании и активизации своего поведения, педагогического взаимодействия,

которые способствуют оптимальному развитию, саморазвитию [3, 49].

Интерактивные методы, при целевом и умелом использовании, выполняют различные функции:

- создания благоприятной атмосферы, организации коммуникации;
- организации обмена мыслительной деятельностью;
- организации творческой работы;
- организации рефлексивной деятельности.

Методы создания благоприятной атмосферы, организации коммуникации своей процессуальной основой имеют «коммуникативную» атаку, осуществляемую педагогом в самом начале организуемого педагогического взаимодействия. Примерами таких методов могут быть: «Диалоговое окно», «1 цель и 2 задачи», «Найди разницу», «Динамический круг».

Методы организации обмена деятельностью предполагают сочетание индивидуальной и групповой совместной работы участников педагогического взаимодействия. Ведущим признаком этих методов является объединение учащихся в творческие группы для совместной деятельности как доминирующего условия их развития. Например: «Интервью», «ДЖИГСО», «4 предложения». Методы организации смыслового творчества ведущей функцией имеют создание учащимися и педагогом нового педагогического процесса, создание учащимися своего индивидуального смысла изучаемых явлений и предметов, обмен этими смыслами, обогащение своего индивидуального смысла.

Применение рефлексивных методов на уроках благоприятно способствует на формирование навыков самоанализа, самооценки у участников педагогического процесса. Но рефлексия может осуществляться не только в конце урока, но и на любом его этапе. Она должна быть направлена на осмысление всех целей и задач, на построение смыслового значения, важности, полученных знаний. Например: «Рефлексивная минута», «Газетная статья», «Карта историй», «Заверши фразу».

Использование интерактивных методов побуждает учителя к постоянному самосовершенствованию, профессиональному развитию, а детей увлекает содержанием, активными методами, ориентированными на использование личного опыта.

Благодаря подходам и методам обновленной программы мои уроки становятся уроками сотрудничества, где процесс обучения неразрывно связан с формированием новых навыков и умений.

Использованная литература:

1. Григорьева Т.Г., Минская Л.В., Усольцева Т.П. Основы конструктивного общения: Методическое пособие для преподавателей. - Новосибирск, 1997.
2. Чеботарева И.Г., Гришан И.А. Современные методы преподавания.
3. Власова Н.В. Речевая деятельность как основа коммуникативной компетенции.

ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ТАЛДАУДАҒЫ ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Иманқалиева Күміскүл¹, Тоқшылықова Зухра²

¹Қызылорда облысы Жалағаш аудандық білім бөлімінің әдіскері,

²№124 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Әдеби білім беру сатысында лирикалық шығармалар кеңінен оқытылады. Дегенмен осы тектес шығармаларды оқытудың мақсат-мүддесі, әдіс-тәсілдері әр сыныпта әртүрлі. Көркем сөзбен жасалатын өмір көріністерін түсінуге, сол арқылы қоршаған орта ерекшеліктерін жете тануға көмектеседі. Өлеңді түсініп оқуға, жүргізіп оқуға, жаттауға бейімделеді. Сондықтан лирикалық шығармалардың дені жаттауға лайықталады да, оның беріктігін қалыптастыруға өзіндік күш салады. Өлеңнің, өнердің сиқырлы күшін, көркемдік ерекшелігін, кең дүниетанымын байқауға болады. Сол арқылы оқушыларға эмоциялық ықпал етуге, сезім күйін тәрбиелеуге, шығармашылыққа жол ашады.

Лирикалық шығармалар белгілі бір тұлғаның әдеби мұрасына қатысты оқытылады. Оқушылар өлең мағынасы мен мәнін, тақырыбы мен идеясын, лирикалық қаһарманның сезім толқынын ұғынуға, өзінше ой толғап, пікір пайымдауға, салыстырулар мен сыни көзқарастарға көбірек назар салады. «Лирика мылқау түйсікке тіл бітіріп, образ береді, оларды ыстық кеуденің қысымынан көркем өмірдің тың ауасына шығарып, өзгеше өмір сүргізеді» - деп лирикалық шығарма табиғатын айқындай түседі.

Әдеби мәтіндердің ішінде лирикалық шығармаларды талдау мен тану өте күрделі. Әйтсе де лирикалық шығармаларды талдап танудың, оқытудың жалпыға ортақ заңдылықтары мен белгілі бір әдістемелік жүйесі болуы керек. Лирикалық шығарма табиғаты эпикалық, драмалық шығармалардан өзгеше. Лирикалық шығармалардың жанрлық ерекшелігін сипаттайтын еңбектер көп. Лирикалық шығарма көлемі жағынан шағын болып келеді де, эмоцияға, сезім күйге құрылады. Лирикалық шығармада ақынның дүниетанымы, сыртқы ортаны, өмір құбылыстарын елестетуі мен сезінуі, өзіндік ой жүйесі образды сөздің қуатымен өрнектеледі.

Лирикалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері мен олардың жанрлары туралы ұғым түсінікті оқушыларға мектеп қабырғасында қалыптастыру көзделеді. Аталған ерекшеліктеріне байланысты лирикалық шығармаларды оқыту әдіс-тәсілдері де түрліше болмақ. Лириканың жанрлық ерекшеліктеріне байланысты оқытудағы кездесетін қиындықтар мен кемшіліктер туралы әдістер-ғалым Г.Құрманбаева өз мақаласында: «Мектепте өлеңді оқыту өте оңай сияқты. Прозалық не драмалық шығарма емес, оқуға жеңіл» - деп

ойлаймыз. Ал шын мәнінде поэзияны, яғни өлеңді оқыту қиынның-қиыны, оның себебі:

- Кей мұғалім өлеңді өзі сүймейді;
- Оқушыны өлең өмірге ендіре алмайды;
- Өлеңдер бір сарында өтіледі;
- Өлеңді сауатты талдай алмайды;

Міне, осыдан бала өлеңге қызықпайды, әдебиетші мұғалімге поэзиялық шығармаларды оқыту едәуір қиынға соғады. Тұтас 45 минут бойы өлеңнің әр тармағындағы, шумағындағы ойды жеткізуде, талдауда ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушыны ой тереңдігіне бойлата білу керек» - дейді.

Поэтикалық мәтінді зерттеген ғалымдар поэтикалық тілдің табиғатын жан-жақты қарастырады. Көркем мәтінге филологиялық талдау жасаған ғалымдар поэтикалық мәтінде ой өрнегі бірнеше формада көрініс табатынын айтқан.

Өлеңдегі графикалық форма (тармақ, шумақ, мәтіннің жазылу қалпы мен түсі)

Өлеңнің дискурстық формасы (екпін, қарқын, ырғақ, әуенділік)

Өлеңнің фонетикалық формасы (өлеңнің мағыналық құрылымы)

Өлеңнің тілдік формасы (поэтикалық, мәтіндегі тіл бірліктері)

Мәселен, Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқаны хан – сұлтандарға деген кекті ашу-ызадан туған сөздер. Өлеңді оқығанда ақынның қандай көңіл-күйінен туындаған не сол сөзді айту үстінде оның жанын тербеген сезімнің көрінісі байқалғандай болады.

Өзекті жанға бір өлім,

Ордаңды талқан қылып шабармын...

Күндердің күні болғанда,

Бас кесермін жасырман...

деген жолдарынан Баймағанбет сұлтанның алдында тұтқын дәрежесінде тұрып-ақ қаймықпай, көтеріліс қолбасшысына сай халықтың қайнаған кегі мен өшпенділігін білдіретін ерлікті аңғаруға болады. Сол дәуірде бұл мәселеге Махамбетпен ешкім таласа алмайды. Сондай-ақ, Фариза Оңғарсынованың «Құлыншағын сөйледің. Шықты-ау тілің!» деген өлеңіне назар салсақ:

Отан деген не? - дейсің, ұлым, маған

Ол – ғұмырлы анаң

Жөргегіңнен жаныңа сіңіп қалған

Әнің мен жырың, балам!

Отан – мынау, өз үйің, қара, жаным,

Ойнаған дала, бағың.

Атаң шыққан бұл үйден, әкең шыққан,

Өскен мұнда баяғы бабаларың.

Бұл өлеңді ақынның жеке ойымен, сезімімен сәйкес келіп отыр деп қабылдау міндетті емес, ақын ана мен бала арасындағы диалогты психологиялық құрал ретінде қолдана отырып, кейіпкерлер атынан Отан деген ұғымның мағынасын анықтайды.

Лирикалық шығармаларды 5-8 сыныптарда оқытуда мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

- Лирика туралы әдеби-теориялық ұғым беру;

- Өлеңге үлестірме-нұсқау ұсыну;

- Поэтикалық көркем тіліне назар аудару;

- Өлеңді сазды, мәнерлі әуенмен ерекше көңіл бөліп оқыту;

- Тақырыпқа сай өнер туындыларын үйлесімді пайдалана білу;

- Өлеңдегі ақынның көңіл-күйін, сезімін бағдарлату;

- Шығармашылық сипаттағы әдіс-тәсілді пайдалану;

Мысалы Абайдың «Күз» өлеңін талдаудың кіріспесінде оқушыларға үлестірме-нұсқауды пайдаланып әңгіме жүргізеді. Оқушы оқып болғаннан кейін, мәтінмен жұмыс жүргізеді. Талдау сұрақтары:

- Ақынның күз көрінісін қандай сөздермен бейнелеген?

- Өлеңде тек күз суретін ғана берген бе?

- Адам тірлігі қалай бейнеленген?

- Күз суреті неге сонша жабырқаңқы берілген?

«Күз» өлеңін өту барысында Левитанның күздің сөзбен салынған бояуын салыстырып, сол арқылы ақын мен суретші үндестігі, оның негізгі себебін анықтау жұмыстарын жүргізу өте тиімді.

Көркем пейзажды беруде І. Жансүгіров шығармалары ерекше көзге түседі. «Ағынды менің, Ақсуым» өлеңінде ақынның

туған жерге деген сезімі табиғаттың жеке бөлшегі болып отырған суына да жан бітіргендей болады. Ақсу өзенінің табиғи ерекшелігі ақын жасаған кейіптеу арқылы еркін ашыла түседі.

...Тұнжыраған торғын түн
Төндім сұлу суына
Таңырқап тау, тас тамсанып
Жымиды жұлдыз мұныма.
Сүмиген сүңгі сұрша тал
Шомылды таудың суына.

Бұл өлеңде шебердің назарына ілінген көркем детальдар «торғын түн», «тау-тас», «жұлдыз», «сүңгі тал», «сұрша тал» ақынның сезімімен жанды дүниеге айналады. Көркем пейзаждың фондында автордың ішкі әлемі, сезімі, ой-түйсігі мен өзіндік құндылықтары бедерлене түседі. Лирикалық кейіпкер ақынның әр өлеңде әр қырынан, әртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы нақты көрініс табады. Лирик ақын қоғам, уақыт, адам туралы толғанғанда «Мен», «Біз» дей

отырып, сол ортаның өкіліне айналып, заман, дәуір келбетін аңғартады. Лирикалық қаһарманның басты ерекшелігін айқындайтын ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеялары, өмір құбылыстары, дәуірді, халық тағдырын өзінше түсініп-түйсінуі.

Қорыта келгенде, лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарын айқындай отырып, әр мәтінді талдаудың өзіндік жүйесін жасау қажеттігі туындайды. Ең бастысы – мұғалімнің автордың айтпақ ойы мен сезімін түйсініп-түсінуі. Мұғалім мәтінді талдап тану арқылы автор ойына, болмысына жақындайды. Сол арқылы оқушыларды да дұрыс арнаға бағыттай алады. Мәтін талдау мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы мен ізденісін, танымы мен талғамын, өзіндік көзқарасы мен пікірін, танымға бағытталған түрлі іс-әрекеттерінің жетілуін қажет ететін күрделі үдеріс болып есептеледі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Фариза Оңғарсынова лирикасы. Элективтік курсқа арналған оқу құралы - Орал: «Шұғыла Принт», 2019. - 222 б
2. Ақшолоқов Т. Шығарманың кәркем айшықтарын таныту /әдістемелік құрал/ А., Рауан, 1994.
3. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Жұмақаева Б.Д. Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.
4. С.Ә.Қалқабаева. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ. e-mail: sk.61@mail.ru Көркем образ поэтикасы

ГЕОМЕТРИЯДА ПИФАГОР ТЕОРЕМАСЫН ҚОЛДАНУ

Мняжова Гулжахан Абдреймовна

Қызылорда облысы, Арал ауданындағы №292 орта мектептің математика пәні мұғалімі

Мектеп геометрия курсына Пифагор теоремасының орны ерекше. Стереометрия курсына да есеп шығаруда Пифагор теоремасын қолданып шығарылатын есептер бар. Сондықтан да Геометрия курсының 8-сыныбында оқытылатын Пифагор теоремасын оқушылардың игеруі және есеп шығару барысында өз бетінше қолдана білуін үйренсе, жоғары сынып геометриясында және аудан табу есептерін шығаруда қиналмай есептеу жұмыстарын өз бетінше орындайды. Теореманы ежелгі

грек математигі б.э.д.580-500ж өмір сүрген Пифагор ашқан. Ежелгі аңыздарда Пифагор өзінің ашқан теоремасын өгіз сойып тойлаған деп айтылады. Пифагор теоремасы былай айтылады:


Тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасының квадраты катеттерінің квадраттарының қосындысына тең болады. $a^2+b^2=c^2$ (дәлелдемесі оқулықта жазылған).


Теореманы дәлелдей отырып, оны есеп шығаруда қолдану жолдары көрсетілген карта оқушыларға таратылып бері-


леді. Әрбір оқушы сыныпта орындалатын тапсырмаларды және үй жұмысы тапсырмаларын осы карталардың көмегімен орындайды. Бұл теореманы қалай игергендігін өзіндік жұмыстар мен тест тапсырмаларын беру арқылы анықтауға болады. Осындай мақсатта құрылған карта мен тапсырмалар өзге де әріптестеріме көмек болар деген оймен ұсынып отырмын.




Пифагор теоремасына сай құрылған кесте үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Негізгі тақырыптар» бөлімінде теореманы қолданып шығарылатын есептердің формулалары берілсе, екінші бөлім «Есептердің шығарылу жолдары» деп аталады. Бұл бөлімде есептердің шығарылу жолдары көрсетіледі. Оқушылар көбінесе осы бөлімнен есептері шығаруда ұқсас есептері қарап, сол есептердің жолымен өз бетінше есеп шығаруға ұмтылады. Үшінші бөлім «Еске түсіру» деп аталады. Бұл бөлім төменгі сынып материалдары мен өтілген тақырыптарда есеп шығару барысында кездесетін ережелер мен анықтамаларға арналған. Тек есеп шығару мақсатына арналған кестені технологиялық карта деп атадым немесе «Үй репетиторы» деп атаса да болады.



**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА
«ПИФАГОР ТЕОРЕМАСЫ»**

Негізгі тақырыптар:	
<p>1. Пифагор теоремасы. В $\triangle ABC$ –тік \perp \triangle. $\perp C=90^\circ$ а с $AB^2 = AC^2 + BC^2$ $AB = \sqrt{AC^2 + BC^2}$ С А $c^2 = a^2 + b^2$; $c = \sqrt{a^2 + b^2}$; $a^2 = c^2 - b^2$; $a = \sqrt{c^2 - b^2}$; $b^2 = c^2 - a^2$; $b = \sqrt{c^2 - a^2}$;</p> <p>2. Үшбұрыштың бір қабырғасының квадраты қалған екі қабырғасының квадраттарының қосындысына тең болса, онда үшбұрыш тік бұрышты болады (кері теорема)</p>	
Есептердің шығарылу жолдары	
<p>1-мысал: Бер: $a=3$ см; $b=4$ см; Т.к: $c=?$;</p>	

<p><i>Шешуі:</i> $c = \sqrt{a^2 + b^2} = \sqrt{3^2 + 4^2} = \sqrt{9 + 16} = \sqrt{25} = 5$; <i>Жауабы:</i> $c=5$ см;</p> <p>2. Бер: $c=13$ см; $a=5$ см; Т.к: $b=?$</p> <p><i>Шешуі:</i> $b^2 = c^2 - a^2$; $b = \sqrt{c^2 - a^2} = \sqrt{13^2 - 5^2} = \sqrt{169 - 25} = \sqrt{144} = 12$ <i>Жауабы:</i> $b=12$ см; В</p> <p>3. Бер: $a:b=3:4$; $c=25$ см Т.к: $a=?$; $b=?$ а с <i>Шешуі:</i> $a=3k$; $b=4k$ $(3k)^2 + (4k)^2 = 25^2$ $9k^2 + 16k^2 = 625$; $25k^2 = 625$; $k^2 = \frac{625}{25} = 25$; $k = \sqrt{25} = 5$; $a = 3 \cdot 5 = 15$ см; $b = 4 \cdot 5 = 20$ см;</p>	
---	---

Еске түсіру	
<p>1. $x^2 = a$ теңдеуін шешу. $x^2 = a$; $x = \sqrt{a}$ 2. $a^2 - b^2 = (a-b)(a+b)$ 3. $ax^2 + bx + c = 0$ $D = b^2 - 4ac$; $x = \frac{-b \pm \sqrt{D}}{2a}$</p>	
Негізгі тақырыптар:	
<p>2. ABCD-тік төртбұрыш. $AB = CD$; В С $BC = AD$; ; AC-диагональ. ABC- тік $\perp \triangle$ $AC^2 = AB^2 + BC^2$ А Д $AC = \sqrt{AB^2 + BC^2}$;</p>	
Есептердің шығарылу жолдары	
<p>Бер: ABCD-тік төртбұрыш. $AB=12$ м; $BC=16$ см; В С Т.к: $AC=?$ <i>Шешуі:</i> ABC-тік $\perp \triangle$; $AB^2 + BC^2 = AC^2$ А Д $AC^2 = 12^2 + 16^2 = 144 + 256 = 400$; $AC = \sqrt{400} = 20$ см; $AC=20$ см</p>	
Еске түсіру	
<p>ABCD-тік төртбұрыш; $AB = CD$ $BC = AD$; $P = 2AB + 2BC$</p>	

Негізгі тақырыптар:	
3) $\triangle ABC$ -тең бүйірлі үшбұрыш $AB=BC$; BD -биіктік. $AB=BC=b$ $AC=a$; $AD=\frac{AC}{2}=\frac{a}{2}$ $\triangle ABD$ -тік $\perp \triangle$; $BD=?$ $A \quad D \quad C$ $AB^2 = BD^2 + AD^2$; $BD^2 = AB^2 - AD^2$ $BD = \sqrt{AB^2 - AD^2} = \sqrt{b^2 - (\frac{a}{2})^2}$	
Есептердің шығарылу жолдары	
Бер: $\triangle ABC$ -тең бүйірлі үшбұрыш. $AB=BC=10$ см; $AC=16$ см; Т.к: $BD=?$ Шешуі: $\triangle ABD$ $AD = \frac{AC}{2} = \frac{16}{2} = 8$ А Д С $BD^2 = AB^2 - AD^2 = 10^2 - 8^2 = 100 - 64 = 36$ $BD = \sqrt{36} = 6$ см; Жауабы: $BD=6$ см.	
Еске түсіру	
B	
$A \quad D \quad C$ $\triangle ABC$ -тең бүйірлі \triangle . BD -медиана, әрі биіктік, әрі биссектриса.	
Негізгі тақырыптар:	
4. а) $ABCD$ -ромб B $\triangle AOB$ -тік $\perp \triangle$ $AB^2 = AO^2 + BO^2$ А С $AO = \frac{AC}{2}$; $BO = \frac{BD}{2}$; ә) $ABCD$ -ромб; D $\triangle AOB$ -тік $\perp \triangle$; $AO^2 = AB^2 - BO^2$; $AO = \sqrt{AB^2 - BO^2}$; $AC = 2 * AO$;	
Есептердің шығарылу жолдары	
Бер: $ABCD$ -ромб B $AC=16$ дм; $BD=30$ дм; Т.к: $AB=?$ А С Шешуі: $AB^2 = AO^2 + BO^2$ $AO = \frac{AC}{2} = \frac{16}{2} = 8$; D $BO = \frac{BD}{2} = \frac{30}{2} = 15$; $AB^2 = AO^2 + BO^2 = 8^2 + 15^2 = 64 + 225 = 289$ $AB = \sqrt{289} = 17$ дм;	

Еске түсіру	
B	
A	
D $AB=BC=CD=AD$ $AC \perp BD$; $P=4AB$ АС, BD – биссектриса	
Негізгі тақырыптар:	
5) $ABCD$ -квадрат. $B \quad C$ AC -диагональ $AC=d=a$; $AB=?$ ABC -тік $\perp \triangle$; $A \quad D$ $AC^2 = AB^2 + BC^2$; $AB=BC=x$; $a^2 = x^2 + x^2$; $a^2 = 2x^2$; $x^2 = \frac{a^2}{2}$; $x = \sqrt{\frac{a^2}{2}}$	
Есептердің шығарылу жолдары	
Бер: $ABCD$ -квадрат; $B \quad C$ $AC=10$ см; Т.к: $AB=?$ $AC^2 = AB^2 + BC^2$; $A \quad D$ $x = \sqrt{\frac{a^2}{2}} = \sqrt{\frac{10^2}{2}} = \sqrt{\frac{100}{2}} = \sqrt{50} = \sqrt{25 * 2} = 5\sqrt{2}$; $AB = 5\sqrt{2}$ см;	
Еске түсіру	
1. СЫЗЫҚТЫҚ теңдеуді шешу: $ax = b$; $x = \frac{b}{a}$; 2. Көбейткішті түбір белгісінің алдына шығару.	
Негізгі тақырыптар:	
б) $ABCD$ -тең бүйірлі трапеция. $AB=CD$ В С $\perp A = \perp D$ Т.к: $BE=?$ Шешуі: $BE^2 = AB^2 - AE^2$ $BE = CF$; $A \quad E \quad F \quad D$ $BE=?$ $BE \perp AD$; \triangle : $\triangle ABE = \triangle CFE$; $AE = FD = x$; $BCFE$ -тік төртбұрыш. $BC = EF$; $AD = AE + EF + FD$; $AD = x + EF + x$; $AD = 2AE + EF$; $AD - EF = 2AE$; $AE = \frac{AD - EF}{2}$; $BE = \sqrt{AB^2 - AE^2}$	

Есептердің шығарылу жолдары

Бер: ABCD-тең бүйірлі трапеция.

AB=CD=4 м; BC

BC= 5 м; AD=11 м

Т.к: BE=?



Шешуі:

$$BE^2 = AB^2 - AE^2$$

BE=CF; BE=? A E F D

$\angle E = \angle F$; $\triangle ABE = \triangle CFD$; $AE = FD = x$;

BCFE-тік төртбұрыш; $BC = EF$; $EF = 5$ м

$AD = AE + EF + FD$; $AD = x + 5 + x$;

$$2x + 5 = 11; 2x = 11 - 5; 2x = 6; x = 3;$$

$AE = FD = 3$ м; $BE^2 = AB^2 - AE^2$;

$$BE = \sqrt{AB^2 - AE^2} = \sqrt{4^2 - 3^2} = \sqrt{16 - 9} = \sqrt{7};$$

Жауабы: $BE = \sqrt{7}$ м;

Еске түсіру

1. Үшбұрыштар теңдігінің бірінші белгісі:

$$AB = A_1B_1;$$

$$AC = A_1C_1;$$

$$\angle A = \angle A_1;$$







2. Үшбұрыштар теңдігінің екінші белгісі:

$$AB = A_1B_1;$$

$$\angle A = \angle A_1;$$

$$\angle B = \angle B_1;$$

Беріген фигуралардың белгісіз қабырғаларын Пифагор теоремасы арқылы табыңдар?



Тест «Пифагор теоремасы»

Р/с	Тапсырмалар.	А	В	С	Д	Е
1.	Тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузаның ұзындығы c , катеттерінің ұзындықтары a мен b ; Егер $a=24$ см, $c=25$ см болса, b -ны тап.	16 см	7 см	49см	12 см	14 см
2.	Тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасы 35 см, бір катеті 21 см. Екінші катетін табыңыз.	28 см	24см	26 см	30 см	32 см
3.	Диагональдары 14 см және 48 см болатын ромбының қабырғасын табыңыз.	20 см	72см	25 см	27 см	10см
4.	Егер тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасы 20 см, ал катеттерінің бірі 16 см болса, онда екінші катетін тап.	12см	24см	14 см	28 см	26 см
5.	Тең бүйірлі тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасы 12 см болса, катетін табыңыз.	$2\sqrt{3}$ см	8 см	$3\sqrt{2}$ см	6 см	$6\sqrt{2}$ см
6.	Тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасы 26см, ал катеттері 5:12 қатынасындай. Ұзын катетін табыңыз.	36 см	18 см	12 см	24 см	48 см
7.	Тең бүйірлі үшбұрыштың бүйір қабырғасы 17 см, ал табанына түсірілген биіктігі 15 см-ге тең. Үшбұрыштың табанын табыңыз.	8 см	64 см	12 см	14 см	16 см
8.	Квадраттың диагоналі $6\sqrt{2}$ см болса, квадрат қабырғасын табыңыз.	4 см	6 см	$4\sqrt{2}$ см	3 см	$3\sqrt{2}$
9.	Ромбының қабырғасы 17 см және бір диагоналі 16 см. Екінші диагоналін табыңыз.	$\sqrt{545}$ см	$\sqrt{33}$ см	30 см	$\sqrt{295}$ см	15см
10.	Ромбының диагональдары 18 және 80 см. Ромбының қабырғасын анықтаңыз.	41 см	47см	46 см	51 см	39 см
11.	Тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасы 20 см. Егер бір катеті екіншісінен 4см ұзын болса, онда катеттерінің ұзындығын табыңыз.	12 см 14 см	11 см 9 см	24 см 4 см	12 см 16 см	7 см 13 см
12.	Тең бүйірлі үшбұрыштың бүйір қабырғасы 37 см, биіктігі 35 см. Табаны неге тең?	24 см	12 см	14 см	18 см	22 см
13.	Ромбының периметрі 68 см, бір диагоналі 30 см болса, екінші диагоналін табыңдар.	12 см	14 см	16 см	30 см	24 см
14.	Диагональдары $AC=12$ см және $BD=16$ см болатын $ABCD$ ромбының AB қабырғасын табыңыз.	10см	12 см	24 см	20см	15см
15.	Берілген сандар үштігінің қайсысы тік бұрышты үшбұрыш қабырғаларының ұзындықтарын өрнектей алмайды?	6; 8; 10	18; 24; 30	3; 4; 5	9; 12; 15	1; 2; 3

ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
B	A	C	A	Д	Д	E	C	A	Д	Д	A	C	A	E

ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰЛЫ УӘЛИХАНОВТЫҢ САЯХАТТАРЫ

Примбетова Жанзира Жеткербаевна

Алматы облысы, Талғар ауданы, Кеңдала ауылы

№38 орта мектептің география пәні мұғалімі

Шоқан Уәлихановтың ғылыми экспедициясы Сібір казактар әскеріне қызметке қабылданғанда басталды. Ол 6-шы атты әскер полкына офицері ретінде бекітіліп, Сібір жеке корпусының командирі әрі Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Густав Гасфорттың (Гасфорд, Гасфордт) адъюданты болып тағайындалады. Сонымен қатар оған өлкенің Бас басқармасында ерекше тапсырмалар жөніндегі офицер қызметі жүктеледі.



Шоқанның естелігі мен хаттарына қарағанда, оның қызметі ауыр болыпты. Гасфорттың көмекшісі Дюгамель фон Фридрихс пен оның қоластында істейтін Кройерус пен Кури Шоқанды үнемі қудалап, өздерінің қылмысын әшкере еткені үшін намысына тиетін әрекетке барған. Әлгілер талапты жастың зерттеу мен шығармашылыққа деген құлшынысын басып, түрлі кедергі жасайды. Сондықтан ол тек әскери міндетін орындауға мәжбүр болады. Сол кездегі оның жалғыз жұбанышы – Батыс Сібірдің тарихнамашысы ретінде Омбы мұрағатына кіру құқығы еді.

Ізденістер географиясы өз құрамында құнды тарихи және этнографиялық материалдарды қамтыды.

1855 жылы Шоқан Уәлиханов генерал Гасфортпен бірге ұзақ саяхатқа шығып, Аягөз, Тарбағатай, Қапал тауларын аралады. Алматы, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетауға соғып, Омбыға оралады. Осы сапарында көп нәрсені зерттеп, дәптерге түсіріп, Жетісу өлкесіндегі саяси-шаруашылық туралы бірталай деректерге қанығады. Осыдан кейін ол «Тәңір (құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» еңбектерін жазады.

1856 жылы қырғыз халқының тұрмысын, Ыстықкөл маңын зерттейтін экспедицияға қатысады. Ыстықкөл жағасын, Күнгеі Алатау, Сарыжаз, Алматы, Қапал тауларын кезіп, осы маңды қоныстаған халықтардың әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, әдеби мұраларын зерттеп, бай мағлұмат жинайды.

Экспедиция мақсаты – Ыстықкөл көлінің бассейніне топографиялық түсірілім жасау, қырғыз халқымен танысу. «Біз экспедицияға қатысу құрметіне ие болдық және осы тас дәуіріндегідей қырғыздар арасында екі ай тұрып, олардың аңыздары мен тілдерін зерттей отырып, түрлі оң мәліметтер жинай алдық», - деп жазды Шоқан Уәлиханов.

Шоқан Уәлихановқа Жетісу мен Тянь-Шаньда кездескен ерте заманғы мәдениеттің өте сирек ескерткіштері үлкен әсер етті. Оны, әсіресе Ыстықкөлдегі ертедегі қала мәдениеті, суландыру жүйелерінің қалдықтары, сәулет өнерінің ескерткіштері, балбал тастар қатты қызықтырды.

Құлжаға сапары

Шоқан ру аралық қырғыз қақтығыстарын реттегенше, коллекция жинағанша Петербургте Ресей мен Қытайдың сауда-экономикалық қатынастар мәселесін шешуде оның білімін пайдалану туралы мәселе шешілді. Шоқан Уәлиханов Құлжа қаласына дереу аттану нұсқауымен орыс дипломатиялық миссиясының құрамына алынды. Миссия мақсаты – қытай өкіметімен келіссөз жүргізу арқылы Қытаймен сауда қатынасын қалпына келтіруге қол жеткізу. Құлжа қаласына сапар «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы» еңбегінде көрсетілген.

Қытай шенеуніктерімен келіссөз жүргізіп, делегация достық қатынас орната алды. Құлжа мен Чугунчакта елшілік ашылды.

«Кешкі сағат жетіде Қайта өзгерту қарсаңында, біз яғни бесінші тамызда біз Құлжаға қарай жол тарттық. Бірінші Борохуджира қарауылынан бастап Құлжаға дейін қайырсыз, шөлді, құмды жер болды. Мына бізге, орыстарға, осындай шөл далада тұру ойымызға да келмес еді, мұндай жерде қоныс аударушылардың біреуінен де айырылмай қалай тұруды білмес те едік», - деп жазды Шоқан Уәлиханов 1856 жылы Сапар күнделігінде.

Тапсырманы орындап, экспедицияда үш ай болып, Шоқан Уәлиханов өз білімін кеңейтті, досы Потанинмен бірге мұрағатқа бас қойды.

«Манас» дастаны

Шоқан Уәлиханов 1856 жылы аса көрнекті ғалым, белгілі географ П.С.Семенов-Тян-Шанскиймен танысты. Ол жас қазақ ғалымның қабілетіне шын ниетімен сүйсіне қайран қалды. 1857 жылы Семенов-Тян-Шанскийдің ұсынысымен Шоқан Уәлиханов Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданды. Шығыс Қазақстан мен Жетісуға, қырғыз еліне жасаған сапары Шоқанның ғалым ретіндегі даңқын арттырды.

1857 жылы Шоқан Уәлиханов Алатау қырғыздарына сапар шегіп, оның тарихын, этнографиясын және халықтық поэзиясын зерттеді. Қырғыз халқының энциклопедия-

лық дастаны «Манасты» жазып алды.

«Манас», - дейді Шоқан, - қырғыздардың ескі мифтерінен, аңыздарынан, ертегілерінен жиналып, бір адам – Манастың төңірегіне топталған энциклопедия. Бұл жағынан, ол даланың «Илиадасы» тәрізді. Бұл аса зор эпопеяда қырғыз халқының өмірі, әдет-ғұрпы, жағрафиясы, діни дәрігерлік ұғымдары, шетелдермен қарым-қатынасы түгел қамтылған».

«Манас» жырын бірінші рет баспаға ұсынып, орыс ғалымдарына таныстырған да Шоқан.

Шоқан Уәлиханов тарихи маңызы бар шығармаларға көп көңіл бөлді. Жазуы жоқ елдердің өткен тарихы мен салтын тану үшін ұзақ желіге құрылған, күрделі эпостардың үлкен мәні барын түсінді.

Қашқарияға сапары

1858-1859 жылдары Шоқан Уәлихановтың Қашқарға сапары оның ғалым, ағартушы ретіндегі еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты.

Даңқты саяхатшы Марко Поло мен Гоестен кейін (XVI ғасыр) ол жерді ешбір ғалым зерттемеген еді. Бұл жерлер Еуропа үшін жұмбақ еді. Баруға ниет қылған Батыс Еуропа ғалымдарының көпшілігі бақытсыздыққа ұшырады. Мәселен, Шоқаннан бір жыл ғана бұрын Қашқарияға барған атақты географ Адольф Шлагинтвейт Қашқария әкімі Уәлихан төренің қолынан қаза тапқан.



ҚАШҚАРИЯҒА САПАРЫ

1858 — 1859 жылдары Шоқанның Қашқарияға сапары орыс географиялық қоғамының аса маңызды ісін білдіреді. Қашқарияда ол негізгі мақсатын орындады және осы жердегі тарихи ескерткіштерді зерттеді. Осы сапарының нәтижесінде оның «Қашқария туралы» атты кітабын жазды. Бұл кітаптың арқасында оның ғалым ретіндегі даңқын арттырды.

Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы

Міне, осындай қауіпті сапарға 1858 жылғы 28 маусымда Шоқан Уәлиханов шықты. Ол үлкен жолға Семей көпесінің керуенімен бірге шыққан. Уәлиханов бұл сапарына басын тақырлап, үстіне шапан

киіп, Әлімбай көпес деген лақап атпен шыққан.

Бұл сапарында Шоқан күнделік жүргізіп отырған. Бұған ол өзінің жолшыбай көрген-білгенін, атап айтқанда, Орталық Тянь-Шаньның, Ыстықкөл бассейнінің, Нарын, Арпа, Атбас, Шатыркөл және Тарим өзенінің географиялық жағдайын, табиғат байлығын, ауа райын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін жазады. Шоқанның бұл күнделік дәптері Ресей Ғылым академиясының архивінде осы күнге дейін сақтаулы.

Саудагер ретінде Қашқарияға құпия

барған Шоқан өлкенің экономикалық саяси құрылымын зерттеп, оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материал жинайды. 1859 жылдың 12 сәуірінде Уәлиханов Верныйға қайтып оралады. Экспедиция қорытындысы бойынша ол «Алты шаһар немесе Қытайдың Нан Лун провинциясындағы (кіші Бұқара) алты шығыс қаласының жағдайы туралы» (1858-1859) есеп әзірлеп, жазып шығады. Оның бұл еңбегін Ресей мен басқа елдердің шығыстанушылары жоғары бағалап, көп ұзамай ағылшын тілінде де аударылып басылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ш.Уәлиханов. «Бес томдық шығармалар жинағы». 154-160 бет.
2. Б.Ысқақов. «Ұмытылмас есімдер» Алматы, 1994-224 бет.
3. Ж.Бейсенбайұлы. «Ыстықкөл, Жетісу сапары, Алматы: Қазақстан, 2009. 608 бет.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Саршанова Жанар Солтанбековна

*Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімінің
«Қалжыр орта мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі*

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын дамытудың өзектілігі баяндалады. Бастауыш сыныпта оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда белсенді оқыту әдістерінің тиімділігі көрсетіледі.

Тірек сөздер: коммуникативтік дағдылар, қарым-қатынас мәдениеті, коммуникативтік құзыреттілік, оқытудың белсенді әдістері.

Аннотация

В статье излагается актуальность развития коммуникативных навыков младших школьников. Показана эффективность активных методов обучения в развитии коммуникативных навыков учащихся начальной школы.

Ключевые слова: коммуникативные навыки, культура общения, коммуникативная компетентность, активные методы обучения.

Abstract

The article outlines the importance of developing the communication skills of younger schoolchildren. The effectiveness of active teaching methods in the development of communication skills of primary school students is shown.

Key words: communication skills, communication culture, communicative competence, active teaching methods.

Бастауыш жалпы білім берудің мемлекеттік стандартының міндеттерінің бірі –

әр баланың өз-өзімен, басқа балалармен, ересектермен және әлеммен қарым-қатынас

субъектісі ретінде қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғамның басты назары тұлғааралық өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға, коммуникативті мәселелерді шешуге және қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі өмірге бейімделуге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталғандығымен байланысты.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту әлеуметтік қатынастарды дамытудың қазіргі кезеңінде маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Қарым-қатынас қажеттілігі адам өміріндегі басты міндеттердің бірі болып табылады. Басқалармен қарым-қатынас жасай отырып, адам өзі туралы ақпарат береді, оның орнына оны қызықтыратын ақпаратты алады, оларды талдайды және осы талдау негізінде қоғамдағы қызметін жоспарлайды. Бұл тәжірибе неғұрлым ертерек игерілсе, қарым-қатынас құралдарының арсеналы неғұрлым бай болса, өзара әрекеттесу сәтті жүзеге асырылады. Педагогикалық процесте балалардың коммуникативті қабілеттерін дамытудың өзектілігі қоғамның әлеуметтік тапсырысымен – баланың әлеуметтік дамыған тұлғасын қалыптастырумен анықталады.

Кіші мектеп жасы – бала өмірінің үлкен кезеңі. Қазіргі уақытта өмір сүру жағдайлары тез кеңеюде: отбасы шеңбері көше, қала, ел шегіне дейін кеңеюде. Бала өзіне адами қатынастар әлемін, адамдардың әртүрлі іс-әрекеттері мен әлеуметтік функцияларын ашады. Ол осы ересек өмірге қосылғысы келеді, оған белсенді қатысады, бұл, әрине, оған әлі толық қол жетімді емес.

Балаға қоршаған ортада өзінің айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау, байланыс орнату қаншалықты оңай болады, оның одан әрі оқу, жұмыс әрекеті, тағдыры мен өмірдегі орны соған байланысты. Дәл осы жаста қарым-қатынас ережелері мен нормалары ұйымдастырылады, олар қалыптасқан жағдайларға қарамастан әрдайым және барлық жерде сақталады.

Бастауыш мектеп жасындағы коммуникативті мәдениеттің элементтерін иге-

ру балаларға өз әлеуетін сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осылайша, қарым-қатынас кіші мектеп жасындағы оқушылардың жеке басын қалыптастырудың маңызды кезеңі болып табылады.

«Баланың позитивті қарым-қатынас жасау қабілеті оған адамдар қоғамында жайлы өмір сүруге мүмкіндік береді...» Выготский Л.С. [1]

Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерін шешуге түбегейлі көзқарас Л.С.Выготскийдің еңбектерінде келтірілген, онда ол «қарым-қатынасты балаларды жеке дамыту мен тәрбиелеудің негізгі шарты ретінде» қарастырған.

Л.С.Выготскийдің тұжырымдамасына сүйене отырып, балалардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру мектептің басым міндеттерінің бірі деп айтуға болады, өйткені қарым-қатынас процесінің тиімділігі мен сапасы қарым-қатынас субъектілерінің коммуникативті дағдыларының деңгейіне байланысты болады.

Заманауи мектептегі оқыту жағдайы баладан жаңа күрделі коммуникативті мәселелерді белсенді шешуді талап етеді: оқушылардың бір-бірімен және мұғаліммен зерттелетін материал туралы іскерлік белсенді қарым-қатынасты ұйымдастыру. Сондықтан балада ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынастың жоғары формаларын дамыту өте маңызды, бұл мұғалім мен оқушы арасындағы, сыныптастар арасындағы қарым-қатынастың жаңа түрін қалыптастырудың алғышарты болады.

Коммуникативті дағдылардың қалыптасу дәрежесі балаларды оқытудың тиімділігіне ғана емес, сонымен бірге олардың әлеуметтенуі мен тұтастай тұлғаның дамуына да әсер етеді. Дағдылар іс-әрекетте қалыптасады, ал қарым-қатынас дағдылары қарым-қатынас процесінде қалыптасады және жетілдіріледі.

Бұл дағдыларды «әлеуметтік интеллект», «іс жүзінде психологиялық ақыл», «коммуникативті құзыреттілік», «қарым-қатынас дағдылары» деп атайды.

Коммуникативті дағдылар – бұл дамытуға болатын және қажет қабілеттер.

Басқаша айтқанда, балаларға қарым-қатынас жасау, қарым-қатынас мәдениетін үйрету керек. Коммуникативті қабілеттердің дамуы кіші оқушының қоғамдағы қатынастарды қалай игеретіндігімен анықталады. Оларды шешу үшін жаңа педагогикалық технологиялар, оқытудың белсенді әдістері талап етіледі.

Оқытудың белсенді әдістері – бұл оқу материалын игеру процесінде оқушылардың ақыл-ой және практикалық іс-әрекетінің белсенділігі мен алуан түрлілігін қамтамасыз ететін әдістер жүйесі. Бастауыш сыныпта оқушыларының коммуникативті дағдыларын дамытуда белсенді оқыту әдістерінің бір түрі – әдісі тиімді болып табылады.

Ойын – коммуникативті дағдыларды дамытудың бір құралы. Ойын тапсырмасы, ойын әрекеттері, ережелері баланы белсенді болуға, ойын әрекеттерін орындауға, нәтижеге жетуге жетелейді.

Ойын процесінде бастауыш сынып оқушылары құндылық бағдарларын, мінезқұлық пен қарым-қатынас үлгілерін қалыптастырады, яғни коммуникативті мәдениетке тәрбиеленеді. Бұл оқушыларды «коммуникативті проблемалардың» алдын-алу үшін уақтылы тәрбиелік әсер ету үшін қажет.

Осындай ойындардың бірі – балалар журналистикасы, атап айтқанда балалардың өздерінің мерзімді басылымдарын жасауы. Бұл әдісті «Әдебиеттік оқу» пәнінде қолдану тиімді болмақ. Бастауыш мектеп жасында балалар журналистикасын қолдану мүмкіндігі мен орындылығын көптеген ғалымдар атап өтеді.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды дамытуда балалар журналистикасының рөлі қандай?

Журналистік қызмет – бұл қуатты білім беру құралы, сонымен қатар оқуға деген қызығушылықты арттыру құралы. Бұл жұмыс балалардың бірлігіне, олардың коммуникативті дағдыларын, қарым-қатынас қабілеттерін, ұжымдағы әлеуметтік мәртебесін арттыруға, жеке тұлғаны қалыптастыруға, функционалдық сауаттылығын дамытуға, болашақ мамандығын анықтауға ықпал етеді. Газет шығару бойынша бала-

лармен жұмыс жасау нәтижесінде олардың оқуға деген ынтасы артады. Ойын барысында әдеби шығармашылық дағдылары жетілдіріліп, дамиды, сауаттылық жоғарылайды, балалар алғашқы журналистік тәжірибеге ие болады. Газеттердің тақырыптары әртүрлі болып келеді. Мысалы, «Әдебиеттік оқу» пәнінен түрлі ертегі, мәтіндерді өткен кезде, ондағы кейіпкерлерге, оқиғалардың қызықты тұстарына арнауға болады немесе өздерін қызықтыратын «Қызықты демалыс», «Сүйікті кітабым» сияқты тақырыптар т.б.

Тыңдалым және айтылым, жазылым дағдыларын дамытатын әдістердің ішінен «Сұхбат жүргізу» әдісі өте тиімді. Мысалы, «Ақылды аспаз» ертегісіндегі патшаның аспазымен сұхбат жүргізуге тапсырма беруге болады.

Оқушылар сұхбат барысында сұрақтар қойып, жауаптар жазады.

- Аспаз болу қиынба?

- Жұмысыңыз өзіңізге ұнай ма? Неліктен?

- Сіздің ойыңызша, еңбек етуді қалай үйренуге болады?

Келесі, «Суретті әңгімеле» әдісі арқылы тілдік дағдыларды дамытуда оқушыларға берілген суреттің бір бөлігі бойынша әңгіме құратуға, оқиғаның басын және соңын болжату арқылы тапқызуға болады. Оқушыларға сурет көрсетіліп әңгімелетіледі. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Оқушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатының болжатылады. Оқушылардың әңгімелерін тыңдағаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқып беріледі. Салыстыру жүргізеді. Негізгі ойды табу беріледі.

Бастауыш сынып оқушыларының мәтін мазмұнын және идеясын терең түсінуде оқылым дағдыларын дамыту үшін «Мәтінмен жұмыс» әдісін қолданудың маңызы зор. Тапсырманы орындау үшін оқушыларға кестемен жұмыс ұсынылады.

Мәтінді оқығанға дейін	Мәтінді оқу кезінде	Мәтінді оқығаннан кейін

Кестенің бірінші бөлігіне оқушылар шығарманың тақырыбымен, оның авторымен және ресурс көзі немесе осы мәтіннің суреттерімен (егер бар болған жағдайда) танысқаннан кейін пайда болған сұрақтарды жазады. Бұл мұғалімнің оқушыларды материалды оқуға қалай жеткізетініне және қандай мақсат қоятынына байланысты.

Кестенің екінші бөлігін мәтінді тікелей оқу кезінде оқушылар жеке немесе жұпта толтырады. Кестенің үшінші бөлігінің сұрақтары бойынша оқушылар шағын топта жұмыс жасауға болады. Оқушылар алдын ала топта талқылап, бір тұжырымға келе отырып, сұрақтар құрастырады. Балалардың дайындық деңгейіне байланысты үшінші бөлігінің сұрақтары оқылғанның мазмұны бойынша да, түсіну және оқу идеясын одан әрі дамыту үшін де болуы мүмкін.

Қорыта келгенде, мектеп коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың бастапқы орны. Оқушылардың коммуникативтік дағдылары оларға қоғамның басқа мүшелерімен қарым-қатынас жасауға және кез келген әлеуметтік ортада табысты болуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларын қалыптастыру өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені бұл дағдылардың қалыптасу дәрежесі балаларды оқытудың тиімділігіне ғана емес, сонымен бірге олардың әлеуметтенуі мен тұтастай тұлғаның дамуына да әсер етеді.

Яғни, коммуникативті қасиеттердің қалыптасуы балаға белгілі бір өмірлік бағдар, негізгі өмірлік құндылықтар туралы түсінік, өзін-өзі бағалау және баланың өмір салтына нақты сипаттама береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология / Л.С.Выготский. – М.: Просвещение, 1991. – 480 с.
2. Венецкая А.Б. «Развитие коммуникативных способностей младших школьников в учебно-воспитательном процессе».
3. Голованова Н.Ф. Социализация и воспитание ребенка. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – СПб.: Речь, 2004.
4. Гуружапов В.А. Психология образования. Процесс развивающего обучения в системе Д.Б.Эльконина – В.В.Давыдова / В.А.Гуружапов – М.: 2006.
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
6. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері: Оқу құралы. - Алматы, 2013.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТОҚУ ӨНЕРІН ЖАҢҒЫРТУ

Төлеу Ержан Сансызбайұлы

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектептің бейнелеу пәні мұғалімі

Баяндаманың мақсаты:

Халқымыздың ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасы – тоқыма өнерін жаңғырту және халқымыздың ежелден келе жатқан көне де, ізгі дәстүрі арқылы қазіргі заманымызға лайықты сапа түр беріп сәндік қолөнерді дамыту.

Баяндаманың міндеті:

- Қазақтың қолданбалы қолөнері

жайлы білу;

- Тоқу өнері жайлы мағлұмат беру;
- Тоқыма тоқу технологиясын үйрену;
- Қазақтың қолөнерін қастерлеу және қолөнер шеберімен кездесу.

Кіріспе бөлім

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар

әсемдігі, өрнегі тұрмысқа мән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген. Көз салып байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі-түсті ою-өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен, сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнерін шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларын арқау еткен. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы, өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Шебердің келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Шебердің қолынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар сол заманның ортақ қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. «Шебердің қолы ортақ» деген мақал ел ішінде бекер айтылмаса керек. Нағыз шеберлікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық, білім қажет. Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-анамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін ұрпақтан ұрпаққа үйретіп келген.

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан қолөнер саласының бірі. Бұл тамаша өнер қазіргі заманда жалғасын тауып, көрші халықтардың өнер шығармашылықтарымен толысып, дамып, әсемдігімен, көркемдігімен көз тартып, эстетикалық талғамда өркендей бермек.

Негізгі бөлім

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемділікке жетелеуде. Адамдардың тұрмыс хәлдері үнемі өрлеуіне сай олардың мәдени тұрмыстық тілектері өсе түсуде. Сондықтан да әр адам киген киімінің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып, қайталанбас әсем ерекшелігін, даралығын таныта білуге тырысады. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма. Тоқымамен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу

үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемінің үйлесімділігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу әдістерін меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Соған орай, тоқу өнері басқа да істер сияқты үйренуді, ізденуді қажет етеді. Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған.

Іліп тоқуға арналған иірім жіп түрлері.

Зығыр, Мақта иірімжібі, Мохер, Жүн иірімжібі, Ангор, Кашемир, Альпак,

Вискоза, Фасонды иірім жіп.

Жүн – жануарлардан алынатын табиғи материал. Оны қазақ халқы мыңдаған жылдар бұрын іске асырған. Қой, ешкі, қоян, түйе жүндерінен жіп иіріп мата өндіруге, тоқыма, кілем, алаша тоқуға қолданған. Қой жүні – күзем және жабағы жүніне бөлінеді. Қойдың қозысынан алынған жүнді қозы жүн деп атайды. Қой жүнін қырқып алған соң, оны жуып кептіреді де, сабауға дайындайды. Жүнді сабау технологиясына сабау мен тулақ құралдары қажет. Содан кейін жүнді тарақпен тарап, қолмен түтеді.

Жүнді машинамен, қолмен иіруге болады. Өндірісте жүн иіру технологиясында жүн иіретін арнайы машиналар кеңінен қолданылады. Сонымен қатар күнделікті тұрмыста да жүн иіруге арналған жүн иіруші аппараттар қолданылады.

Ұршық – жүнді қолмен иіруге арналған негізгі аспап. Бұл қарапайым аспап, әр елдің ұршығының сыртқы қалпы өзінше ерекшеленеді. Қазақтың ұршығы 30 см шамасында сабы конус тәрізденіп келеді. Ең жуан жеріне сақина кигізілген. Оның ішкі тесігінің диаметрі – 2,5 мм, ал, сыртқы өлшемі – 30 мм.

Тоқыма үшін қажетті құралдар:

1. Біз.

2. Жіп

Біздің өзі әрқалай бөлінеді. Мысалы:

1. Қарапайым сым темірден жасалған біз. Бұл көбінесе шұлық тоқуға, мойын орағыш тоқуға, баскиім, т.б. тоқуға арналған. Оны қазіргі таңда пластмассадан, ағаштан, бамбуктен, сүйектен жасауға болады.

2. Екі басы сым темірден жасалған, ортасына түтікше пластмасса кигізілген қарапайым біз.

3. Ілмек біз. Аты айтып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің бір түрі. Ілмек біздің бір түрі. Ілмек біздің әр түрлісі болады. Мысалы ата-бабаларымыздың бұл бізді қойдың кәрі жілігінің басындағы кішкентай бөлініп шығатын сүйегінен жасаған. Ал қазіргі заманда арнайы сауда орындарынан сатып алуға болады. Бұл бізді қолданғанда жуан жіптерді жуан ілмек бізбен, ал жіңішке ілмек бізбен тоқу керек.

Тоқыма тоқу үшін таза жүннен, мақтадан, вискозадан, синтетикадан, жүн мен синтетикадан аралас иірілген жіптер пайдаланылады. Сондай-ақ бұрын пайдаланылған жіптерді де тарқатып, қайта пайдалануға болады. Ілмекпен тоқу үшін кез келген жіпті пайдалануға болады, жүннен, мақтадан иірілген немесе жібек жіптер, т.б.

Әдетте үстіге киетін киімдерді бостан иірген, ал дастарқан, салфетка, сумка сияқты заттарды ширақ иірілген жіппен тоқиды. Бөлшектерінің сыртқы пішіні үлгімен есепке сәйкес шалуды қосу, қысқарту, сирек те жиі тоқу арқылы жасалады.

Негізгі шалулар: Ілмек бізбен іліп тоқу

Ілмек бізбен іліп тоқу технологиясы:

- Қолды дұрыс ұстау;
- Шалманың пайда болуы;
- Жарты бағанша немесе біріктіргіш бағанша;

- Шалмасыз бағанша;
- Шалмалы бағанша;
- Екі шалмалы бағанша.

Тоқу түрлері:

- тура және кері қатарлармен тоқу;
- айналдырып шеңбер жасай тоқу.

Тізбек бірнеше үлпілдек шалудан жасалған тізбектер алғашқы қатар тоқылуда тиіс бар бұйымның бастапқы негізі болып саналады. Ілмектің ұшына бір шалу жасайды да жіпті ілмекке орап, алғашқы шалудың ортасына өткізіп алады. Осылайша қайталана береді.

Ілмекпен тоқуда негізгі элементтері – бос шалу, біріктіру бағаншасы, шалмасыз

бағанша, шалмалы бағанша, екі шалмалы бағанша, үш шалмалы бағанша, төрт шалмалы бағанша, пико, жарты бағанша және т.б.

Ілмек бізбен тоқу кең тарап, тоқу арқылы жасалған бұйымдар жоғары бағаланатындықтан әр түрлі басылым беттерінде шеберлер өзінің өнерін көрсету үшін ілмек бізбен тоқудың шартты белгілерін ойлап тауып, сол арқылы халыққа белгілі бір бұйымды тоқу әдісін көрсетеді.

Қорытынды

Халықтың дәстүрлі өнері сол халықтың ғасырлар бойы бастан кешкен өмір салтының, таным түсінігінің жарқын айғағы.

Мемлекетіміз мектептің алдына жаңа бір міндет қойып отыр – өмірге қадам басқан жастар жаңа заман талабына сай, өз тағдырын өзі шешуге қабілетті, нарықтық жағдайда алдындағы мақсатын анықтай алатын экономикалық білім алуы тиіс.

Уақыт озған сайын қоғам дамуы жеделдей түсетіні айқын. Қазір еліміз өрлеу үстінде. Қай қоғамда болмасын бүгінгіміз бен кешегімізді қастерлеу өмірдегі тіршіліктің, қоғамның парызы. Ал қоғамның дамытушысы – адам.

Бүгінгі болашақ ұрпақ ертеңгі қоғамның иесі, сол қоғамның иелері халқымыздың тұрмыс қажеттілігінен туындаған ұлттық өнер мұраларын сақтап, сұрыптап, қазіргі уақытта сәнді етіп, ұлттық мәдениетімізді қолданбалы сәндік қол-өнермен өркендету. Тәуелсіз мемлекетімізде ертеңгі ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениетіне, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігі мен кәсіби шеберлігіне байланысты фабрикалар шығаратын бұйымдарға қарағанда халық шеберлері жасаған бұйымдар жоғары бағалануда. Қазіргі кезде жаңа өмір өзінің жаңа талаптарын қойып отыр. Оның міндеті өнердің бұрынғы келбетін бүгінгі күнге табиғи етіп жаңарту.

Бүгінгіміз бен келешегімізді нәрлі қайнарына айналдыру әрқайсымыздың борышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Пайдалы кеңестер» журналы.
2. «Мектептегі технология» журналы.
3. «Шаңырақ» 1991. Нұрғалиева Р.Н.
4. «Мода» журналы.
5. «Валя-Валентина» журналы.
6. «Вязание крючком различных изделий» Изд. Москва. 2009.
7. «Волшебный клубок» Изд. «Реклама». 1986.
8. «Вязание» журналдары.
9. «Технология» оқулығы.

МУЗЫКА ПӘНІНДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Томпалакова Куралай Бисенбаевна

Қызылорда қаласы Ж.Нұрсейітов атындағы №233 орта мектептің музыка пәні мұғалімі

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуін, өркениетті дүниеде өзіндік орын алу оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты. Қазіргі кезде білім беру саласын, қамтудың әр түрлі техникалық құралдарын пайдаланусыз елестету мүмкін емес. Сондықтанда, уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту – бүгінгі күннің басты міндеті. Еліміздің білім беру жүйелерінде ХХІ ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда қоғам алдында қойылып отырған басты міндеттердің ең бір өзектісі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі әдістеме жасау. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім деп Стронг айтқандай, қазіргі таңда оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп жол ашатын, оқушы үніне назар қойып, ішкі уәжін тыңдай алатын, алға нақты мақсат қоя білетін жаңашыл ұстаз болу – ол біздің көшбасшы мұғалім екенімізді айқындайды деп ойлаймын. Заман ағымына қарасаңыз бүгінгі болып жатқан жаңалық оқушылар үшін мүлдем қызық-сыз болуы мүмкін, ал

біз оқушыларды қалай таңдандыра аламыз, жаңашыл ұстаз ретінде баланың таланты мен дарынын қалай аша білеміз деген ой санаға сұрақ болып тұрғаны бәрімізге мәлім. Ол үшін ең басты мақсат мұғалім өзін-өзі өзгертуі қажет деп ойлаймын. Өзін өзгерте алған мұғалім мектептің даму үдерісіне де, сапалы білім алуға оқу мен оқытуда нақты мақсат қоя алады деген сенімдемін. Өзін тексермесе, адам ілгері баса алмайды - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, өзгеруге бет бұрсақ деймін. Оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеті іс-әрекет үдерісінде қалыптасады. Ғалымдар пікіріне сүйенсек дарынсыз, мүлде қабілетсіз бала болмайды. Сол қабілеттің көзін ашу оны әрі қарай дамыту – әр бір музыка мұғалімінің қасиетті борышы. Жалпы музыка пәні эстетикалық сезімі жетілген, рухани бай тұлға тәрбиелеудің қайнар көзі десек қателеспейміз. Музыка өнері тек эстетикалық құрал ғана емес, оның өзге сипаттары да бар: ұлттық болмыс, мазмұн, сипат. Бұл тұрасында, мектеп бағдарла-маларында осы тұрғыдан да зер салып, әдістемелік тәсілдеріміздің мазмұнын байыта түсуіміз керек. Мектептегі музыкалық-педагогикалық жұмыстың басты мақсаты – оқушыларды музыкалық даму үдерісіне талдау жасауға үйрету. Музыкалық – есту түсініктерін өз бетінше орын-дату. Музыканы көпшілігі тыңдайды, бірақ азы ғана естиді, әсіресе аспапты музыканы адамдар көбінесе

қойылған музыканың жеке сәттерін қабылдайды, нақтырақ айтсақ осы сәттердегі өз әсерлерін ұсынады. Ал шығарма толығымен оларға түсініксіз болып қалады.

Сонымен қатар оқушының шығармашылық қабілетін қалыптастыру үшін төмендегі міндеттер орындалу қажет: қазақ халық музыкасын қабылдай, талдай білуі; өзара пікірталастар мен талқылауларға белсенді қатысуы; өз бетінше жұмыс жасау; нәтижеге, жетістікке ұмтылу; өз бетімен күрделі тапсырманы таңдауға құштарлану, іс-тәжірибелік әрекетін талдауға қызығушылық таныту.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін сабақта тақырыпқа байланысты музыка түрлерінің шығу тарихы, музыка түрлері дамыған елдерде, музыканың әр саласындағы белгілі композиторлар өмірімен, Қазақстандағы, әлем елдеріндегі композиторлар мен музыка жұлдыздары, тағы да басқа музыка туралы толық мәліметтер беріп отыру – мақсат. Сонымен бірге оқушыларға бұқаралық ақпарат құралдары, журналдардың, тағы басқа, әлем елдеріндегі атақты композиторлар және мәдени жаңалықтарға шолу жасап отыру қажет. Осы тұрғыда оқушылар атақты композиторлардың жетістіктерге жетудегі еңбектерімен таныса отырып, өздері де сабақта әр тапсырманы белсенділікпен орындауға дағдыланады.

Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі артқасын сабақта білім сапасының артатыны сөзсіз. Ұлы неміс педагогы А.Дейстербергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойға үйретеді» - деген-ді. Сондықтан да оқушы белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, ойлауға үйрететін ол – жаңа инновациялық әдіс-тәсілдері болып табылады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан

бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында бәсекелестіктің және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасайды. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ сапасын арттыруға ықпалы көп.

Жаңа сабақ бастамас бұрын бір тақырып айтып, болмаса суреттер көрсетіп оқушылардың идеясын тыңдаймыз. Бұл «Ой қозғау» әдісі оқушылардың еркін, ойын ашық жеткізуге жағдай жасайды. Сабақ барысында әрдайым оқушыны ынталандырып отырамыз мысалы: бір шапалақ, басбармақ. Бұл бағалауға жатпайтынын ескертеміз. Әрі қарай «Балық әдісі» арқылы оқушылардан өткен сабақты сұраймыз, ең бастысы оқушының сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын жоғалтпауымыз қажет. Сабақ ортасы «Көңілді ән айту» әдісі арқылы әр топқа бір ән береміз және бөлменің бөліктерін аралап айтуды тапсырамыз, қарсы топ әнді бағалайды, әр топ өз сезімін баяндайды. «Айна әдісі» арқылы оқушыларға өзін-өзі бағалатып, сациограмма арқылы түрлі сұраққа жауап іздеуге де болады. Оқушылардың үйренуіне әрқашан тиімді жағдай жасауымыз қажет.

Дәстүрлі оқытуды сабақта қолданбау, дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білімнің оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, біздің оқушыларымыздың жады механикалық есте сақтауға қалыптасқанын ескерсек, осылай жалғастыру оқушының үстірт білім алу жағдайларына алып келеді деп ойлап отырмын. Сол себептен ұстаз ретінде айтарым, оқушыларға барлық жағдаяттарды өмірмен салыстыра отырып үйрету және өмірде пайдаға асыра алатын дүниелермен байланыстырып оқыту оқушының жадында мәңгі сақталады деген сенімдемін.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», - деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арнал-

ғандай. Мұны әрбір оқытушы жадында сақтауы тиіс

Музыка тіл айтып жеткізе алмайтын адамның киелі нәзік сезімі. Музыкабұл сезім тілі, адам жанын баурап алатын, моральдық сезімдік эстетикалық бірлігі болып табылады. Мектептегі музыка пәні оқушыларға басты тәрбие құралы болып есептеледі. Олардың рухани өмірі мен тәжірибенің музыка әлемін түсініп қабылдауы. Оқушының талғампаздығы, эмоциялық сезімталдығы, білімділігі, мәдениеттілігі, жас өспірімге ақыл-ой, сана-сезімдігі жақсы мінез-құлықтың қалыптасуына әсерін тигізеді. Музыканың қажеттілігі – ол музыка өнерінің негізімен оның өмірі мен байланысы жайлы түсінігін жетілдіру, баянды меңгеруіне көмектесу. Музыкалық тәжірибелік іскерліктерін дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқушының

бойында рухани мәдениеттің маңызы мен ажырамас келбетін байытатын музыканың әсері мол. Бүгінгі таңда балаларды жастайынан өнерге баулу музыкалық тәрбие арқылы жаңа тұлғаны, жаңа адамды тәрбиелеп қалыптастыру. Сухомлинский былай деді: музыка адамның табиғаттың әсемдігінен, еңбекке деген құлшынысын арттырады, музыканың арқасында айналаға, өмірге, тіпті өзіне деген көзқарасты өзгертеді. Оқушыларға музыкалық тәрбие беру олардың өнерге деген сезімін ояту, таңдаулы халықтың шетелдік және классикалық музыкасын, Қазақстан композиторларының шығармаларын сүйіп тыңдай білуге дағдыландырып үйрету негізінен музыка сабағында, іске асырылады. Сондықтан да музыкадан ынтасы бар оқушылардың қабілетін аша білейік.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Музыка, оқыту әдістемесі» Алматы: Атамұра, 2001.
2. Р.Қ. Дүйсембінова. Музыкалық білім беру педагогикасы. 2006.
3. Есжанов Г. «Музыка сабағының тәрбиелік маңызы». 2000.

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

Картаева Шекеркуль Ерсайыновна

Қызылорда облысы, Сырдария ауданындағы №137 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Кіріспе

Білім – қоғамның іргетасы, ал мұғалім – сол білімді шәкірттің бойына сіңіретін негізгі тұлға. Қазіргі жаһандану заманында білім сапасын арттыру – мемлекет дамуының басты бағыттарының бірі. Білім сапасының жоғары болуы білікті мұғалімдерге тікелей байланысты. Мұғалім тек ақпарат беруші ғана емес, оқушылардың жан-жақты дамуына, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіруге ықпал ететін жетекші тұлға. Осы мақалада мұғалімнің білім сапасын арттырудағы рөлі талқыланып, тиімді оқыту әдістері қарастырылады.

1. Білім сапасы және оның негізгі өлшемдері

Білім сапасы – оқушылардың алған білімдерінің қоғам талабына және жеке тұлғалық дамуына сәйкестігін анықтайтын көрсеткіш. Ол бірнеше факторларға байланысты:

Оқыту бағдарламасының мазмұны – заманауи талаптарға сай құрылуы керек.

Мұғалімнің кәсіби біліктілігі – пәндік және педагогикалық құзыреттілігі жоғары болуы тиіс.

Оқыту әдістері – тиімді әдістер оқушылардың білімді терең меңгеруіне ықпал етеді.

Материалдық-техникалық база – заманауи технологиялармен жабдықталуы қажет.

Білім сапасын арттырудағы мұғалімнің басты міндеті – осы факторларды тиімді қолдана отырып, оқушылардың білім алу процесін барынша жетілдіру.

2. Мұғалімнің білім сапасын арттырудағы рөлі

2.1. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі

Мұғалімнің білім сапасын арттырудағы ең негізгі факторы – оның кәсіби құзыреттілігі. Қазіргі таңда мұғалімнен тек өз пәнін жақсы меңгеру ғана емес, заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану, оқушылармен тығыз қарым-қатынас орнату, жаңартылған білім мазмұнын тиімді енгізу талап етіледі.

Кәсіби құзыретті мұғалімнің негізгі сипаттамалары:

- Өз пәнін терең білуі.
- Оқытудың жаңа әдістерін меңгеруі.
- Оқушылармен ынтымақтастықта жұмыс істей алуы.
- Шығармашылықпен жұмыс істеуі.
- Өзін-өзі үздіксіз дамытуы.

2.2. Заманауи оқыту әдістерін қолдану

Аргументы за неологизмы: Они позволяют языку развиваться и отвечать современным реалиям. Новые термины упрощают общение, особенно в профессиональной среде. Неологизмы делают язык более выразительным и живым.

Неологизмы – это важный инструмент языковой адаптации, отражающий изменения в культуре, науке и обществе. Они не только обогащают язык новыми терминами, но и способствуют его динамичному развитию. Одни слова остаются в языке на долгие годы, другие исчезают, уступая место новым понятиям, что является естественным процессом эволюции.

Тем не менее, важно соблюдать баланс между необходимостью заимствования новых слов и сохранением самобытности языка. Излишнее увлечение иностранными терминами может привести к размыванию национальной языковой идентичности, но полное игнорирование неологизмов способно сделать язык устаревшим и неподходящим для современных реалий.

Таким образом, неологизмы – это не просто временный тренд, а необходимость, позволяющая языку оставаться актуальным, удобным и функциональным средством общения.

Использованная литература

1. Аникин В.П. «Неологизмы в русском языке XXI века». – Москва: Издательство МГУ, 2020.
2. Караулов Ю.Н. «Русский язык и языковая личность». – Москва: Наука, 2019.
3. Филин Ф.П. «Современный русский язык: эволюция и новации». – Санкт-Петербург: Питер, 2021.
4. Лингвистические журналы и публикации по теме неологизмов в русскоязычных СМИ.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДЕУ ЖОЛДАРЫ

Жарманова Ақгуль Ескергеновна

*Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Жанқожа батыр атындағы
№70 орта мектептің физика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші*

Энергия үнемдеу – оларды пайдаланудан тиісті пайдалы әсерді сақтай отырып, электр, жылу, су, газ сияқты пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған шараларды іске асыру.

Күнделікті өмірде энергияны үнемдеу мәселесі халықтың тиісті менталитетін тәрбиелеумен байланысты. Біздің еліміздің азаматтары күнделікті өмірде энергия тұтынуды үнемдеу, энергия үнемдеу режимін сақтау қажеттілігін саналы түрде түсінбей, жетістікке жете алмайды.

Еуроодақ елдерінде күнделікті өмірде суды, газды, электр және жылу энергиясын ысырапсыз жұмсау қымбат ғана емес, сондай-ақ әдепсіздіктің белгісі, «жаман үн» болып табылады. Біз ыдысқа құйудың орнына, ыстық су ағынының астында ыдыс-аяқты оңай жууға мүмкіндік береміз. Қазіргі уақытта ешкім жоқ бөлмелерде жарықтандыруды өшіру әдеті бар ма? Біз тістерімізді қалай тазалап, жуынамыз? Су ағынының астында немесе тостағанды қолдана ма? Біз әрқашан күзде пәтерлеріміздің терезелерін жылытамыз ба? Бұл сұрақтарға жауаптар айқын. Біз ақшаны санау әдетін қалыптастырған жоқпыз, өйткені халыққа электр энергиясы мен басқа да энергия ресурстары үшін төлем мөлшері бүгінгі күнге дейін өте үлкен емес. Сондықтан біз әдеттерімізді өзгертуге дайын емеспіз. Мысалы, кешкі уақытта оқыған кезде жергілікті жарық көзін (үстел шамы немесе еден шамы) қолданған дұрыс. Ал электр шәйнек емес, міндетті түрде толтыру сумен шетінен дейін, егер Сіз жиналды ішуге бірекі кесе шай. Үйдегі тоңазытқышты жиі жібітесіз бе? Өйткені, бұл оның электр тұтыну мөлшеріне тікелей әсер етеді. Және мұндай мысалдар келтіруге болады қамти алады.

Еуропа елдерінің көпжылдық тәжірибесі біздің күнделікті өмірімізде өз әдеттеріміз бен мінез-құлқымызды қайта

қарап, энергия ресурстарына деген қажеттілікті едәуір азайтуға болатынына сендіреді. Бұл өмір стандартының нашарлауын немесе жайлылықтан бас тартуды білдірмейді.

Тұрмыста тұтынылатын барлық энергияның 79%-ы үй-жайларды жылытуға жұмсалады, энергияның 15%-ы жылу процестеріне жұмсалады (суды жылыту, тамақ дайындау және т.б.), энергияның 5%-ы электр тұрмыстық техниканы пайдаланады және энергияның 1%-ы жарықтандыруға, радио және теледидар техникасына жұмсалады. Сандар орташа және көбінесе үйдің немесе пәтердің ауданына, жылу жүйесіне (газ қазандығы немесе электр), плитаға байланысты.

Өмір сүру жағдайлары өзгеруде. Энергия тасығыштардың бағасы өсіп, өсетін болады, ал олармен бірге халық үшін электр энергиясы мен газға, сондай-ақ азаматтардың тұрғын үй-жайларын жылыту және ыстық сумен жабдықтау бойынша тұрғын үй – коммуналдық қызметтерге тарифтер сөзсіз өсетін болады.

Энергияны үнемдеудегі ең қиын мәселе – өзіңізден бастау. Электр және жылу энергиясы үшін төлемдер отбасының бюджетіне айтарлықтай әсер ететіндігін күтпестен, біз күнделікті тұрмыстық қажеттіліктер үшін тұтынатын энергияға ұқыпты қарау әдетін тәрбиелеу қажет.

Электр энергиясын үнемдеудің ең көп таралған тәсілі-жарықтандыру үшін электр энергиясын тұтынуды оңтайландыру. Жарықтандыруға электр энергиясын тұтынуды оңтайландырудың негізгі іс-шаралары мыналар болып табылады:

- күндізгі жарықты барынша пайдалану (мөлдірлікті арттыру және терезе аймағын ұлғайту, қосымша терезелер);

- шағылысуды арттыру (ақ қабырғалар мен төбелер);

- жарық көздерін оңтайлы орналастыру (жергілікті жарықтандыру, бағытталған жарықтандыру);

- жарықтандыру құрылғыларын тек қажет болған жағдайда пайдалану;

- қолданыстағы көздердің Жарық беруін арттыру (Люстраларды, плафондарды ауыстыру, плафондардан кірді кетіру, неғұрлым тиімді шағылыстырғыштарды қолдану);

- қыздыру шамдарын энергия үнемдейтін (люминесцентті, ықшам люминесцентті, жарықдиодты) шамдарға ауыстыру.

Энергия үнемдейтін шамдардың артықшылықтары (қосымша 1):

- жетілдірілген электрониканың арқасында ұзақ қызмет ету мерзімі (тәулігіне 2,7 сағат пайдаланған кезде 12 жылға дейін);

- Кәдімгі шаммен салыстырғанда 80% энергия үнемдеу;

- керемет түс беру және түстердің кең таңдауы.

Электр жылыту және электр плиталары

Негізгі іс-шаралар:

- электр жылыту құрылғыларының оңтайлы қуатын таңдау;

- уақытты және оларды пайдаланудың талап етілетін қуатын азайту үшін электрмен жылыту құрылғыларын оңтайлы орналастыру;

- жылу алмасуды арттыру, оның ішінде электрмен жылыту құрылғылары мен электр плиталарының беттерін кірден тазарту;

- жергілікті (жергілікті) жылыту, оның ішінде рефлекторлармен бағытталған тасымалды майлы жылытқыштармен жылыту;

- температураны реттейтін құрылғыларды, соның ішінде автоматты қосу және өшіру, температураға байланысты Қуатты төмендету, уақытша таймерлерді пайдалану;

- жылу батареяларын пайдалану;

- жылу сорғыларын пайдалана отырып, электр жылытуды жылытуға ауыстыру;

- қыздырғыштың бетін толығымен жабатын кең жалпақ түбі бар ыдыстарды пайдалану.

- пісіру электр плиталарының орнына газды пайдалану.

- пісіру панельдерінің орнына көп пісіргішті қолданыңыз, ол дайындалған тағамды барлық жағынан герметикалық түрде жабады және жылудың сыртқа шығуына жол бермейді. Үнемдеу – 40%.

Тоңазытқыш қондырғылары

Тоңазытқыш қондырғылар мен тұрмыстық тоңазытқыштар үшін электр энергиясын тұтынуды төмендетудің негізгі әдістері:

- тоңазытқыш қондырғысының қуатын оңтайлы таңдау;

- корпусың (қабырғалардың) сапалы оқшаулауы, тоңазытқыш қондырғысының, тоңазытқыштың есіктері, сапалы оқшаулауы бар өнімдерге арналған тоңазытқыштағы мөлдір қақпақ;

- заманауи энергия үнемдейтін тоңазытқыштар сатып алу;

- тоңазытқышта мұздың, аяздың пайда болуына жол бермеңіз, уақытында жібітіңіз;

- қоршаған орта температурасынан жоғары температурасы бар материалдар мен өнімдерді Тоңазытқыш қондырғысына (тоңазытқышқа) қою ұсынылмайды-оларды ауада барынша салқындату қажет;

- тоңазытқыштан бас тарту мүмкіндігін талдау;

- жоғары сапалы жылуды кетіру-тұрмыстық тоңазытқышты батареяға немесе газ плитасының жанына қою ұсынылмайды.

Тұрмыстық және басқа құрылғыларды тұтыну:

- жаңа аудио, видео, компьютерлік және т. б. техниканы таңдаған кезде, жұмыс режимінде де, кезекші режимде де қуатты аз тұтынатын құрылғыға артықшылық беру керек (қазіргі заманғы тұрмыстық құрылғылардың көпшілігі электр энергиясын тіпті өшірулі күйде де пайдаланады, өйткені олар толығымен өшірілмейді, бірақ «ұйқы» режиміне ауысады «stand-by / off»);

- «ұйқы» режимін пайдаланбаңыз, егер ол құрылғыда немесе құрылғыда болса, құрылғыны розеткадан өшірген дұрыс;

- мүмкіндігінше, өз құрамында трансформаторлық қоректендіру блоктары бар аспаптарды импульстік қоректендіру блоктарына ұқсас аспаптарға ауыстыру;

- бір кесе сусынға қайнаған су қажет болса, толық шайнекті құймаңыз;

- қалдырмау қажет енгізілген желісін зарядтау құрылғылары үшін мобильдік

құралдары (өте өзекті бірі-өсіп келе жатқан көлемін және осындай аспаптар);

- ұзартқыштарды пайдаланудан аулақ болуға тырысыңыз, егер қажет болса, үлкен қималы сым бар жоғары сапалы ұзартқыштарды қолданыңыз (кішкене бөлімде сым қыза бастайды және электр қуаты құрылғының пайдалы жұмысына емес, ұзартқыш сымды жылытуға кетеді).

«ХИМИЯ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП» АТТЫ ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫН ӘЗІРЛЕУ

Жаманов Мейрамбек Елубаевич

Жалағаш ауданы М. Байділдаев атындағы №232 орта мектептің химия пәні мұғалімі

Даму жолындағы қоғамда ең алдымен білім дамуға тиісті. Ал білімді дамытатын сол үрдістің субъектілерінің принципті түрдегі жаңа әрекеттері мен жаңа қарым-қатынас нормаларын меңгеруі болып табылады. Оқушылардың жаңартылған бағдарлама аясында дайындығы және жоғары сынып оқушыларының бағдарлы оқыту концепциясына сәйкес, бағдарлы оқыту-оқушылардың тұлғалық және өмірлік орнын анықтауды қамтамасыз ететін оқытудың индивидуализациясы және дифференциациясы іске асырылатын орта жалпы білім берудің соңғы кезеңі. Бұл жоғары сынып оқушыларының қабілеттері, қызығушылықтарымен қажеттіліктері ескерілетін, оқушылардың танымдық және кәсіптік ниеттеріне сәйкес оқушылардың максималды дамуы үшін жағдайлар жасалатын оқу-іс-әрекетін ұйымдастыру жүйесі.

Дифференциация – бір тұтасты бірнеше бөліктерге, формалар және сатыларға бөлу, бөлшектеу деген мағынаны білдіреді. Білім беру жүйесі дамуының өткен кезеңінде «соңғы білім беру» типі қалыптасты, сол кезде білім, білік, дағдылар бүкіл кәсіби іс-әрекет пен өмір жолында өз құнын жоймай сақталып қалатын. Бұл қоғамдық өндірістің салыстырмалы түрде баяу эволюциясының және соған байланысты білім беру мазмұны құрылымының тұрақтылығы салдарынан болатын. Бүгінгі күні техника, технология, ақпараттық технологиялар даму қарқыны адамзат ұрпағының ауысуынан жедел жүріп жатыр. Жаңа білім беру сая-

саты «нәтижеге бағытталған құзыретті білім беру» деп аталды. Мұндай білім берудің мәні – ерекше зейінді дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сонымен қатар, жеке бөлшектелген білім беру салаларының білім, білік, дағдыларына емес, мектеп бітірушілерінің жылдам өзгеріп жатқан әлемге бейімделуіне дайын болуға мүмкіндік беретін базалық білім, білік, дағды түріндегі біртұтас сапалы соңғы нәтиженің қалыптасуына қойылатын талаптарға аударады. Маманның пәндік-білімдік үлгісіне балама ретінде маманның құзыретті үлгісі болады. Жиі пайда болып және өзгеріп отыратын мәселелерге іс-әрекетімен мінез құлқы пара-пар болатын адам құзырлы деп саналады [1]. Оқушылардың 12 жылдық мектептегі элективті мәселелерін зерттеу Қазақстанның педагогикалық ғылымының приоритетті бағыттарының бірі болып табылады [5].

Орта мектептің жоғары сыныптарындағы элективті курсты оқытудың педагогикалық орындылығы былайша түсіндіріледі:

- жоғары сынып оқушыларында нақты бір іс-әрекет түрлеріне тұрақты қызығушылығының болуымен;

- оқушылардың тұрақты қызығушылықтарын оқыту және тәрбиелеу мақсаттары үшін қолдану қажеттілігімен;

- дарынды оқушылардың өскіндерін және қабілеттерін максималды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- оқушылардың шамадан тыс жүктемесін жоюға ұмтылумен;

- оқушылардың кәсіби бейімделу қажеттігімен түсіндіріледі

Бағдарлы оқытудың негізгі мақсаттары оқушылардың мектеп бітірушілерінің моделіне сәйкескелетін және олардың еңбек нарығының шарттарына бейімделуіне, сондай-ақ бітірушілерге кең орта білімді әрболашақ маманға қажет қысаң мамандандырумен сәйкес келетін түлектің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу қажеттілігінен туындайды.

Бағдарлы оқытуға көшіру келесі мақсаттарды көздейді:

- жеке жалпы білім беретін пәндерді тереңдетуді қамтамасыз ету;

- оқытудың дифференциациясы үшін, қабілеттері, икемдерімен қажеттіліктеріне сәйкес оқушыларға жеке білім беру траекториясын таңдауына, дифференциацияға жағдай жасау;

- әртүрлі деңгейдегі оқушыларға, олардың қабілеттеріне жеке бас икемдеріне және қажеттіліктеріне сәйкес толық білім алуына бірдей мүмкіндік орнатуға ықпал жасау;

- жалпы және кәсіби білім беру арасындағы байланысты қамтамасыз ету, мектеп бітірушілерін жоғары кәсіби білім бағдарламаларын игеруіне неғұрлым тиімді дайындау [2];

Элективті курстар – оқушылар таңдап алған міндетті оқу курстары, олардың мазмұны оқушылардың жеке білімге деген қызығушылықтарына сәйкес танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға мүмкіндік беріп, пәндер бойынша білімдерін кеңейтіп, тереңдетуге ықпал етеді. Элективті курстары оқыту таңдалған бағдарлы пән қолданылатын тіршіліктің нақты аумақтарына қажетті қолданбалы білім, білік және іс-әрекет түрлерін алу жағына бағытталған. Оқушылардың жеке сұраныстарын зерттеу негізінде оларға оқу бағдарынан өзгеше болатын, бірақ тұлғалық бейімделуді және оқушының білім қажеттіктерін қамтамасыз ететін курстар ұсынылуы мүмкін.

Элективті курс – оқушылардың әртүрлі танымдық қызығушылығын қанағаттан-

дыратын, профильдің мазмұнын толықтыратын, оқу жоспарының жаңа элементі. Элективті курс кез келген тақырыпта болуы мүмкін, яғни жалпы білім бағдарламасының шекарасында жататын және одан тыс аймақта. Элективті курс, ол оқыту процесін актуализациялау мен индивидуализациялаудың жаңа механизмі. Жақсы ұйымдастырылған элективті курстардың жүйесі оқушыға белгілі талап тілегіне сәйкес білім алып шығуына мүмкіндік береді. Элективті курстар мектептің жоғары сатысында профильді оқыту жүйесінде маңызды роль атқарады. «Жалпы білім берудің профильді оқыту тұжырымдамасына» сәйкес жоғары сыныптардағы оқытудың мазмұнын дифференциациялауды әр түрлі курстардың мына 3 типінің негізінде жүзеге асырылады: базалық, профильді, элективті. Бұл үш типтің әрбір курсы профильді оқыту мәселесін шешуде өз үлесін қосады. Базалық курс – білім берудің барлық оқушыларға міндетті инвариантты бөлігі және оқушылардың жалпы білім алу дайындығын аяқтауға бағытталған.

Профильді курстар – жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз етеді және бірінші кезекте кәсіби білімді алуды жалғастыратын мектеп бітірушілерді дайындауға бағдарланған.

Элективті курстар – әрбір оқушының жеке білімге қызығушылығын, талап тілектері мен және икемділігін қанағаттандыру мен байланысты. Сондықтан ол мәні бойынша жеке білім беру бағдарламаларын жасаудың маңызды құралы болып табылады және мейлінше әр оқушының қызығушылығына, қабілетіне, өмірлік жоспарына сәйкес таңдауына байланысты болады.

Жоғарыда атап өткендей базалық пәндердің профильді және элективті курстардың көлеміндегі ара қатыс жобамен алғанда оқу жоспарының жалпы сағат санынан сәйкесінше 50%, 30%, 20% болуы мүмкін. Мектепте элективті курстар білім беру мекемесінің оқушы компонентіне бөлінген сағаттардың есебінен жүзеге асырылады. Элективті курстар әдетте 10-11 сынып оқушыларына өткізіледі. Сонымен бірге оқушыларға кәсіби таңдауына бағдар беру мақсатында мектептің 9 сыныптарында кәсіп

алдындағы дайындықты өткізуді қарастыруға болады. Бұл үшін базистік оқу жоспарында арнайы ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстарға аптасына 2 сағат (68 сағат) бөлінеді. Олардың мақсаты оқушыларға жоғары сыныптағы профильді оқытуға қатысты өз шешімін табу. Жоғарыда айтып өткенде бұл жағдайда оқу жылы барысында оқушы 8 әр түрлі курсты (бірақ мерзімде), 4 курсты (тоқсанішінде) немесе 2 түрлі курсты тындауы мүмкін. Мектепке элективті курсты енгізе отырып, оған бағдарлама мен оқу құралы қажеттігімен қоса оны оқытудың толық әдістемелік жүйесі керек екендігін есекеру қажет. Элективтік урстардың жұмыстарын ұйымдастыру келесі ретке сәйкес жүргізеді:

- оқу пәндерімен ендірілетін элективті курстардың жиынтығы анықталады;

- оқушы өзінің қызығушылығына, жоспарлаған кәсібіне байланысты таңдаған профилімен оған қатысты элективті курстарға сәйкес жеке жоспар құрады мектеп әкімшілігіне өткізеді;

- алдыңғы екі пункті ескеріп мектептің келесі оқужылына оқу жоспары жасалады;

- соған сәйкес сабақ кестесі құрылады. Сабақ кестесінде сыныптар, элективті топтар, қатар жүретін базалық топтар және қатар жүретін прфильді топтар ескеріледі;

Элективті курстар қысқа мерзімді болады және әртүрлі бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларына негізделеді.

Мектеп немесе басқа білім беру ұйымдары ұсынатын элективті курстардың мөлшері оқушы таңдауға міндетті курстардың саны мен салыстырғанда артық болуы тиіс.

Элективті дифференциацияны ұйымдастыру түрлері ретінде оқушылардың таңдау бойынша курстарын (соның ішінде факультативтер, үйірмелер, элективті курстар), зерттеушілік, шығармашылық, жобалық іс-әрекеттерін көрсетуге болады. Сөйтіп, «элективті дифференциация» ұғымы оны ұйымдастырудың бір түрі болып табылатын және бірқатар пәндерді таңдаумен шектелмейтін «элективті курстар» ұғымынан едәуір кең мағынада болады [4]. Элективті курс – (латынша electus –

таңдаулы) бұлоқушылар таңдауы бойынша іске асырылатын міндетті курс. Мұндай курстар біздің еліміздің қазіргі заман білім беру тәжірибесінде орта мектептерді 8-9 сыныптарындағы бағдарлы дайындыққа дайындау кезінде және 10-11 (11 жылдық мектептерді мысалға алғанда) сыныптарындағы бағдарлы оқыту негізінде енгізілуде [3].

Кесте 1

Дифференциацияның екі түрінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Элективті курстар	
Мақсаты: оқушылардың білімін тереңдету, қызығушылықтарын, қабілеттерін және икемдерін дамыту, өздігінен кәсіби анықталуы	
Оқушылықтар өз қызығушылықтарына сай таңдайды	
Стандарттармен БМЕ-ның болмауы	
Ұқсастықтары	Айырмашылықтары
Оқушылардың бір бөлігі ғана таңдайды	Әр оқушы таңдайды
Сабақтар оқу кестесіндегі сабақтар торының сыртына шығарылған (7-8 сабақтар)	Сабақ кестесінде басқа сабақтар сияқты көрсетілген
Қатысуға міндетті емес	Қатысуға міндетті
Ұзақтығы кем дегенде 34 сағат. Сабақтар түгел оқу жылына жоспарланады	Ұзақтығы 6-8 -ден 72 сағатқа дейін, 1-2 айға, тоқсанға, жарты жылдыққа жоспарлануы мүмкін
Бір пән бойынша бір курс ұсынуға болады	Курстар әр пән бойынша мүмкін болатын таңдауға қарағанда артық мөлшерде ұсынылуы қажет

Бағдарлы оқытуды ұйымдастырудың қазіргі күйі мен болашағынан анализдеу үшін ең алдымен бағдарлы сыныптар пәнді тереңдетіп оқытатын сыныптардан қалай ерекшеленетіндігін анықтау керек.

Оның айырмашылығы мамандану деңгейінде жатыр, сонымен қатар сәйкес

оқу пәндерін оқыту тереңдігіне және қаншалықты оқушылар қауымын қамтып жатқандығына байланысты. Тереңдетіп оқыту оқушылар дайындығының неғұрлым жоғары деңгейін білдіреді, сонымен қатар олардың санын азайтады. Бағдарлы оқытуды «мектептің жоғары сатысындағы неғұрлым демократиялық және кең фуракциясы деп түсінуге болады. Әр бағдарда негізгі зейін жалпы жүктеменің қомақты үлесі берілетін бағдарланушы пәндер тобына бөлінеді». Элективті курс сабақтарын ұйымдастыру кезінде оқытудың тек дәстүрлі әдістерін қолдану жеткіліксіз, қазіргі заман білім беру жүйелерімен оқыту технологиялары қажет екендігі бүгінгі күні баршаға мәлім.

Кез келген басқа жалпы білім беретін курстар сияқты бейін алды элективті курстарыда, білім берудің жалпы дидактикалық принциптеріне сәйкес құрылады.

- оқылатын пәннің жүйесіне сәйкестік; мазмұнның ғылымилығы;
- осы кезде дейін қолданылып келген курстардың шектерін кеңейту, оларды тереңдету;
- іс-әрекеттің практикалық бағыттылығы;
- пәнаралық сипатта болуы;
- дамытытушылық тұрғыда құрылуы;
- оқушылардың жастық және психологиялық ерекшеліктерінің ескерілуі;
- республикалық, аймақтық ерекшеліктерді ескеру; кәсіби бағытта болуы.

Элективті курс мазмұнын таңдау кезінде міндетті түрде бейін алды дайындық мақсаттары мен міндеттерін негізге алып, химияны оқуға деген қабілетін дамытудың көзделуі негізгі мақсатқа айналады. Курс мазмұнын меңгерту барысында оқушыларға үнемі проблемалық сұрақтар қою және өзіндік жұмыстар орындату жағына баса көңіл бөлінді. Проблемалық жағдаяттарда сұрақтарға жауап іздеу арқылы оқушылардың осы саладағы қазіргі заманның басты мәселелерімен танысып, көзқарастары кеңейію негізінде оқытудың тәрбиелеуші потенциалы жоғарылады. Оқу мотивациясы күшейіп, «химия» саласынан өз қабілеттерін тексеру мүмкіндігі артты. Курстың негізгі мақсаттарымен міндеттерін

жүзеге асыру барысында оқушылардың құзырлығы дамып, іс-әрекетке дайындығы күшейтілді.

Оқушылардың бейіналды даярлығының негізгі формасы ретінде таңдау бойынша курстары – элективті курстарды атауға болады. Бейіналды оқыту жүйесіндегі элективті курстар негізгі мектеп оқушыларының мектептің жоғары сатысында болашақ бейін бағытын саналы түрде таңдап алуға көмек көрсетуші және жеке білім беру траекториясын құруға мүмкіндік беретін құрал болып табылады. Қазіргі кезде бейіналды курстардың нақты белгіленген типологиялары жоқ, көбінесе ғалымдар оларды үш типке (пән бойынша (сынаушы), пәнаралық және бейімдеуші) бөліп көрсетеді.

Пән бойынша, мұндай элективті курстарын іске асыру барысында келесі міндеттер шешіледі:

- пәндік сынақтарды өткізу;
- оқушының бұл бағдарға қатысты мүмкіндіктеріне баға беру,
- таңдалған пәнді тереңдетілген деңгейде игеруге дайындығын анықтау;
- бағдар іс-әрекеттерінің құрам бөліктерімен танысу;
- базалық пәндік білімді кеңейтіп, толықтыру, таңдау бойынша емтиханға дайындалуына жағдай жасау;
- оқушыларды берілген бағдарға сәйкес келетін іс-әрекет түрлерімен таныстыру.

Жоғарыда аталған курстарға қойылатын негізгі талаптардың бірі – олардың қысқа уақытта өткізілуі, ең тиімді ұзақтығы – бір тоқсан (8-18 сағ.).

Пәнаралық элективті курстар дәстүрлі оқу пәндерінің бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді. Олар мектеп оқушыларын бірқатар пәндер бойынша білімдерінің синтезін талап ететін кешенді мәселелер және міндеттермен, сонымен қатар оларды әртүрлі кәсіби салаларда шешу әдістерімен таныстырады. Мұндай курстардың міндеттері:

- оқушылардың білімін жаратылыстану математикалық бағытта жалғастыруына бейімдеу;

- оқушылардың икемдерін, қабілеттерімен қызығушылықтарын дамыту;

- әлемнің интегративті бейнесін қалыптастыру;

Бейімдеуші элективті курстар – оқу бағдарын таңдауға және оқушылардың кәсіби бейімделуі бойынша психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Олардың алдына келесі міндеттер қойылады:

- оқушылардың қазіргі заман мамандықтар әлеміне бейімделуі үшін негіз болуы;

- типтік-әрекет түрлерімен іс-жүзінде танысу;

- кәсіби сынақтарды ұйымдастыру;

Бұл курстар таныстырушы сипатқа ие болғандықтан, қысқа уақытта өткізіледі және жиі ауыстырылып отырылады. Бір курстың ең тиімді ұзақтығы – бір тоқсан. Жалпы білім беретін мектептердегі химия пәнінен жүргізілетін таңдау курстарын келесідей мазмұнда топтастыруға болады:

- күрделілігі жоғары химиялық есептерді шығарудың әдіс-тәсілдерін оқып-үйренуге бағытталған курстар;

- бейорганикалық химия бойынша типтік және эксперименттік есептерді шығарудың әдіс-тәсілдерін оқып-үйренуге бағытталған курстар;

- химия пәні бойынша практикалық және лабораториялық жұмыстарды орындаудың технологиясын оқып-үйренуге бағытталған курстар;

- органикалық химия бойынша есептер шығарудың әдіс-тәсілдерін оқып-үйренуге бағытталған курстар;

- пәндік олимпиадаларға және ғылыми жобаларға дайындалуға бағытталған курстар;

- химияның күнделікті тұрмыста, өндірісте, ауылшаруашылығында, медицинада, мұнай өнеркәсібінде қолданылуын оқып-үйренуге бағытталған курстар;

- химияның қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсерін оқып-үйренуге бағытталған курстар;

- химияның және химиялық элементтердің шығу тарихын оқып-үйренуге бағытталған курстар. Мұндай сан алуан тақырыптарды қамтитын таңдау курста-

рының оқушылардың өзін-өзі дамытуына, болашақ мамандығына бейімделуіне, алған білімдеріне біліктері сай функционалдық сауатты, креативті тұлға болып қалыптасуына ықпал етері сөзсіз.

Республикамыздың жалпы білім беретін мектептеріндегі химия пәні бойынша таңдау курстарының тақырыптары мен мазмұны оқушылардың жасерекшеліктеріне, танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес таңдап алынған. Мәселен, 5-7 сыныптарға арналған таңдау курстары («Жасхимик», «Химия айналамызда») оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын оятып, дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді.

8-9-сыныптарда «Тұрмыстық химия» таңдау курсы оқушыларды күнделікті өмірде жиі қолданатын химиялық заттарды қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жаңа өмірлік дағдыларды меңгеруге бағыттаса, «Химия және қоршаған орта» курсы оқушыларды қоршаған ортада өзін дұрыс ұстауға, тірі және өлі табиғатқа гуманистік көзқарасқа, экологиялық сауат-ты қарым-қатынасқа тәрбиелейді.

«Химиялық есептерді шығару әдістері», «Химиядан күрделілігі жоғары есептерді шығару» курстарында күнделікті өмірге байланысты химиялық есептер көптеп берілген. Бұл курстар оқушыларды қиын есептерді шығарудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді, білім деңгейін жоғарылатады. 10-11 сыныптарда өткізілетін «Бейорганикалық және органикалық қосылыстар химиясы» және «Органикалық химияның есептерін шығару жолдары» тақырыптары бейорганикалық және органикалық заттардың өзара тығыз байланысын түсіне білуге, органикалық есептерді күнделікті өмірмен байланыстыра отырып шығаруға баулиды, оқушылардың дүниетанымын, функционалдық сауаттылығын дамытады. Қазіргі таңда мектеп оқушыларына пән мазмұндарын меңгерумен қатар, олардың болашақ қоғам мүшесі ретінде алдын-ала өз мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын, бейімділіктерін ескеріп, бейінді білім алуға деген дайындықтарын қалыптастыруға баса көңіл бөлуді көздеп отыр. Бұл мақсаттар осы заңның әлеуметтік және экономикалық талаптарынан туындайды.

Сондықтан да, білім беру саласына арналған негізгі мемлекеттік құжаттадың бәрінде де осы мәселені басқа көрсететіндігін осы зерттеу жұмысының ішінде талдап көрсеттім. Элективті курсқа арналған зерттеуерді, әдістемелік қорытындылай келе осындай аймақтық материалды қолдануға арқылы элективті курс құрас-

тыру оқушының өз өңіріндегі кен кәсіпорындары туралы, өндірістік үдерістер туралы жан-жақтылы мағұлымат алуына мүмкіндіктер берумен қатар өз ісінің білгірі болған маманға жұмыс орнының кен мүмкіндіктері бар екендігін, осы негізде бейіні бойынша мамандық таңдауына бағыт бағдар алады деуімізге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.А. Казахстанна порогонового рывка впередвсвоем развитии. Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти наиболее конкурентно способных стран мира. //Казахстанская правда, 2006. - №3. - С. 45-46.
2. Кусаинов А.К., Абенова Т.К., Башар Р.Б. Национальные системы образования: общая характеристика, структура. – А.: Ронд.-2004. - С. 76-79, 86-90, 99-104.
3. Концепция пред профильной подготовки учащихся и профильного обучения старшеклассников. Астана: Республиканский научно-практический центр проблем 12-летнего образования, 2006. - 44 с.
4. Словарь иностранных слов. - 7-е изд., перераб. - М: Русский язык.- 1980. – 624 с.
5. Сарыбеков М.Н. Структура и содержание предпрофильной подготовки в основной школе, профильного обучения в средней школе в свете формирования ключевых предметных и базовых компетенций в составе полипрофильной средней школы как модели с личностно-ориентированной парадигмой: Отчет о НИР (промежут.) ТарГПИ 10.12.2007. – 308 с.
6. Большой толковый словарь русского языка //Сост. игл. ред. Рос. акад. наук, ин-т лингвист, исслед. Кузнецов С.А. - СПб.: Норинт, 2004. -1536 с.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ: ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛҚЫТАРЫН САБАҚҚА ПРОЦЕСІНЕ ЕНГІЗУ ТЕТІКТЕРІ

Жүнісов Бақытжан Алдабергенұлы

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы І. Қабылов атындағы №32 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Жас ұрпақтың жанаша ойлауын, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейдегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жанаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерінің бірі. Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – тәуелсіз мемлекетіміздің уығы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Бүгінгі бала тек мұғалім берген білімді игеріп қана қоймай, оны әрі қарай өзінің белсенді, нысаналы, зерделі, дарындылық іс-әрекетімен сабақтастыра білгенде болашағы кемел болары сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын

айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады. Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет.

Озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын: *Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық құндылықтарын* саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Сабақтағы құндылықтар: сабақ басында, сабақ ортасында, сабақ соңында көрініс табуы мүмкін. Бала бойына құндылықтарды ғибратты әңгіме, тереингтер, түрлі ойындар, өмірбаян, пікір алмасу немесе тәрбиелік мәні бар бейнеролик көрсетілімдері арқылы құндылықтарды дарытуға болады.

Маңызды ақпарат:

- Сабақ ішіне н/е іс-шараларға кіргізуді ертеден жоспарлау
- Құндылық тек қана біреу болмайды
- Құндылық әрқашан тақырыпқа сай болуы шарт емес
- Қандай құндылық екенін айтпаймыз, тек нұсқаймыз

Күнделікті:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

Білім мазмұны арқылы құндылықтарды ендіру тәсілі:

1. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

Өз елінің ұлттық мүдделерін, құндылықтарын, дәстүрлерін, мәдениетін, мұрасын зерделеу, ілгерілету бойынша білім мен дағдыларды көздейтін күтілетін нәтиже.

2. Үлгілік оқу бағдарламасында оқу мақсаты арқылы ұсынылуы

Құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыру үшін өз елінің географиясын, тарихын және мәдениетін зерттеу.

3. Оқулық мәтіні

Патриоттық тарихи оқиғалар мен өз елінің мақтанышына шабыттандыратын тұлғаларға арналған мазмұнды қосу.

4. Тақырып бойынша тапсырма

Ұлттық құндылықтарды зерделеуге және түсінуге бағытталған зерттеу жұмыстары мен жобаларды жүргізу.

5. Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру

Оқушылардың өз еліне деген сүйіспеншілігін көрсету үшін Ұлттық мерекелер мен еске алу күндеріне арналған іс-шараларды ұйымдастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы.
2. Б.Бопайұлы. «Қазақ дәстүрлері»
3. Г.Ж.Өтемісова. «Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар»

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ

Альжанов Жандос Ахметжанович

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Абай атындағы №50 орта мектептің
құқық негіздері пәні мұғалімі*

Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға саналы адам қалыптастыру – мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі десек, ол міндетті іске асыруға басты мақсат жасөспірімдерді жаңа рухта, құқықтық сауатты етіп тәрбиелеу болмақ. Дәл қазіргі уақытта қоғам үшін басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәметке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Өкінішке орай кейбір жасөспірімдер қылмыс пен құқық бұзушылықтың арты неге әкеліп соғатынына аса мән бере қоймайды. Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды. Құқықтық сауаттылықты арттыру құқықтық тәрбиемен келеді. Кәметке толмағандардың қылмысын ерте алдын алудың негізгі құралы құқықтық сананы дұрыс тәрбиелеу және қолайсыз отбасын декриминализациялау, бұған құқықтық нормаларды жетілдіру және балаларды тәрбиелеудегі азаматтардың жауапкершілігін арттыру шаралары енеді. Бұл шараларды іске асыруда мектеп табалдырығындағы жасөспірімдерге арналған құқық негіздері пәнінің ролі маңызды болмақ.

«Тәрбие – тал бесіктен» демекші, балаларымыздың болашақ «кәмет адам», Абай айтқан «толық адам» болып өсуіне отбасы, мектеп, ата-ана үштігінің үйлесімді жұмысы оң әсерін берері анық. Өйткені, жасөспірімдердің қалыптасуына әсер ететін бірнеше факторлар белгілі. Атап өтер болсақ:

Отбасы. Әр отбасы жеке мемлекет. Отбасындағы қарым-қатынас жасөспірім үшін, оның тұлға ретінде қалыптасуы үшін үлкен тәрбиелік мәнге ие. Қазіргі уақытта көптеген отбасыларда балаларды ата-аналардың бірі, көбінесе анасы тәрбиелейді, бұл жасөспірімдерді тиісті қадағалаудың болмауына әсер етеді, оған моральдық қолдау, қамқорлық, көңіл бөлінбейді-мұ-

ның бәрі тұлғаның қалыптасуына кері әсер етеді. Сондықтан, отбасындағы әкелердің жауапкершілігі арттыру керек. Әке – ұлы күш пен сабырлықтың иесі іспеттес. Әке баласының физикалық және рухани тұрғыдан мықты болып өсуіне көп мән беру керек. Сондай-ақ ұқыптылық, адалдық, мейірімділік, өзгелерге жақсылық жасау секілді адами қасиеттерді ұзын-сонар әңгіме немесе ақыл айтып емес, әке өзінің іс-әрекетімен көрсетсе бала санасында мәңгі есте қалады

Мектеп. Мектеп қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Ал, мектепті бітірген азаматтар қоғамға араласады, қоғамдағы құндылықтарды қалыптастырады. Осы тұрғыдан келгенде қоғамның рухани-мәдени келбетіне мектептің тигізер ықпалы күшті. Жас ұрпақтың өсіп-жетілгенде қандай болатыны ең алдымен оның тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деп айтқаны бүгінгі күні де маңызға ие. Сондықтан, қазіргі таңда да балабақшада, мектепте, тіпті жоғары оқу орында да тәрбиеге жете көңіл бөлінгені дұрыс. Себебі, білім алдыңғы орынға шығып, тәрбиеге көңіл бөлінбей қойса, мұның арты адамның толыққанды тұлға болып қалыптасуына кері әсерін тигізері сөзсіз. Өз ортасымен қарым-қатынасы қиын жасөспірімдер көбінесе сыныпта оқшауланып, өздерін бөтен сезінетіндігімен, әдетте қиын жасөспірімдер нашар оқитындығымен күрделене түседі. Оқуы қиын жасөспірімдерді сынып ұжымында оқшаулау олардың құқық бұзушылық жолына түсуіне ықпал ететін басты себептердің бірі болып табылады.

Көше. Отбасында және мектепте қолдау мен көңіл бөлінбей өскен кәметке толмаған адам қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандыра алатын басқа ортаны іздейді. Жасөспірім, әдетте, көшеде қарым-қатынастың жетіспеушілігін толтыруға тырысады. Егер мұнда ол «жаман» әсерге

ұшыраса, онда оның қалыптасуы теріс болуы мүмкін. Әдетте, мұндай жасөспірімдердің тұрақты қызығушылықтары жоқ, спорттық және басқа үйірмелер мен секцияларға қатыспайды, мақсатсыз уақытты өткізуге мәжбүр болады.

Оң нәтиже тек отбасының, мектептің және сыртқы демалыс және әлеуметтік мекемелер мен ұйымдардың бірлескен және үйлесімді жұмысымен ғана оң нәтиже бермек.

Әрбір жасалған дұрыс емес әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілік бойынша жауап беру заңда көрсетілген. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік дегеніміз – шартта немесе заңда көрсетілген ретте жүктелген міндеттемені бұзған субъектіге қолданылатын мүлікті өндіру немесе мүліктік салмақ салу нысанында болып келетін жауап кершіліктің түрі. Қазір елімізде құқықтық сауаттылық мәселесі- ең маңызды болып отыр. Өйткені, өз құқығын білмегендіктен тұрғындар тиісті міндеттерді орындай алмайды.

Осы себеппен әрбір жасөспірім құқықтық сауатты болуы тиіс. Құқықтық сауаттылықты арттыру үшін заңдар мен құқықтық нормаларды білу қажет. Бұл азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерін білу, сондай-ақ сот төрелігінің рәсімдері мен тетіктерін түсінуді қамтиды. Мұндай ақпаратқа ие азаматтар өз құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауға, сондай-ақ қақтығыстардың алдын алуға және құқықтық деңгейде шешуге мүмкіндік алады. Құқықтық сауаттылық жеке азамат үшін ғана емес, қоғам өмірінің әртүрлі салаларында да маңызды.

Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар. Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-жақты сезіну керек.

«Тәртіпке бас иген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп Б.Момышұлы айтқандай, еңбек тәртібін сақтап, заңды құрметтеп, тыныш жүрсе, одан ешкім де ұтылмайды.

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру.

Құқықтық мәселелерді сөз ету, оны тыңдаушысына жеткізіп бере білу аса қиын өнер. Жасөспірімдердің арасындағы құқық-бұзушылықтың алдын-алу және оны болдырмау жұмыстарының негізінде тек қана білімді болумен шектеліп қоймай, сонымен бірге тәжірибелі, көпті көрген, адамдардың жүрегіне барар кілтті таба білер тәрбиеші болу да маңызды болып табылады.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасалып отырса, жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылық пен қылмыстың болмауына көп септігін тигізер бірден бір себеп болатын еді. Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықтың не екенін ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру – құқықтық сананың негізгі белгілері болып табылады. Аталған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу – отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады.

Жасөспірімдерді патриотизмге тәрбиелеп қана қою жеткіліксіз. Ол үшін ұлттық идеологияны күшейтіп, халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұрасын, дархан пейілін, ұлтжандығын қайсарлығын насихаттап көрсете білуіміз керек. Сонда ғана жоғарыда айтылғандар жүзеге асып, өз Отанын сүйетін, абыройын асқақтата алатын шын мәніндегі жанашыр жалынды жастарды тәрбиелеуге мүмкіндік туады. Өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарын пайдалана біліп, қатыгездіксіз өмірлерінің сақталуы жолында аянбай еңбек ету – біздің басты парыз. Сондықтан да, жаһандану үрдісі басым болып, батыстық өркениетке еніп келе жатқан қазіргі кезеңге жас жеткіншектерді жаңа заман талабына сай озық ұлттық дәстүр рухы негізінде тәрбиелеп, игі нәтижелерге жету жолында аянбай еңбек етейік.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ЖАЗУ ӘРЕКЕТІН ҮЙРЕТУДЕГІ ҒАЛАМТОР РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Камалова Айгерим Сериковна

*Қызылорда облысы, Сырдария ауданындағы №147 орта мектептің
ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Заман талабына сай еліміздің білім сапасын көтеру мақсатында білім саласында көптеген оңтайлы өзгерістер болып жатыр. Мәдениетаралық қатысымның жазба түріне үйрету кезінде ақпараттық құралдарды қолдану өте маңызды деп есептелінеді. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры болғандықтан, қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор, өйткені заман талабына сай білімді, әрі білікті тұлға ретінде қалыптастыру әр мұғалімнің басты міндеті болып табылады.

Мұғалімдердің алға қойған міндеттерінің бірі ретінде оқушылары тек өздері тарапынан берілген біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың өздігінен білім алуын дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажетті жағдай жасау және оқушылардың өздеріне сенімділігін арттыру алға қойылған мақсаттардың бірі болады.

Ағылшын тілін үйретуде мәдениетаралық қатысымның маңызды рөл атқаратынын көптеген ғалымдар зерттеген және еліміздің ғалымдарының бірі С.С.Құнанбаева өз еңбектерінде ағылшын тілін меңгеру барысында, сол елдің мәдениетінде үйрену керек екенін зерттеген және тілдің сол елдің мәдениетін көрсететінін айқындаған. Тіл мен мәдениеттің арақайшылығы басым болса, онда ол тілді қарым-қатынас құралы ретінде үйрену қиынға соғады деп көрсеткен [3]. Яғни, ағылшын тілін үйренуде мәдениетаралық қатысымның маңызы зор екені көрінеді.

Мәдениетаралық қатысымның жазбаша түрін оқушыларға үйрету кезінде оқытушылар тарапынан үлкен жауапкершілік болу керек деп ойлаймыз, өйткені мұғалімдердің алға қойған міндеттерінің бірі оқушылардың жазба жаттығуларын дұрыс ұйымдастыруға деген қабілетін арттыру

керек. Осы тұрғыда жазу әрекетін ұйымдастыру кезінде мұғалімдер жазба жұмыстарын, оларға қойылатын тапсырмаларын жеңілден күрделіге қарай бағыттау керек деп есептейміз.

Жазу әрекетін жақсарту мақсатында екінші тіл ретінде ағылшын тілін үйреніп жүрген оқушыларға бағытталған жазба жұмысын жүргізу болады. Осы тұрғыда оқушылардың ағылшын тілінде жазу әрекетін ана тілімен және өздері оқып жатқан негізгі ағылшын тілімен салыстыруға мүмкіндігі бар деп есептейміз. Мысалы, ағылшын тілінде шығармашылық диктанттың жүргізілу тәсілдері түсіндіріледі. Ары қарай мазмұндаманы жазу барысында оқушылардың психикалық үрдістері (түйсік, қабылдау, зейін, ес, ойлау, қиял, сезім, ерік) күшейеді, әсіресе ой қызметінің белсенділігі артып, мидың үлкен жарты шар қабығында өтіп жататын анализдеу, синтездеу әрекеттері пайда болады, өйткені мәтінді алдын-ала синтездеудің, яғни жазбас бұрын мәтінді жобалап алудың, қате жібермеу үшін тигізер пайдасы мол деп тұжырымдаймыз.

Мазмұндама оқушылардың білім – деңгейлеріне қарай бірте-бірте күрделене береді. Жоғары сыныптарда мазмұндама жұмыстары көп жүргізілмейді, өйткені жұмыстың бұл түрі кең көлемді шығарма жазуға дайындық ретінде қолданылатындықтан, ендігі жерде шығарма жазуға ауысады [4]. Мазмұндама жазудың нәтижесі ретінде оқушылар есте сақтау қабілетін дамытып, ойын жүйелі түрде жеткізуге әрекеттенуін білдіреді. Яғни, оқушылар жеңіл жазба жұмысынан күрделіге қарай аяқ басқанда жеңіл жазба жұмыстарында грамматика, лексика, орфография дамиды деген тұжырым бар.

Оқушыларға ағылшын тілін үйрету барысында, олардың шығармашылық қабілетін дамыта отырып, жазу мәдениетін

калыптастыру әрбір мұғалімнің алға қойған міндеттерінің бірі екені айқын. Осы тұрғыда оқушыларға ағылшын тілі сабағында эссе жазу басты тапсырмалардың бірі болып табылады. Эссе дегеніміз (француз тілінен алғанда *essai* – тәжірибе, латын тілінен *exagium* – құрау дегенді білдіреді) философиялық, әдеби тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін.

Жазу әрекетінің түрлерін ары қарай эссемен жалғастырсақ болады. Эссе дегеніміз публицистикалық жанр ретінде қоғамдық және әдеби өмірде кең тараған құбылыс сипатында нығайып келеді. Оқушыларға әртүрлі шығармашылық байқауларда эссе жазу тапсырылады. Ойды қағаз бетінде жазбаша жеткізу шығармашылықты қажет ететін қиын жұмыс деп ойлаймыз. Мұнда әрбір сөз айқын түсінікпен сәйкес келіп, ой, сезім, идея дәл бейнеленуі тиіс автордың өзіне тән ерекшелігіне сай тілі жатық, бейнелі әрі бай және стилі жеңіл болу керек деп ойлаймыз. Сонымен қатар, эссені жазу кезінде, оқушы алдымен өзі таңдап алған тақырыптың өзекті мәселелерін қарастыру керек, сонымен қатар эссе жазу кезінде қандай мәселе туралы хабарлау керек және қандай мәліметтер талқыланады деген сауалдарға жауап таба білу керек, сонымен қатар, осы эссені жазуға не себеп және оны кім оқиды деген деген сұрақтарда көтеріліп отырады. Оқушы эссе жазғанда, көңіл-күйін жеткізу үшін мәнерлі, мазмұнды, дұрыс сөздерді таңдай білу керек. Эссе жазатын адам үшін ең маңызды қасиет ол тілді еркін меңгеру, басқалардың сезіміне әсер ететіндей дәл және анық бейнелі етіп сабақтастыра жаза білу. Әрине осындай күрделі тапсырмаларды орындау барысында оқушы өзінің әдеби тіл байлығын жеткізуге тырысады және көмекші құрал ретінде ғаламтор ресурстарын пайдаланып, оңтайлы жетістіктерге жетеді деп ойлаймыз.

Оқушылар алдын-ала Интернет желісіндегі өзіне керекті сайттар арқылы эссені қалай жазуға болатыны туралы мағлұмат алады. Осы орайда, оқушыларға көмекке

мұғалімдер келеді және олар эссені қалай жазу туралы толық ақпарат береді. Мысалы, мұғалім мен оқушылар сабақ кезінде бір тақырыпқа сай дайындалған эссені талқылайды және оқушылар сол эсеге жақын өз жұмыстарын жасауға әрекеттенеді. Эссені жазар алдында оқушы алдымен өзіне жоспар құрады және төменде көрсетілген сұрақтарға өзі жауап беруі керек. Мысалы: - эссені жазуға қандай мақсат қойылады? - эссе кімге бағытталған? - эссенің негізгі идеялары қандай? - эсеге деген оқырманның пікірі қандай болады? Яғни, ағылшын тілінде эссені жазбас бұрын, оның кімге бағытталғанын анықтауымыз керек деп ойлаймыз және сол эсеге бағытталған мақсат, ой және пікірді анықтауымыз керек. Оқушылардың ағылшын тілінде эссе жазудағы басты мақсаттарының бірі – белгілі мәселе бойынша өз пікірін жазбаша түрде еркін жеткізуі және дәлелдеуі, өзінің түсінігін, ойын жеткізіп, қойылған мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу сияқты мәселелерді шешу әрекеттері дамиды [5].

Интернет желісі арқылы оқушылар жазбаша түрдегі еңбектерін әлемде болып жатқан олимпиадаларға қатысу арқылы тексереді, ғылыми хат алмасу немесе ғылыми конференцияларға өз материалдарын жібере алады және олардың ағылшын тілін еркін меңгеруіне үлкен ықпалын тигізеді. Осындай еңбектің өзі өз жемісін беріп, оқушылар өз қабілеттерін бағалай алады, өзіне-өзі сенімділігі артады және үлкен аудиторияға қорықпай шығып, өзі жазған мақаласын еркін жеткізуге мүмкіншілік алады деп тұжырымдаймыз.

Қорыта келгенде, мәдениетаралық қатысымның жазбаша түрін меңгеру мақсатында жазба жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру білім саласының алдына қойған мәселелерінің бірі деп есептейміз. Сондықтан, жазба жұмыстарын дұрыс жасау мақсатында алдын-ала көптеген әртүрлі жазба жұмыстарының жүргізілгені дұрыс деп ойлаймыз және оларды орындау кезінде Интернет ресурстарын дұрыс қолдану арқылы оқушылардың ізденушілік – ақпараттық біліктілігі артады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы, «Эдельвейс», 2019.
2. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. Алматы, «Мектеп» баспасы, 2022.
3. Методические рекомендации по написанию эссе. Государственный Университет. Высшая Школа Экономики. Санкт-Петербургский филиал. СПб, 2015.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ОҚУ ҮДЕРІСІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Каналиев Асылбек Онгарбаевич

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Б.Әбдіразақов атындағы №88 орта мектептің информатика пәні мұғалімі

Бүгінгі әлемде Қазақстан өзге елдермен терезесі тең болу үшін білімнің алар орны ерекше. Білімнің халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе екендігін кезінде ұлы жазушы М.Әуезов айтып кеткен. Білім беру үдерісіндегі басты тұлға оқытушы десек, оның басты міндеті ешуақытта өзгерген емес. Ол – білім беру. Бірақ әр заман өз кезеңіне сай талаптарды қанағаттандыратын білім беру жүйесіндегі өзгерістерді алдыңғы орынға шығарады. Бұл – оқыту мен оқудағы әдістерді өзгерту мәселесін, яғни білімді игертудегі әдіс-тәсілдердің жаңаша сипат алуы деген сөз.

Бүгінгі білім беру саласын оқыту технологияларының заманауи әдістерінсіз, түрлі ақпараттық техникалық құралдарды пайдаланбай, өткізуді елестету мүмкін емес. Сондықтан білім мазмұнын және оны игерту жолдарын білім алушылардың талаптарын қанағаттандыратындай тиімді ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осымен байланысты бүгінгі білім беру жүйесінің жоғарғы мектептерге қойылатын басты талап – сыни тұрғыдан кең өрісті ойлай алатын, бәсекелестікке қабілетті маман даярлау. Бұл мақсатқа жетудің басты жолы – мұғалімнің білім алушыларға білімді қалай алу керектігін үйрету. Яғни, мұғалімнің дәстүрлі оқытудағы білім беруші рөлінен заманауи талапқа сай сол білімді қалай алуға бағыт-бағдар сілтеушінің рөліне ауысуы. Бұл бүгінгі педагогикадағы білімді әрекет арқылы игерту деген түсінікпен сәйкес келеді.

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар заманы. Осыған сай білім беру жүйесіндегі соңғы кездері кең қолданысқа ие болып отырған оқыту технологияларының бірі – ақпараттық технологиялар. Ақпараттық технологиялардың озық үлгілерін оқу үдерісінде пайдалану, сол арқылы білім беруді дидактикалық жақтан ғылыми тұрғыдан да, практикалық жақтан да жаңарту, ғаламтор ресурстарын пайдаға жарату, электронды оқулықтармен жұмысты ұйымдастыру ұлттық білім беру деңгейін халықаралық стандартқа жақындатады немесе соған жақындатуға, сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың тәжірибеде көз жеткізген тиімді жақтары ретінде төмендегілерді көрсетуге болады:

- біріншіден, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады;
- екіншіден, оқушыларға өз білімінің нәтижесін өзінің көруіне мүмкіндік береді;
- үшіншіден, оқу үдерісі мен бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді;
- төртіншіден, оқу үдерісіне барлық білім алушылардың қатысуын және оны бақылауда ұстауға мүмкіндік береді;
- бесіншіден, оқыту барысында кездесетін теориялық немесе басқа да сабақ мазмұнына қатысты мәселелерді дер кезінде шешуге жол ашады;
- алтыншыдан, оқушы мен мұғалім, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты тікелей үйлестірудің бірден-бір жолы. Ал, сабақ үдерісінде пәнді игертуде

компьютерді қолдану мұғалімді толықтай немесе жартылай алмастыра алады (бұл тұста, біз өз тәжірибемізге сүйене отырып, оқу материалдарын игертуде толықтай компьютерді пайдалану жағын қолдай қоймайтындығымызды айтқымыз келеді).

АКТ-ны білім беру үдерісінің барлық кезеңінде пайдалана беруге болады: жаңа сабақ түсіндіруде, үй тапсырмасын беру/тексеруде, игерілген материалды бекітуде, бақылау жұмыстарын алуда. Мәселен, сабақта жаңа материалдарды игерту барысында нәтижелік мұғалімнің білім алушыларға ықпал ете алуымен тікелей байланысты болып келеді. Бұл орайда визуальды материалдар сабақты есте сақтауға және тақырып тәңірегінде пікірталас ұйымдастыруды тиімді болып келеді.

Жаңа тақырыпты игертуде дәріс-сабақтарға компьютерлік презентациялар қосымша, кейде тіпті негізгі де құрал болып табылады. Ал оқушы үшін АКТ түрлі қызметтерді атқарады: білім беруші; жұмыс құралы; білім алу мен қосымша материал іздеудің нысаны. Осы айтылғандарды топтастыра отырып, кең түрде таратып қарастырайық. Білім беру немесе оқыту үдерісінің нәтижелі болуы, ең бірінші кезекте, білім алушының қызығушылығына тікелей байланысты екендігі сөзсіз. Ал қызығушылықты ғаламтор ресурстарын пайдалану арқылы тудыруға және дамытуға болады.

Жалпы оқу үдерісінде білім берудің бірнеше аспектісі бойынша берілген білімнің білім алушылар тарапынан игерілуіне қатысты АҚШ-тың Мэн штатындағы «Бефель» Ұлттық оқу зертханасы жүргізген арнайы зерттеу жұмысының нәтижесіне көзсалар болсақ, онда жоғарғы нәтижелерге адам өзгелерді оқыту арқылы, тәжірибе жасауда және талқылау барысында қол жеткізе алады екен. тәжірибемізде оқу үдерісін ұйымдастыруда жиі қолданатын тәсілдің бірі интербелсенді әдіс түрлеріне тоқталамыз.

Интербелсенді әдістің басты шарты төмендегілерді қамтиды:

- пікірталас ұйымдастыру мүмкіндігі;
- әр қатысушының өз ойын айта алуына мүмкіндіктің берілуі;

- бағалау, талдау және т.б. Бұл әдіс бойынша сабақты ұйымдастыру ақпарат алмасудың мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасына құрылатындықтан нәтижелі болып табылады.

Сабақ кезінде ғаламтор желісі арқылы аталған электронды көрсетілген сайтқа тіркеледі. Ойынға қатысушыларға шарт түсіндіріледі. Барлық орындайтын тапсырмалар сұрақ қиындығына қарай белгілі бір, әдетте 30 секундтан басталатын автор тарапынан көрсетілген орындау уақытының ішінде жүзеге асырылатындығы; сонымен қатар, оқушы сұрақтың дұрыс жауабын тек жіберіп қана қоймай, өзінің нешінші жауап беруші ретінде қабылданғанын, берілген ұпай саны, жауаптың дұрыс/бұрысы туралы мәліметтер берілетіндігі туралы алғашқы сабақта түсіндіріледі. Ал, кейінгі сабақтарда бұл жайында еске салып өту жеткілікті болып табылады.

Блум таксономиясына тоқталар болсақ, оқыту мақсаты мен сол мақсатқа негізделген оқу мазмұнын жүйелеудің ұтымды жолы осы таксономия дер едік. Оның үстіне бұл жүйе бойынша оқу үдерісін жоспарлау оқытушыға әр қадамды негіздеп, әр қадамда анықталған мақсатқа сай тапсырмалар ұсынуды қажет етеді. Сол бағалау жинақтау талдау қолдану түсіну білу арқылы әр оқушының жеке көзқарасын қалыптастыратын интеллектуалды әлеуетін дамытуға, шынайы өмірдегі жағдаяттарға сай келетін немесе соған жуықтайтын жағдаяттарға араласып, өз ойын, көзқарасын білдіру арқылы оның педагогикалық терминмен айтқанда эмбебап әлеуметтік және кәсіби құзіреттіліктері қалыптасады.

1-кезең «Білу». Бұл сатыда білім алушылардың бүгінгі өтілетін тақырып пен бұрын өткен тақырып арасын байланыстыра отырып, жалпы білімді еске түсіру және тақырыпқа қатысты білімдерін анықтап алу мақсаты көзделеді. Онда «Мен осы тақырып бойынша не білемін?» деген жалпы сұрақ айналасында тақырыпқа қатысты нақты сауалдардың жауабы kahoot.it арқылы оқушылардан қабылданады. Бұл тұста, ерекше тоқталып өтуді қажет ететін жайт, жауап берушілерден не

себепті осы нұсқаны таңдағандығын сұрап отырудың қажеттігі.

Тиімділігі: бұл жауап берушілердің өз ойын дәлелдей білуге үйретеді. Бұл тұста жауапты дұрыс бергендердің ғана емес, бұрыс жауап берушілердің де пікірін біліп отыру керек.

2-кезең «Түсіну». Бұл кезеңде тапсырманы тест түрінен гөрі сұрақты тезис түрінде беріп, оған қатысты көзқарасты «келісемін/келіспеймін» түрінде беру, көрсету тиімдірек болып табылады. Оқушылар бұл жерде де тапсырманы орындамас бұрын Kahoot.it сайтына кіріп, ойынның пин-кодын көрсетіп, тіркеледі. Уақытты есептеу басталған сәттен бастап, олар өз жауаптарын жібере бастайды. Барлық қатысушылардың ішінде жауап берушілер саны интерактивті тақтада немесе орталықтандырылған экраннан көрініп тұрады. Соңғы ойыншы жауабын жіберіп болғанда, «дұрыс/бұрыс» белгілеушілердің қай сұраққа қанша жауап келгенінің статистикалық өңдеуі көрсетіледі.

Тиімділігі: бұл кезеңде де әр жауап беруші өз сұрақтарын негіздеп беруі тиіс.

3-кезең «Қолдану». Игерілген жаңа тақырып материалдарын практикада іске жаратуға бағытталған тапсырмалармен жұмыс осы кезеңде жасалады. Бұл сатыда мұғалімнің шығармашылық қабілетіне байланысты арнайы мәселені шешуге құрылған тапсырмалар, сурет немесе аудио/видеожазбалар бойынша жазба жұмыстарын орындатуға болады және өтілген жаңа сабақпен байланысты үзбеу үшін барлық тапсырмаларды орындауда жаңа игерілген материалдарды қолдану басшылыққа алынуы тиіс.

Тиімділігі: тапсырманың берілу ерекшелігіне орай, білім алушының ойлау қабілеті және оны негіздей алуы шығармашылық тұрғыдан жүргізіледі.

4-кезең «Талдауда» орындалған жұмыстар мұғалімнің немесе мұғалім рөліндегі оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекеті арқылы іске асырылады.

5-кезең «Жинақтау» мен 6-кезең «Бағалау» барысында атқарылатын іс-шараларды арнайы оқушыға сабақтың басында жүктеп қоюға болады. Жауапты

білім алушы әр кезеңдегі айтылған жауаптарды алдын-ала берілген немесе оқушылармен бірлесіп отырып, талқылап алған шарттар бойынша бағалайды. Сабақ соңында барлық сол сабақтағы қорытынды білімді жинақтай отырып, қорытынды жасайды немесе оны іске асыруды «оқушы-мұғалім» аты-жөнін атаған білім алушы сабақтың түйінін жасайды. «Бағалау» кезеңінде сабақ барысындағы барлық іс-әрекеттерге, берілген жауаптарға, пікірталаста айтылған білім алушылардың өз ойларын жеткізе алуы, дәлелдей білуі және т.б. жақтарынан қарай отырып, арнайы жауапты оқушы бағалайды.

Берілген бағалаудың объективті болуын қамтамасыз ету мақсатында осы жауапкершілік жүктелген оқушыдан міндетті түрде бағалау барысында қандай нәрселерге көңіл бөлгендігін, неге осындай балл қойылғандығын негіздеп беруін талап ету керек. Бұл арқылы біз оқушының әділ болуын, өз ойын дәлелдей алуын, жасалған іс-әрекетке жауапты бола білуіне үйретеміз және сол арқылы оның бойында дәлел айта алу, әділ, объективті болумен байланысты ізгі қасиеттердің қалыптасуын қамтамасыз етеміз.

Білім алушылардың компьютерлік технологияларға деген қызығушылығын пайдалана отырып, оқу үдерісіндегі оқытушының позициясын оқушыға/білім алушыларға алмастыру да сабақ барысында айқын байқала қоймайды. Оның басты себебі білім алушының дербес қабілеті мен қызығушылығы, мұғалім тарапынан өзіне берілген тақырып шеңберіндегі шығармашылық ізденісінде болып табылады. АҚТ-ны оқу үдерісінде пайдалану білім алушының сұрыпталған, таңдап алынған ақпараттық қормен жұмыс істеуімен шектемейді, сәйкесінше өзін-өзі дамытуға, интеллектуалдық тұрғыдан шырдалуына және ең бастысы қажетті білімді өз бетінше іздеп табуына мүмкіндік береді. Бұл әсіресе, жоғары сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарды орындау барысында маңызды және бұл орайда біз өз тәжірибемізде жоба арқылы оқыту технологиясын тиімді деп санаймыз. Бұл туралы жазылған мақалалар да толыққанды айтылған [3].

Сонымен, оқу үдерісін ұйымдастыруда ақпараттық технологияны пайдаланудың тек сабақты мазмұнды етіп қана қоймай, білім алушылардың бойында өз бетінше әрекет жасауға бағытталған қасиеттердің дамуына, шығармашылық қабілеттерінің артуына септігін тигізетіндігін бай-

қадық. Бұл технология білім алушыға, бір жағынан, топтың ішінде бола отырып, олардың ой-пікірлерін білуге және, екінші жақтан, жауап беру барысында басқаға кедергі келтірмей, өзінше ойланып, өзінше шешім қабылдауына да мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалай оқу керектігін үйрету?//Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Екінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым.
2. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. М.: Академия, 2002. 272 с.
3. Жолшаева М.С. Тіл үйретуде оқыту технологиясын дұрыс таңдаудың маңыздылығы. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университет Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы № 4 (44) 2014. 32-35 бб.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАРЫНДА БАЛА ТІЛІН ДАМУДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢАША ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Сырмат Қазына Егембергенқызы

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Абай атындағы №50 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Сабақ беру – үйреністі жасай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер.

Жүсіпбек Аймауытов

Балалардың мектепалды даярлықтағы кезеңі – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезеңі болып табылады. Сондықтан, мектепалды даярлықтағы алғашқы қадам – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Ол балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыру педагогқа асқан шеберлікті қажет етеді. Өйткені, ұстаз алдында – оқушыларға білім беруде жаңа технологиялар мен жаңаша оқыту әдістерін тиімді қолдану арқылы білім сапасын көтеру, жан-жақты дамыту міндеті тұр.

Барлық білімнің бастауы болар тіл саласы осы кезеңдегі негізгі, күрделі процестер қатарында. Тіл адамдардың бір –

біріне пікір алысып, қарым- қатынас жасайтын құралы болғандықтан тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі де ерекше. Ал, тілдіде, тіл мәдениетін игеру де баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс. Сондықтан ,баланы оқыту және тәрбиелеудегі тіл дамыту сабақтары көркем сөз өнеріне баулуға, мәнерлеп сөйлеуге, тіл мәдениетіне бағытталған.

Қай кезеңде де оқушымен өткізілетін оқу іс әрекеттердің барлығы осы салаға сабақтасып жатады. Атап айтсақ: сурет сабағында оқу іс-әрекеті бойынша «Ойыншықтар» тақырыбы бойынша балаларға өлеңдер оқу, ойыншықтарды сипаттау, оның түрлері туралы тіл дамыту жұмыстарын жүргіземін.

Балалар ойыншықтың суретін салмас бұрын қандай сурет салатындарын осы арқылы байқайтын болады. Әрбір сабақта тақырыпқа сай алынған көркем сөздердің, өлең жолдардың, жұмбақтардың, мақал-мәтелдердің енгізілуі, оқу іс-әрекетінде

тартымды да нәтижелі болуына маңызы ерекше.

Баланың тілдерін жаттықтырып, ой-өрісін кеңейту үшін көп жұмыстыр жүргізуді талап етеді. Осы орайда, жаңа технологияларға сүйену қажеттігі өзінен-өзі туындайды.

Тіл дамыту, көркем әдебиет сабақтарында балаларға тақпақтарды мәнерлеп жаттату, ертегілерді айтқызу сияқты тапсырмалардың түрлерін жаңаша түрлендіріп отыру керек. Бірсарынды жұмыс балаларды тез жалықтырады. Мысалы:

1-әдіс. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятатын, олардың ой-өрісінің, ауызша және жазбаша сөйлеу қабілетінің дамуына дәнекер болатын, өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын жұмыс түрі-топтық жұмыс. Мысалы «Постер» құру сияқты топтық жұмысты қолдану барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасады, дәлелдейді, өз ойларын ортаға салады. Пікірлер алмасу кезінде нәтижесінде оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді. Топтық жұмыс арқылы түрлі иллюстрациялық суреттерді пайдаланы отырып, сюжеттің баяндалуын реттілігімен орналастыра отырып ертегіні жеткізу.

«Алтын сақа», «Қарлығаш пен дәуіт», «Жыл басына таласқан хайуанаттар», «Алдар көсе мен бай», Жеті лақ пен қасқыр» ертегілерін әңгімелеу кезінде осы әдіс оқушыларды ертегіні тез түсініп алып, қорықпай мазмұндап беруге жетекші болады.

2-әдіс. Жұптық жұмыс. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы оқыған ертегі мазмұны бойынша жұптасып отырып, бір-бірінен түсінбеген жерлері бойынша сұрақ қойып, өзара оқуға әрекеттестіруге жетелейміз. Осы арқылы баланы ең алдымен өз ана тілінде еркін, сөйлеу, білуге баланың сөздік қорын байыту және сұрақ-жауап арқылы әңгімелесуге болады.

3-әдіс. Жеке жұмыс. Жұмбақ жасыру арқылы жауапты тауып, суретпен бейнелеу. Салған суреті бойынша түсіндіре отырып, ойын жеткізуге машықтандыру.

Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.

Оқушыларды ізденіске баулып өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Олардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

Бастауыш сынып оқушылары жаны жаңалыққа құмар, барлығын игеріп, білгілері келіп тұрады. Сондықтан да жаңа технологияларды төменгі сынып оқушыларына пайдаланудың маңызы зор.

«Ойын арқылы оқыту» технологиясын мектепалды даярлық мұғалімдері жиі пайдаланады, себебі кіші жастағы балаларды оқуға тек ойынмен ғана қызықтыруға болады. Ойын ойды қозғайды. Ойын – баланың интеллектуалдық ой-өрісін тереңдей түсуіне, шығармашылықпен ойлауына алып келеді, білім сапасын арттырады. Мысалы сабақ барысында оқушылардың білімін шыңдау үшін

«Суретті қадам» ойыны арқылы бала әр басқан қадамында берілген суреттерді атап отырып қадам басуы шарт. Мысалы: үй жануарлары және оның төлдері туралы өткенде, 1-қадам «сиыр», келесі қадам оның төлі «бұзау» болып жалғасады.

«Шығармашылық шеберхана» әдісі оқушылардың шығармашылық дағдысын дамытуға көмектеседі. Сабақ барысында оқушылар мәтіннің мазмұнына сәйкес суреттер, иллюстрациялар дайындайды, ермексаздан кейіпкерлерді жасайды, жапсыру жұмыстары арқылы баяндайды. Сол тақырыпқа сай жаттаған тақпақтарымен бөліседі. Егер, тәрбиеші дұрыс нұсқаулық бере алса, оқушылардың шығармашылық әрекеттері нәтижесінде керемет туындылар пайда болады. Сондай-ақ, қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Сабақ барысында аталған әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушының бойында өзіне сенімділік ұялатады, өзге балаға қарап

бой түзеуге ұмтылады, өзгені үйрете отырып, өзі көп нәрсені үйренеді, көшбасшылық қабілеттері қалыптасады. Қазіргі өсіп келе жатқан жеткіншекті бір нәрсеге қызықта қою аса қиын. Өйткені, олар жаңаша көзқарасқа тым жақын. Сондықтан, оқушы қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз жөн. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келе, жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы төмендегідей нәтижеге жетуге болады:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;

- Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;

- Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;

- Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Білім беру жүйесінің ең маңызды да күрделі сатысы – мектепалды даярлық тобы, сондықтан, осы жаңа технологияларды пайдалана отырып, жоғарғы сатадығы оқушы білімінің тұрақтылығына негіз қалау басты міндет болып табылады.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Глеубергенова Гулнур Махамбетқызы

Қызылорда облысы, Сырдария ауданындағы №147 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Білім негізі бастауышта екені белгілі, қазіргі оқушылармен жұмыс жасауда олардың бойында түйінді құзыреттіліктерді дамыту басты мәселеге айналып отырғаны белгілі. Қандай да бір қабілетті дамыту, егер оның іргетасы бастауыш сыныптан бастап мықты қылынған жағдайда тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Бастауыш мектепте педагогикалық қолдау көрсету бұл күн тәртібінен түспейтін мәселе. Дәл осы микроорта баланың дамуы үшін өте маңызды.

Бастауыш мектеп жасындағы баланы тәрбиелеу – жалпы тәрбие үрдісінің ең негізі кезеңі. Сондықтан мұғалім алдымен жалпы тәрбие үрдісінің теориясы мен жетекші идеясын және бастауыш саты оқушысының жас ерекшелігін, соған орай балаға педагогикалық қолдау көрсетуді қатар білуі тиіс.

Тәрбие – бұл өмірлік шығармашылық. Сондықтан мұнда бала бейнесі, яғни адам бейнесі маңызды. Бала бейнесі, адам бейнесі деген ұғымда педагогикада соңғы жылдарға дейін өз мәнде әр қырынан айтылмай келеді. Сондықтан біз көбіне оқушының

шынайы бейнесін емес, өзіміз қалаған бейнені, оқушы идеясын білеміз. Біз баланы тәрбие субъекті ретінде емес, объекті ретінде көріп келдік. Жарты ғасыр бойы үстемдік етіп келегн технократиялық ойлау тәрбие мақсаты мәдениетпен, мектеппен, оқушының өзімен анықталатынын түсінуге жол береді. Тек соңғы жылдары ғана оған субъект ретінде мән берілуде және оның өзегі болып табылатынын басты қасиеттер мен сапаларды айқындауға ұмтылыстар жасалып келеді.

Қазіргі заманның қарқынды өзгеруіне байланысты кез келген ортада өзін жақсы сезіну, жағдайларға икемделе, бейімделе алу қабілетінің дамуы өте маңызды. Бала кіші мектеп жасынан орта мектеп жасына өтуде психологиялық өзгерістер болады. Өйткені бастауыш сыныпта оқушы тек бір мұғалімге, бір кабинетке, тұрақты қалыпқа үйренген. Ал орта сыныпқа келген кезінде балаға бірнеше мұғалімдер сабақ беруі, сабақ кестесінің ауысуы, жаңа сыныптас-тармен, жаңа мұғалімдермен қарым-қатынас жасау, мұның барлығы оқушының оқу мотивациясына әсер етеді. Сондықтан, бү-

гінгі күнде педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдарында балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселесі өзекті болып табылады. Оқушылармен жұмыс істеу барысында, ортаңғы буынға ауысқан кезде оқу және қарым-қатынас үрдісінде туындайтын мазасыздықтары жоғары, әрі мұғалімдермен және сыныптастармен қарым-қатынаста қиындықтар пайда болатыны белгілі болды. Сонымен бірге оқудағы жүктеменің және сабақтың бірден көбейіп кетуі балалардың психологиялық денсаулығының нашарлауына әкелді: қорқыныш, үрей, невроз. Орта буын оқуындағы өзіндік қиындықтар, оқушы психикасының өзгеруіне, эмоционалдық сферасын игерудегі қиналыстар, оқу үлгеріміне, психикалық саулығының төмендеуіне әсер етеді. Демек, отбасы және мектепте жағымды психологиялық жағдай тудырып, айналасындағылар балаға жағымды қолдау көрсетсе ғана бала бейімделуде қиындықтарды жеңе алатынына еш күмән жоқ деп ойлаймын. Психолог, педагогтар, ата-аналармен жұмысты бірлескен іс әрекетте жүргізсе, қиындықтардың азаятынына және балалардың психологиялық денсаулығын нашарламауын қамтамасыз етеді деген ойдамын. Мәселе көп, олар тек оқу үрдісімен шектелмейді, сонымен қатар мектептегі өмірді ұйымдастырумен қатар, жанұядағы психологиялық атмосфераға да байланысты. Кіші жеткіншекте адаптацияның сәттілігі, оның интеллектуалды дайындығына емес, сонымен қатар сыныптастарымен және мұғалімдермен жақсы қарым-қатынас жасай білулеріне, мектеп ережелерін сақтауға, жаңа жағдайларды шеше білулеріне де байланысты.

Адаптацияның қиындықтары туралы келесі белгілер куәландырылады:

- *Баланың шаршаған келбеті.*
- *Өткізілген күні туралы өз ойымен бөліскісі келмеуі.*
- *Мектеп өңірегіндегі әңгімеде ата-аналарының зейінін басқа тақырыпқа аударып жіберуі.*
- *Үй жұмысын орындағысы келмеуі.*
- *Мектеп, мұғалімдер мен сыныптастар атына жағымсыз мінездеме беруі.*

- *Мектеппен байланысты жағдайларға шағымдануы.*

- *Тынышсыз ұйықтауы.*

- *Таңертең қиын оянуы.*

- *Өзінің көңіл-күйінің болмауын айтуы, өзін-өзі үнемі салғырт сезінуі.*

Ең бастысы – орта мектепте баланың адаптациялық жағдайына көмектесу, оның әрі қарай дамуын, оның психологиялық саулығын қамтамасыз ету.

Осыны түсіну үшін балаға қандай көмек қажет екенін, ол қандай қиындықтармен кездесетінін, қазіргі жағдайда қандай мәселелер орын алып тұрғанын білу маңызды.

Ал ата-ана өз тарапынан, баланы «баға үшін» оқуға бағыттау арқылы, өз күшіне сенімсіздік тудырып, жағымсыз бағаға қобалжуы, мектепшілік қорқыныштың туындауына итермелейді.

Жылдан жылға оқушылардың бастауыш сыныптан орта буынға бейімделу кезеңі өзекті мәселе болып туындайды. Оқушылар мектепке, мұғалім талабына, сыныптастарына үйренсе де, бейімделу проблемасы бар. Сондықтан бейімделуге дайындық жұмысты төртіншіде бастап, бесінші сыныпта жалғастыру қажет.

Бастауыш сыныптың сабағына қатысуы, күнделікті ұстауларын бақылау ;

- Ата-аналарымен танысуы;

- Болашақ пән мұғалімдерімен класс жетекшілері анықталып, әр пәннен сабақ өткізу, сабаққа қатысу әр түрлі іс-шараларына қатысу.

- Бастауыштағы сынып жетекшісімен оқушылар туралы мәлімет алу бағытында пікір алмасу;

- Психолог тарапынан әр оқушының жеке даму деңгейіне байланысты психологиялық-педагогикалық мәліметтер алу.

1 . Мұғалімдермен жұмыс

- 5 сыныпқа сабақ беретін педагогтардың тізімін құру;

- Орта буын мұғалімдеріне әр оқушының жеке даму деңгейіне байланысты мәліметтер беру;

- Педагогтармен бастауышпен сабақтастығында апталық ұйымдастыру, ортақ мәселелерді талқылау.

Бастауыштан орта буынға өтетін оқушылармен зерттеу, түзету-дамыту, кеңес беру бағытында психологиялық жұмыс түрлерін жүргізу;

«Өз қорқынышынды бейнелеп сал» тренинг

Мақсаты: Оқушылардың қобалжуын анықтау қорқынышын жеңу

Өткізілу түрі: топпен 10 адам

Құрал-жабдықтар: А4, түрлі-түсті қарындаштар

Оқушыларға өз бойындағы қорқыныш сезімін суреттеу салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан соң сол суретін күлкілі сурет ретінде өзгертулер енгізеді. Соңынан өз салған суреті бойынша айтып береді

1. Өз қорқынышынды салған кезде қандай сезімде болдың?

2. Салған суретінді күлкілі етіп өзгерткен кезде қандай сезімде болғаны айтып ой бөліседі.

«Сұхбат тренингі»

Оқушылар кәзір біз бір-бірімізді басқа жағымыздан танып білуімізге байланысты «Сұхбат» тренингісін өткізіп көрейік.

Сіздер жұбка бөлінесіздер біреулеріңіз журналист, ал біреулеріңіз сұхбат беруші адам боласыздар. Ал бастайық, Соңынан екі жұп орындарын ауыстырады.

1. Аты-жөніңіз?

2. Отбасында неше баласыз?

3. Қандай сабақтан қиналасыз?

4. Болашақта қандай мамандық иесі болғыңыз келеді?

5. Бос уақытыңызда немен айналысқанды ұнатасыз?

6. Сіздің арманыңыз? т.б. сұрақтар қойылады.

7. 5 сыныпқа барасыз қандай қобалжуыңыз бар.

3. Ата-аналармен жұмыс

- Ата-аналармен ортақ мәселелерді талқылау.

- Ата-аналар жиналысына қатысып, кеңес беру.

- Балаңыдың бастауыштан орта буынға көшуіне дайынсызба?

Жұмыстың нәтижесінде:

Осындай жұмыстардың нәтижесінде оқушыда қорқыныш болмайды ары қарай дами береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғылыми теориялық журнал «Педагогика мәселелері». 2013.

2. «Психологический тренинг» / «Шольный психолог» 2002. №32.

3. Бастауыш мектептегі тәрбие ерекшеліктері мен балаға педагогикалық қолдау көрсету. https://infolesson.kz/bastauysh_mektepteg_trbie_erekshelkter_men_balaa__pedagogikaly_oldau_kr_setu-512562.htm

4. Психология детей младшего школьного возраста. <http://elar.uspu.ru/bitstream/uspu/11652/1/uch00290.pdf>

ЕРТЕГІ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ

Ташимбетова Динара Махмудовна

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Абай атындағы №50 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады.

Ы.Алтынсарин

Қазіргі қоғам жоғары білімді, рухани бай адамдарды ғана емес, Абай айтқан «толық адам» тұлғалық ерекше қасиеттері бар адамдарға да зәру. Сондықтан, мектеп

табалдырығында тек білім беріп қана қоймай балаға адамгершілік рухани тәрбие де қатар жүріп отыруы керек. Рухани білім балалардың жаңашыл өмірдегі қарым-

қатынас ережелерінен ақпарат береді. Демек, алдымен баланы рухани адамгершілікке тәрбиелейтін орта құру керек. Ол орта отбасынан кейінгі мектептегі орта болып табылады. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсіл мен берілетін тәлім-тәрбие балабақша мен мектепалды даярлықтан бастау алады. Әсіресе, балабақшадан келген бала мектеп табалдырығының тәртібіне, оқушылық өмірге бір қадам басқан сәтінде берілген тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті әсер етіп, мағынасы өшпейтініз қалдырады. Мектепалды даярлық – бұл ең алдымен бүлдіршіндердің үлкен өмірге басатын алғашқы қадамы, бірінші баспалдағы десе болады. Өйткені бала балабақшадағы алаңсыз сәби шағымен қоштасып, жауапкершілік сезімін қалыптастыра бастайды.

Қазақ халқы баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Халқымыздың бала тәрбиелеудегі дәстүрі ауыз әдебиетімізден анық көрінеді. Ата-бабаларымыз ұрпағының болашағы ұлттың болашағы екенін түсінген. Қазақ даласында ерте заманда бала тәрбиелейтін балабақша, мектеп болмаса да, тәлім мен тәрбие беретін ерекше дәстүр болған. Ең жақсысын балаға арнаған, ең жақсы сөзді балаға айтқан, баланы жөнімен еркелетіп, баққан. Сондай жағымды тәрбие көзі -ертегіде. Қазақ халық ертегілері – тәрбиенің айнымас көмекші құралы, олар бізге түсінікті тілде өмір туралы, қиын жағдайлардан шығу жолдарын көрсетеді. Ертегілерді ықылым заманнан бері тәрбие құралы ретінде қазақ халқы ғана емес, барлық ұлт, бүкіл ел қолданып келеді. Ал, ертегіні балаға оқудың пайдасын айтар болсақ: ол бала мен ата-ана арасындағы «арақашықтықты» жақындатады, бала мен ата-ананың бір-біріне деген байланысын бекітуге мүмкіндік береді, баланың рухани жан дүниесін байытады, сонымен қатар еңбексүйгіштік, адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелейді.

Мектепалды даярлық тобындағы оқушылар үшін ертегінің рөлі зор. Ертегі баланың өміріне ерте балалық шағынан бастап енеді, оны мектепке дейінгі балалық шағында бірге алып жүреді. Ертегі арқылы

бала айналасындағы бүкіл әлеммен танысып, өмірден жақсы мен жаманды ажыратуға үйренетін болады. Ол ұрпақтан-ұрпаққа тараған мол мұра. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақ та ол баланың ой қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастырады.

Ертегіні жәй ғана ойдан құрастырылған әңгіме сияқты қарауға болмайды. Онда шын мәнінде халық даналығы, мейірімдік пен зұлымдық туралы түсінік жатыр. Қазіргі жаһандану заманы оқушылардан кездескен қиындықтардан жол тауып кету, жағдайды өз бетінше реттей алу қасиеттерін талап етіп отырса, осы сұрақтарға жауап табу үшін ертегі бізге көмекке келеді. Ертегіге біз сенеміз, ең негізгісі – бәрі де жақсы аяқталатынына сенеміз.

Ертегі тыңдау арқылы бала оған еліктейді, түйсік қабілеттері дамиды. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауса буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді. Балалардың жасына лайықты ертегілерді тыңдату арқылы балалар тілін дамыту, сөздік қорларын байыту, ауызекі сөйлеуде дыбыстарды анық айтуға үйрету, ақыл-ойының жетілуіне, бастысы оң тәрбие беруге болады. Өйткені, бала ертедегі жақсы кейіпкерге еліктеп батыр, шыдамды, ақылды, кеңпейіл болғысы келеді.

Ертегі бала ойында сақталу үшін түрлі жолдар арқылы жүргізуге болады;

1. Ертегі оқу. Мұнда сол ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп соның көңіл-күйін образ арқылы бейнелеп беру. Осы арқылы балада:

- Диалогтық қарым-қатынас;
- Сенімді қарым-қатынас;
- мұғалім мен бала, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас жетілетін болады.

Ертегіні тек оқып қана қоймай, түрлі әдіс-тәсілдер мен ойындар арқылы да айтқызуға болады. Мысалы:

«Көңілді шеңбер» ойыны арқылы ертігін қалай баяндатамыз?

Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде бір оқушы ертегіні бастайды. Мұғалімнің берген белгісі арқылы келесі бала жалғастырып, ертегіні барлық бала аяғына дейін баяндап шығады. Нәтижесінде барлық бала ертегімен танысады, бәрі сөйлеп баяндайды, әрі ынтымақтастық пен ынта қойып түсінуге ықпалы болады.

1. «Орнынды тап» ойыны арқылы.

Балалар шеңберге тұрады. Әр оқушы оқушы сюжеттері берілген суреттер ұсынылады. Оқушылар өз қолдарындағы ертегі мазмұны бейнеленген суреттер бойынша реттілігін тауып баяндауға көшеді. Оқушының ертегіні қаншалықты маңгергенін анықтауға таптырмас әдіс. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады.

Сонымен, балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

2. Суретпен жұмыс. Бір ертегідегі барлық кейіпкерлер бейнеленген суреттер арқылы көрсету. Балаларға көркем ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту,

эстетикалық талғамын ояту, өнердің түрлерінен мағлұмат беру маңызды мәселе болып табылады. Сурет мазмұнын салу арқылы баланың шынайы өмірді бейнелеуі, заттар мен құбылыстарды тануы жүзеге асады. Қыл қаламдарымен жұмыс істеу нәтижесінде баланың қиялы дамиды. Бояулардың түстерін таңдау арқылы баланың көңіл-күйі көрінеді. Ата-анаға баланың бастамалары мен іс-қимыл дербестігін қолдап отыруы маңызды. Бұл тұста баланы шектен тыс өбектеудің қажеті жоқ. «Сен әлі кішкентайсың», «сен үшін өзіміз жасай саламыз», «мынаған тиіспе», «қолыңды былғайсың» деген сияқты сөздерді қолданбауға тырысқан жөн.

Баланың шығармашылық қабілетіне оның өмір сүріп жатқан ортасы мен араласатын адамдары тікелей байланысты. Тұлғаның кез келген бағыттағы дамуына үйдегі ауа-райы, өзіне деген сенімділігі, қауіпсіздік пен махаббат сезімі, жақындарының қолдауының әсері көп. Әрбір оқушы еліміздің, туған өлке туралы, ересек отбасы мүшелерінің еңбегі туралы, туған өлкесінің табиғаты туралы қажетті білім алуы тиіс. Осы білімді игеруге, ата-анасының талабын қанағаттандыруға, тәрбие мен білімді ұштастыра отырып, баланың тұлғалық қасиеттерін ашуға қызмет ететін педагогтың жүгі ауыр.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘЛІМГЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Бердіхожаева Ұрхия Байділлақызы

Қызылорда қаласы Ы. Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейдің мұғалімі

Білім саласы барлық саланың негізі түп тамыры болып табылады. Бүгінгі ой мен сана жарыстырар кезеңде білім беру ұйымдарында жұмыс жасайтын әрбір ұстаздың атқаратын қызметтерінің сапалы болуы шарт. Елімізде білім саласын жаңғыртуға байланысты түрлі өзгерістер белең алып жатыр. Білім саласындағы өзгерістер арнайы реформалар, кешенді зерттеулер, біліктілік курстары – осылардың барлығы білім сапасын арттырумен тікелей байланысты. Білім саласындағы жасанды ней-

рондық желілер, ақпараттық коммуникациялық құралдармен қатар адами факторлардың да басты орында екендігін білеміз.

Олай болса, бүгінгі таңда жас мамандарға кеңес беруде, жас мамандардың алғашқы кездегі жұмысына бейімделіп, оқу процесіне көмектесуде басты орынды алатын тәлімгер ұстаздарға қандай критерийлер қойылған және жетілдіру үшін қандай шаралар жүргізіліп жатқанына тоқталатын боламын.

Осы Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және орта білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті ұйымдастыру және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге талаптар белгілеу тәртібін айқындайды [1]. Осы заңнамаға сәйкес білім беру ұйымдарында арнайы қағидаттар қабылданған.

Тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында жас маманның кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскенде кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі. [2].

Білім беру ұйымдары – білім алушыларды біліммен қамтамасыз ететін арнайы ұйымдар, 2023-2024 оқу жылының басында Қазақстан Республикасында 711 дербес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары құралды, сонымен қатар 7724 мектептер бар. Жыл сайын елімізде мыңдаған түлектер оқу орнын аяқтап, білім беру ұйымдарына жұмысқа орналасуда. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық құзыреттілік диагностикасын меңгеріп, жас мамандар өз білім, білік деңгейін көрсетіп, шеберлігін шыңдауы тиіс.

Жыл сайын елімізде мыңдаған түлектер жоғары оқу орындарын бітіріп, жұмысқа орналасуда, сонымен қатар білім беру ұйымдарының саны да артуда, осы кезеңде жас маманмен бірлікте жұмыс жасайтын тәлімгерлердің алатын орны өте зор. Сол себепті тәлімгерлердің жұмысын жетілдіріп отыру қажет.

Болашақтың ірге тасы бүгінде біз білім беріп отырған білім алушылардан тұрады, ал тәлімгерлер жұмысының қарқынды жүріп, нәтиже беруі бізден кейінгі жас мамандардың сапалы жұмыс жасауына әсер етеді. Олай болса тәлімгерлік жұмыстарды жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізу бүгінгі таңда өте қажет болып табылады.

Тәлімгерлік құзыреттерін жетілдіру барысында арнайы ұсынымдар ұсынылып, практикалық маңыздылығы көрсетіледі

және білім беру ұйымдарында бұл тәжірибе қолданысқа енгізіледі.

Болашақ жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі элементтері: оқытылатын пәннің аумағындағы арнайы құзыреттілік; оқушылардың білімі, іскерлігі мен дағдысының қалыптасу әдістерінің аймағындағы әдістемелік құзыреттілік; оқыту аймағындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттілік; оқушылардың қабілеттері, бағыт-бағдары мен себептері аймағындағы дифференциалды-психологиялық және аутопсихологиялық құзыреттіліктерді қарастыру өз мамандығы бойынша жұмысын бастағалы жатқан алғашқы кезеңде тәлімгерлердің маңызы өте зор. Себебі арнайы құзыреттілік пән бойынша жас маманның білімі, білігі қалыптасады; әдістемелік құзыреттілік процесінде дидактикалық әдіс-тәсілдерді меңгереді; психологиялық-педагогикалық құзыреттілік негізінде қарым-қатынас мәдениетін игеріп, мамандыққа деген қызығушылығы артады; дифференциалды-психологиялық құзыреттілік – жас маманның жеке тұлғалық ерекшелігін көрсетіп, оларға бағыт-бағдар беруіне ықпал етеді; ал аутопсихологиялық құзыреттілік өздігінен білім алу нәтижесінде кәсіби өзіндік жетілуіне, дамуына мүмкіндік береді. Болашақтағы кәсіби өсуі мен шығармашылық дамуының басты ірге тасы практикалық тұрғыдан меңгеретін біліктері тәлімгердің жұмысына, тәлімгер кеңесіне тікелей байланысты. Олай болса болашаққа шамшырақ жағуға көмектесетін тәлімгерлердің маңызды екендігі онсыз да түсінікті. Ұлт ұстазы Ахмат Байтұрсынұлының мына қағидасын ұстанған жас маман болашақта нағыз ұстаз атанары сөзсіз:

Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді,
Керемет мұғалім көрсетеді.

Ұлы мұғалім шабыттандырады [3].

Білім беру ұйымдарында тәлімгерлер үшін арнайы критерий қойылған. Тәлімгерлерді мектептерде арнайы санаттары бойынша анықтайды мұнда, тәлімгерге ұсынылатын ұстаздың еңбек өтілі сабақ өту динамикасының 70% артық болуы міндеттеледі. Елімізде тәлімгерлік жұмыс-

тардың жүруі бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде, дегенмен әлі де жетілдіруді талап ететін тұстары жетерлік.

Мектепте тәлімгерлік жұмыстар қалай жүргізілуде осыған тоқталайық, тәлімгерлер жас мамандардың сабақтарына қатысып, оқу процесін талдап, артықшылықтары мен кемшіліктерін біледі, танысады, түзейді. Тәлімгерлермен байланысты жиналыстар өткізіледі. Дегенмен, қазіргі таңда ең қажетті тәлімгердің жұмысын жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар меніңше орта білім беру ұйымдарына қажетті. Себебі, жас мамандар динамикасын арттыруды жылдамдату, оқу процесін оңай әрі тез жүргізе алу қабілеттерін арттыру қажет.

Алғашқы кезекті, білім саласы ол үнемі жетілдіруді, ізденісті талап етіп отыратынын түсінуіміз керек, соған орай біз үйрететін білім де заман ағымына сай жетілген болуы тиіс.

Алғашқы әдістемелік ұсыным, білім беру ұйымдарында әдістемелік сыныптар құру қажет. Жалпы ұстаздар үшін емес, тәлімгерлерге арналған әдістемелік сыныптар, тәлімгерлер жұмыс барысында қандай қиындықтарға тап болды, онымен қандай шаралар жүргізілуде, осы сұрақтар қамтылуы тиіс. Сонымен қатар, методика құрылымдары, оның жас ерекшелікке сай келуі сұрақтары әдістемелік сыныпта қарастырылуы тиіс. Әр ай сайын тәлімгерлер мен әдіскер ұйымдастыратын жиналыс. Жиналыс барысында тәлімгерлерде туындап жатқан мәселелер, жас мамандардың мектепке бейімделуі, оқушылармен жұмыс жасай алуы қарастырылады. Мектеп әдіскері тәлімгерлерге арнайы жас мамандар қолданып жүрген әдіс-тәсілдерге олардың оқу процесіндегі маңызына тоқталып талдайды. Әдістемелік сынып мақсаты тәлімгерлердің жұмысындағы қиындықтарды жою.

Тәлімгерлердің жас маманмен жүргізілетін кәсіби жұмыс картасының болуы. Тәлімгерлер жас маманмен жұмыс жасау барысында қандай нәтиже қол жеткізу қажет осы сұрақ шеңберінде кәсіби карта құрылуы тиіс. Кәсіби картада жас маманның жасаған қысқа мерзімді жұмыс-

тары әр сабақта қолданылып отырған методикалары жазылып отырады, сабаққа қатысу барысында сабақ жас ерекшелікке сай келеді ме, методикалардың артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіледі.

Қазір ақпараттар, жетік технологиялар мен инновациялар заманы. Сәйкесінше, бүкіл өркениет осыған бейімделіп, инновациялық жаңашылдықтарға толы қоғам қалыптасып келеді. Заман талабына сай тәлімгерлер үшін арнайы электронды платформа ұсынғым келеді. Бұл электронды платформа жас маманның алғашқы және соңғы бір жыл бойындағы сабақ үдерісіндегі рейтингін шығарады. Бұл рейтингті шығару үшін платформа ішінде, жас маманның қатысқан іс-шарасы, жүргізген жұмыстары, ай сайынға алған жетістік, мақтау қағаздары, оқушымен жұмыс барысы, құжаттарды толтыруы, қоғамдық жұмыстармен айналысуы кіреді. Бұл жұмыс барысын тәлімгер қарап, бағалайды. Тәлімгер осы жұмыстар бойынша артықшылықтар мен кемшіліктерді платформаның құрылымына енгізіп отырады. Жас маманның жұмысқа салғырт қарамауы, жауапкершілігінің мол болуы, сабақ процесіндегі қателіктермен жұмыс барлығы көрсетіледі. Бағалау жүйесі 1-10 балл аралығында жүреді.

Тәлімгерлерге арналған біліктілік курстары. Бұл тәлімгерлердің педагогикалық күзінеттілігінің сапасын жақсартады. Курстан өткен ақпараттар бойынша жас маманмен бірлескен жылдық жоспар ұйымдастырылуы қажет. Тәлімгерлерге арналған арнайы жас маманмен жұмыс нұсқаулығы жазылуы қажет, нұсқаулыққа сай жас маманмен жұмыс күнделігі арналады. Бұл орталықтанған методиканы, сабақ барысында сабақ мақсаты қалай құрылуы қажет, іс-шаралар, ғылыми жобалар, ашық сабақтардың өтілуі барлығы тіркеліп отыруы тиіс.

Жас мамандарды үнемі қолдап, еңбегін бағалап отыруы қажет. Жас маманның қабілетіне қарай білім беру ұйымы ішінде жаңа бағытқа жол сілтеуі керек. Жас маман қаншалықты жетістіктерге жете алды, жас маманға тәлімгердің қаншалықты көмегі тиді. Осы жауапты үдерісте болуы үшін

тәлімгердің де білімді, жан – жақты дамыған, жас маманға жол көрсете алатындай болуы тиіс.

Қорытынды:

Қорытындылай келе, тәлімгерлердің жас маманмен жұмыс жасауы өте маңызды. Тәлімгерлік құзыреттерін жетілдіру барысында әдістемелік ұсынымдар, тәлімгерлер үшін курстардың арнайы методикасы бар нұсқаулықтың болуы, қай бағытта жұмыс жасау керек екендігін көрсетеді. Жыл басы мен жыл соңындағы нәтижесін анықтау үшін электронды платформаның болуы тәлімгер жұмысының көрсеткіші болып табылады. Жас маман бейімделуі үшін кәсіби карта, күнделіктің болуы жас маманның тезірек бейімделуіне көмектеседі. Тәлімгерлер үшін әдістемелік ұсынымдар

ұсына отырып, осы шараларды жүргізген жағдайда практикалық түрде өз нәтижесін береді деп ойлаймын. Еліміздің ертеңі болатын жас мамандардың қарым-қабілеттері мен таным түсініктерін де осы орайда тыс қалдырмаған жөн. Білім беру үдерісі ешқашан бір сапта қалмаған. Кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан жас мамандар болашағымыздың ірге тасын қалаушылар, базалық құзыретін толық меңгерген жас маман алдында білім алған ұрпақ, келешектің ірге тасын қалау үшін, ең алдымен сол елдің жастарының білімді, саналы ұрпақ болып жетілуінде, олай болса осындай үлкен жауапкершілікті атқарушы тәлімгерлердің жұмысының сапалы болуы маңызды!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы – «Әділет» АҚЖ (zan.kz)
2. Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы – «Әділет» АҚЖ (zan.kz)
3. [<https://marthebe.kz/ustazdar-turaly-10-tandauly-khanatty-sozder/>]

ИННОВАЦИИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ КАЗАХСТАНА: НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Агитаева Гульмира Кенесбаевна

*учитель начальных классов школа-лицея информационных технологий
№3 им. С.Толыбекова, г. Кызылорда, педагог-исследователь*

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстанның бастауыш білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан заманауи инновациялық өзгерістер қарастырылады. Автор цифрлық білім беру, STEM-бағытындағы оқыту, билингвальді білім, белсенді оқыту әдістері, балама бағалау жүйелері, инклюзивті білім беру және педагогтардың кәсіби дамуы сияқты маңызды бағыттарға тоқталады. Сондай-ақ, экологиялық тәрбие мен тұрақты даму принциптері де бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде маңызды орын алатыны атап өтіледі. Мақалада көрсетілген әдістер мен тәсілдер ХХІ ғасыр талаптарына сай білім алушы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Кілт сөздер: *Инновация, бастауыш білім, цифрландыру, STEM, инклюзивті оқыту.*

Аннотация

В статье рассматриваются современные инновации, внедряемые в начальной школе Казахстана. Автор освещает ключевые направления изменений, такие как цифровизация образования, развитие STEM-обучения, билингвальное обучение, методы активного обучения, альтернативные формы оценивания, инклюзия и профессиональное развитие педагогов. Также подчеркивается значимость экологического воспитания и устойчивого развития.

Қазіргі уақытта, ақпараттық технология қарқынды дамып келеді, олар педагогикалық кеңістікте терең еніп, білім беруде кеңінен қолданылады. Видео сабақтар – қазіргі заманғы педагогикалық әдістердің заманауи түрі. Бұл әдістің оқушылардың да, ұстаздардың да білім алу жолында алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінің арқасында мұғалімдер арасында онлайн-сабақ, бейне-конференция, жаңашыл сабақтар қолданысқа ие болып тұр. Бүгінде интернет желісіне қосылу үшін көп уақытымызды алмайтын жағдайға жеттік. Интернет желісіне жылдам қосылып, уақытын тиімді қолданып, белсенді жұмыс істеп жүрген заманауи мұғалімдеріміз бар екені белгілі. Қазіргі таңда оқушы тек білім тұтынушы емес, білімді өз бетімен оқып, меңгере алатындай жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдануы қажет.

Осы қажеттілікті толықтыру мақсатында «Төңкерілген сабақ» әдісін биология пәнінде қолдануға болады. Бұл білім алушының үйде мұғалімнің алдын-ала жасалған видеосы арқылы жаңа материалды өз бетімен оқып-үйреніп, қашықтан мұғалімнің көмегімен биология пәні бойынша зерттеу жұмыстарын, тапсырмаларын ұйымдастыру процесін жасауға болады. Яғни, үйде – білу түсіну, қашықтан – білімді қолдану көрсету. Мұғалім бұл әдісінде балаларға теориялық материалдан тұратын бейне материалдарды жасайды және оларды электрондық пошта, әлеуметтік желілер, Google Classroom арқылы оқушыға жібереді. Көбінесе Microsoft Power Point таныстырылымдарын қолданып сабақ жасаған қолайлы.

Оқушылардың үй тапсырмасы – бейнежазбаны көріп, жаңа материалмен таныс болу, ұғыну. Шәкірттер сабаққа келгенде, олар теориялық материалмен танысып, практикалық тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен шешуге дайын болады. «Төңкерілген сабақ» әдісін қолдану арқылы мұғалім оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландырумен қатар, әрқашан да оқып-білім алуға ұмтылуға бағыт-бағдар беріп отырады. «Төңкерілген сабақ» әдісі

сабақты өткізудің және білім алушыларды қызықтырудың басқа жаңашыл қыры немесе бағыты екенін әдісті қолданғаннан кейін көрдім. Бір сарынды дәстүрлі сабақтарды өткізе бергеннен, арасында осындай видео үзінділерді қолдануды ұсынамын. Әрине, әрбір сабақ қызықты өту үшін шәкірттердің дамытатындай жоспарлар құруға тырысамыз. Видео сабақтардың оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратынына сауалнама арқылы көз жеткіздік.

Күрделі материал оқушыларға есте сақтауға қиындық туғызады. Осындай жағдайда мұғалімнің де, баланың да осы тақырыпқа қосымша уақыт бөлуіне тура келеді. Видео сабақтың білім алушыға тигізер көмегі – тақырыпты меңгере алмай қалғандығы жайлы мұғалімге айтып отырмай-ақ өз бетімен жұмыс істеп, өзіне ыңғайлы уақытта видео сабақты қосып көре алады. Ал, мұғалім – осы видео сабақты бір рет қана дайындап қойып, қайта-қайта түсіндіріп отыруға кететін уақытын үнемдейді. «Төңкерілген сабақ» әдісінің ерекшеліктері: қашықтан оқушыларға, өткен материалды ноутбук немесе ұялы телефон арқылы жетік меңгеруге септігін тигізеді; қабылдау қабілеті баяу оқушыларға осы бейнежазбаны бірнеше рет қарап, қайталап, өз білімін керекті деңгейге жеткізіп алуға көп әсерін тигізеді; қашықтан сабақ өту үрдісінде материалды толық түсінбей қалған жағдайда үйде, көлікте, жалпы интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар жердің барлығында өз қалауынша қосып көре алады. Сонымен қатар сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақты бекіту, қайталау кезінде Kahoot, Quizizz ойындарын ойнатып отырамын.

Қазіргі өзекті проблемаларды шешуде жалпы биология пәнінің алатын орны ерекше. Биология сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, алған білімдері маңызды практикалық мәселерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады. Сыни ойлауды дамытатын оқу шарттарын,

яғни оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін оқушыларға еркін атмосферада жұмыс істейтіндіктеріне кепілдік беру, сыни ойлау тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктер қамтамасыз ету, кез келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімділік білдіру, сыни ойлауды бағалау, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға мүмкіндік беру. Сыни тұрғыдан ойлауда ең басты – сұрақтың дұрыс қойылуы. Сыни ойлауда – оқушылар қай нәрсеге болса да терең оймен қарайды, салыстыра отырып талдау жасайды, өз көзқарасын білдіреді, өзіндік мәнін қалыптастырады, өз ойын тұжырымды жеткізе алады. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуда сұрақтардың маңызы ерекше. Сыныпта қойылған әртүрлі сипаттағы сұрақтарға жан-жақты жауап беруге үйретіп қана қоймай, дағдыландырып, нақты ортаны жасау керек. Сабақ барысында функционалдық сауаттылықты сұрақтар қою арқылы пайдалануға болады.

8 сыныптағы «Сезім мүшелері және оның маңызы» тақырыбында мынадай сұрақтар қоюға болады.

1. Терезеге қарап, күннің жарқырап атқанын көрдім. Қандай ақпарат аласың?

2. Біз таудағы су ағынының дыбысын естідік. Біз қандай ақпарат алдық?

3. Ас үйде қайнап жатқан сүт тасып кетті, сен оны қалай байқадың?

4. Егер біз қолымызды отқа жақындатсақ, онда қандай ақпарат аламыз?

5. Мерекелік торт пісірілді. Оның дәмінің тәтті екендігін қалай байқайды?

Сыни сұрақтар:

- Сіздің жай көзбен салыстырғанда денешынықтыру жаттығуларын жасау барысында әдеттегіден тыс жиі тыныс алуыңыздың себебі неде?

- Қандай себептерге байланысты балалар мен егде адамдарға тұмауға қарсы егу жасауға кеңес береді. Себебін түсіндіріңіз.

Тест тапсырмаларын беру арқылы да оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға болады.

Мысалы:

Егер, адамдар немесе жануарлар бактериялар арқылы берілетін жұқпалы аурулармен ауырған болса, әдетте жазылғаннан кейін ауруды туғызатын бактериялар бұл аурудың ағзада жүруін болдырмайды.

Бұл құбылыстың себебі неде?

А) Ағза ауруға себеп болатын барлық бактерияларды жояды.

В) Ағза бактериялардың көбеюін болдырмайтын антидене өндіреді.

С) Қанның қызыл түйіршіктері сол аурудың себебі болатын бактерияларды жояды.

Д) Қанның қызыл түйіршіктері бактерияларды жойып, ағзадан шығарады.

«Қан және оның құрамы» тақырыбында менің денемдегі қанның мөлшері қанша? (биологиялық есеп) 47 кг салмақтағы адамның денесінде қанша литр қан бар? Қан адамның дене салмағының 7%-ын құрайтыны бізге белгілі. Жауабы: 47 кг салмақтағы адамның денесінде 3 литр, 29 мл қан бар?

Еркін жазу – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Бұл әдісті 6 сыныптағы «Мәдени және жабайы, біржылдық және көп жылдық, дәрілік және әсемдік өсімдіктер» тақырыбындағы сыни сұрақтар беру арқылы қолдандым.

1. Мектеп ауласымен үлескесінде өсетін өсімдіктерді білесің бе?

2. Қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Олардың қайсысын қандай жағдайда қолданып көрдіңдер?

3. Өз ауламызда қандай арамшөптер көп кездеседі?

Оқушылар сан түрлі ойларын жеткізді. Итмұрын, алоэ, орамжапырақтың, қызылшаның, сәбіз, картоптың, т.б. басқа да мәдени өсімдіктердің адам денсаулығына пайдасы айтылып, талқыланды.

«Мұғалім және тілші» тақырыбында рольдік ойын арқылы осы конференцияға қатысып отырған ұстаздармен пікір алмасу.

Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынадай тұжырымдарды ұсынуға болады:

1. Оқушылар алған білімдерін өмірде, кез келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйренеді.

2. Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушы ақпараттық технологияларды қолданып, проблемалардың шешімін таба алады.

3. Оқушылар өзгермелі өмірге бейімделуін үйренеді.

4. Оқушылардың жеке бас қабілеттері дамиды.

5. Оқушылардың әлеуметтік – мәдени дағдылары дамиды.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық-әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі.

Функционалдық сауаттылықтың белсенді стратегиялар арқылы оқытудың тиімділігі:

- Мұғалім үшін: Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

- Оқушы үшін: Өз білімін жете түсіну, өмірде қолдану, өз жұмысын бағалай білуі.

- Ата-ана үшін: Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

ДЕФЕКТОЛОГ – БҰЛ ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕ ЕҢ ҚАЖЕТТІ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ БІРІ***Тілеубаева Жанна Акпышаққызы****Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Есет батыр ауылы, №124 орта мектептің
дефектологі*

Дефектологтың кәсіби қызметі жалпы білім беру (инклюзивтік) және арнайы білім беру ұйымдарында (ақыл-есі кем балалар, есту қабілеті, көру қабілеті, сөйлеу, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, ақыл-есі кемуі) түзету – білім беру және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға бағытталған және т.б.

«Дефектология» мамандығы бойынша білім бакалавры жалпы адами құндылықтарға бағдарланған, гуманистік көзқарастары, кәсіби даярлығы жоғары деңгейде болуы керек, кең фундаментальды және практикалық даярлықты біріктіріп, өз мамандығын жетік меңгерген, өзінің білімін практикада қолдануға және психологиялық-педагогикалық, түзету – дамыту жұмыстарының психодиагностикалық құралдары мен технологияларын меңгеруі керек.

Түлектердің кәсіби қызметінің түрлері.

«Дефектология» мамандығы бойынша білім бакалавры келесі қызмет түрлерін атқара алады:

- дамуында әртүрлі ауытқулары бар балаларды тәрбиелеу және оқыту әдістемесін таңдау және жүзеге асыру;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың психодиагностикасын жүзеге асыру;

- ерекше білім қажеттілігін талап ететін балалардың ата-аналарымен және педагогтармен әдістемелік-кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру;

- ерекше білім қажеттілігі бар балалардың бұзылуларын оқыту, тәрбиелеу, дамыту және түзету үрдістерінің ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру.

«Дефектология» мамандығы бойынша білім бакалавры келесі қызметтерді атқара алады:

- олигофренопедагог;

- оқытушы-дефектолог;

- ақыл-ойы кем балаларға білім беруді ұйымдастырушы логопед.

Психологиялық-педагогикалық және кәсіптік даярлық мына пәндермен жүзеге асырылады: Арнайы педагогика, Арнайы психология, Инклюзивтік білім беру, Логопедия негіздері, Практикалық логопедия, Психопатология, Невропатология, Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы клиникалық ерекшеліктер, Арнайы мектепте МШ балаларға математика оқыту әдістемесі, Арнайы мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі және т.б.

АДЫРАСПАН ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ***Шалкымаева Сарсенкуль****Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Есет батыр ауылы, №124 орта мектептің
география пәні мұғалімі****Аңдатпа***

Бұл жұмыстың мақсаты – адыраспан өсімдігінің емдік қасиеттерін зерттеп, оның денсаулыққа пайдасын анықтау. Жұмыстың негізгі міндеттері: адыраспанның биологиялық сипаттамасын зерттеу, оның химиялық құрамын талдау және халық медицинасында қолдану жолдарын қарастыру.

Жұмыстың өзектілігі адыраспанның емдік қасиеттеріне деген халықтық қызығушылықтың жоғары болуымен байланысты. Бүгінгі таңда табиғи, экологиялық таза емдеу әдістері кең таралуда, ал адыраспан осындай қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын өсімдік болып табылады.

Зерттеу сұрақтары (гипотеза): адыраспанның құрамындағы алкалоидтар адам ағзасына пайдалы және әртүрлі ауруларды емдеуде тиімді.

Зерттеу барысында әдеби шолу, салыстыру, және тәжірибелік талдау әдістері қолданылды. Жұмыс бірнеше кезеңнен тұрды: 1) адыраспан туралы жалпы мәліметтер жинау, 2) өсімдіктің биологиялық сипаттамасын талдау, 3) химиялық құрамын зерттеу және 4) халық емшілігіндегі қолдану әдістерін қарастыру.

Бұл жұмыс адыраспанның емдік қасиеттерін ғылыми негізде зерттеуге бағытталып, оның қазіргі медицинада қолданылу мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі.

Аннотация

Цель данной работы-изучить лечебные свойства растения адыраспан и определить его пользу для здоровья. Основные задачи работы: изучить биологическую характеристику адыраспана, проанализировать его химический состав и рассмотреть пути его применения в народной медицине.

Актуальность работы обусловлена высоким народным интересом к лечебным свойствам адыраспана. Сегодня широко распространены естественные, экологически чистые методы лечения, и адыраспан-это растение, способное удовлетворить такие потребности.

Вопросы исследования (гипотеза): алкалоиды, содержащиеся в адыраспане, полезны для организма человека и эффективны при лечении различных заболеваний.

В исследовании использовались методы литературного обзора, сравнения, и экспериментального анализа. Работа состояла из нескольких этапов: 1) сбор общих данных об адыраспане, 2) анализ биологических характеристик растения, 3) изучение химического состава и 4) рассмотрение методов применения в народном целительстве.

Данная работа направлена на научное исследование лечебных свойств адыраспана и помогает раскрыть возможности его применения в современной медицине.

The purpose of this work is to study the healing properties of the adyraspan plant and determine its health benefits. The main objectives of the work: study of the biological characteristics of adyraspan, analysis of its chemical composition and consideration of ways of application in folk medicine.

The relevance of the work is due to the High popular interest in the healing properties of adyraspan. Today, natural, environmentally friendly methods of treatment are becoming widespread, and adyraspan is a plant that can meet such needs.

Research questions (hypothesis): the alkaloids contained in adyraspan are useful for the human body and are effective in the treatment of various diseases.

In the course of the study, methods of Literary Review, Comparison, and experimental analysis were used. The work consisted of several stages: 1) collection of general information about adyraspan, 2) analysis of the biological characteristics of the plant, 3) study of the chemical composition and 4) consideration of application methods in folk medicine.

This work is aimed at studying the medicinal properties of adyraspan on a scientific basis and helps to reveal the possibilities of its application in modern medicine.

Кіріспе

Адыраспан – Қазақстанның табиғи байлығына жататын ерекше өсімдіктердің бірі. Бұл өсімдік тек сәндік мақсатта ғана емес, сонымен қатар емдік қасиеттерімен де танымал. Алыстан келе жатқан ғалымдар мен емшілер адыраспанның әртүрлі ауруларды емдеуде тиімді екенін атап

өтеді. Осы ғылыми жұмыста біз адыраспанның емдік қасиеттерін зерттеп, оның адам денсаулығына қалай пайдалы болатынын қарастырамыз.

Жұмыстың мақсаты – адыраспан өсімдігінің емдік қасиеттерін анықтап, оны қалай қолдануға болатынын зерттеу.

Міндеттер:

1. Адыраспанның өсімдіктер әлеміндегі орнын білу.

2. Оның химиялық құрамы мен осы заттардың денсаулыққа әсерін талдау.

3. Халықтық медицинада адыраспанның қалай қолданылатынын қарастыру.

4. Заманауи медицинадағы зерттеулер нәтижелерін зерттеу.

Зерттеудің өзектілігі: Адыраспан – ғасырлар бойы халықтың денсаулығын сақтау мен ауруларды емдеуде қолданылып келген өсімдік. Қазіргі заманда табиғи дәрілерге деген сұраныс артып келеді, сондықтан адыраспанның қасиеттерін ғылыми тұрғыда зерттеу өте маңызды.

Зерттеу сұрақтары:

- Адыраспанның қандай емдік қасиеттері бар?

- Оның химиялық құрамында қандай заттар бар және олар қалай әсер етеді?

- Халықтық медицинада адыраспанды қалай қолданады?

- Заманауи медицина адыраспанды қалай пайдаланады?

Ғылыми әдістер: Зерттеу барысында әдеби шолу, талдау және салыстыру әдістері қолданылды. Сонымен қатар, тәжірибелік әдістер арқылы адыраспанның химиялық құрамын анықтау жүргізілді.

Жұмыс кезеңдері:

1. Адыраспан туралы жалпы ақпарат жинау.

2. Оның өсімдіктер әлеміндегі орнын анықтау.

3. Химиялық құрамын зерттеу.

4. Халықтық және заманауи медицинадағы қолданылуын талдау.

5. Алынған мәліметтерді қорытындылау.

Қорытынды: Зерттеу нәтижесінде адыраспанның емдік қасиеттері кеңінен қолданылатыны анықталды. Оның құрамындағы әртүрлі алкалоидтар мен басқа да заттар денсаулыққа пайдалы әсер етеді. Бұл өсімдікті одан әрі зерттеу арқылы оның әлеуетін толық ашуға болады.

Нәтижелер: Адыраспанның емдік қасиеттері туралы жинақталған мәліметтер оның медициналық қолданылуын дәлелдейді. Халықтық медицинада оның түрлі

ауруларды емдеуде тиімділігі расталды, ал заманауи зерттеулер оның химиялық құрамының денсаулыққа пайдалы екенін көрсетеді.

1 Адыраспан туралы жалпы мәлімет

Адыраспан – Қазақстанның табиғи байлықтарының бірі болып табылады. Бұл өсімдік өзінің ерекше қасиеттерімен ғана емес, сонымен қатар кең таралғандығымен де ерекшеленеді. Адыраспан көбіне шөлейтті және салаңды жерлерде өседі, сондықтан оны табу үшін көбінесе Қазақстанның шығыс және орталық бөліктеріне жүгіне аламыз. Оның гүлдері ақ және сары түстерде болады, бұл өсімдіктің көркемдігіне қосымша әсер етеді.

Адыраспанның өсімдіктер әлеміндегі орны өте маңызды. Ол ақтікендер тұқымдасына жатады, бұл тұқымда басқа да пайдалы өсімдіктер бар. Адыраспан көпжылдық өсімдік болғандықтан, ол ұзақ уақыт бойы өмір сүреді және өзінің тамыр жүйесімен терең жерге енеді. Бұл қасиеті оны құрғақ климатты аймақтарда да жақсы өсуге мүмкіндік береді. Адыраспанның сабақтары бұтақты, ал тамыр жүйесі тереңдікте 10 метрге дейін созылуы мүмкін, бұл оны құрғақшылыққа төтеп беруге қабілетті етеді.

Қазақстанда адыраспанның таралуы кең және әртүрлі. Ол көбіне тау беткейлерінде, жол бойларында және жазық далаларда кездеседі. Шу, Іле, Сырдария және Сарысу өзендері бойындағы тақырланған жайылымдарда адыраспанның бір түрі – кәдімгі Адыраспан өседі. Бұл өсімдік әсіресе шөлейтті және сортаңды жерлерде жақсы дамиды, себебі оның терең тамыр жүйесі суды терең жерден тартып, өсімдіктің тіршілігін қамтамасыз етеді. Қазақстанның әртүрлі климаттық жағдайларында адыраспан түрлі ортада өмір сүру қабілетімен ерекшеленеді, бұл оны еліміздің экологиялық жүйесінде маңызды орынға ие етеді.

Адыраспанның сыртқы көрінісі де қызықты. Оның биіктігі 30-80 см аралығында өзгеріп тұрады, бірақ көбінесе 30 см төңірегінде өседі. Өсімдіктің сабақтары бұтақты болып, әрқайсысының үстінде ақ,

сары немесе бозғылт сары гүлдер орналасады. Гүлдер бірден үш-төрт топталып сабақ басында шығады, бұл өсімдіктің жапырақтары арасында көркем көрініс қалыптастырады. Мамыр мен шілде айларында гүлденген кезде адыраспанның көрінісі нағыз табиғи әсемдікке айналады. Оның жемістері қоңыр түсті шар тәріздес қауашақ болып табылады, ішінде 1 сантиметрдей ұрығы бар және тұқымдары көп.

Адыраспанның биологиялық ерекшеліктері оны басқа өсімдіктерден айырады. Оның сабағы бұтақты, яғни әрбір сабақ өздігінен бұтақтар тартады, бұл өсімдіктің көп таралуына септігін тигізеді. Тамыр жүйесі терең болып, суда сирек кездесетін жағдайларда да өсімдіктің тіршілігін қамтамасыз етеді. Адыраспанның гүлдері ерекше сасық иіс шығарады, бұл иіс оны басқа өсімдіктерден ажыратуға көмектеседі. Бұл өсімдіктің иісі кейде адамдарға қатты болып көрінсе де, ол оның емдік қасиеттерін күшейтуге ықпал етеді.

Қазақстандағы адыраспанның таралуы оның медициналық және экономикалық маңыздылығын арттырады. Адыраспан халық арасында емдік қасиеттерімен танымал болғандықтан, оны жинау және қолдану кең таралған. Ауылдық жерлерде тұратын адамдар адыраспанды ауруларды емдеуде, малды қорғауда және түрлі шаруашылық мақсаттарда пайдаланады. Мысалы, адыраспаннан алынған тұнба малдың қышыма қотырын емдеуде қолданылады, ал оның сабағы мен жапырағы адам денсаулығын жақсарту үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, адыраспаннан жасалған бояу жүн мен жіптерді бояуға пайдаланылады, бұл оның экономикалық құндылығын арттырады.

Адыраспанның Қазақстандағы экологиялық рөлі де маңызды. Ол құрғақшылыққа төтеп бере алатын өсімдік болғандықтан, шөлейтті аймақтардың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Оның терең тамыр жүйесі топырақты ұстап, эрозияның алдын алады. Сонымен қатар, адыраспанның кең таралуы жердің биологиялық әртүрлілігін сақтауға көмектеседі, бұл өсімдіктің басқа да түрлерімен үйлесімді өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Адыраспанның Қазақстандағы таралуы оның климатына және топырақ жағдайларына байланысты өзгеріп тұрады. Шығыстағы алуан түрлі климаттық шарттар адыраспанның әртүрлі түрлерінің пайда болуына себепші болады. Бұл өсімдіктің генетикалық әртүрлілігі оның экологиялық бейімделгіштігін арттырады, бұл оны түрлі жағдайларда өсіруге мүмкіндік береді. Адыраспанның кең таралуы оның ауыл шаруашылығында қолданылуын жеңілдетеді, себебі оны әртүрлі аймақтарда оңай табуға болады.

Қорытындылай келе, адыраспан Қазақстанның табиғи байлығына қосымша ретінде ғана емес, сонымен қатар медициналық, экономикалық және экологиялық маңызы зор өсімдік болып табылады. Оның кең таралуы, ерекше биологиялық қасиеттері және халықтық медицинада қолданылуы оны еліміз үшін құнды ресурс етеді. Адыраспанның әртүрлі салалардағы қолданылуы оны Қазақстанның табиғи және мәдени мұрасында ерекше орынға ие етеді.

2 Адыраспанның емдік қасиеттері

Адыраспан – Қазақстанның ауылдық жерлерінде кеңінен қолданылатын емдік өсімдік. Оның емдік қасиеттері ғасырлар бойы халық арасында мойындалған және әртүрлі ауруларды емдеуде пайдаланылады. Адыраспанның бұл қасиеттері оның құрамындағы ерекше химиялық заттарға байланысты. Келесі бөлімде адыраспанның халық емшілігіндегі қолданылуы, оның химиялық құрамы және заманауи медицинадағы зерттеулері қарастырылады.

Халық емшілігінде адыраспанның қолданылуы кең таралған. Ауылдық жерлерде тұратын адамдар адыраспанды әртүрлі ауруларды емдеуде пайдаланады. Мысалы, адыраспанның бұтақшалары мен жапырақтары шөлдік ауа райында көп қолданылып, суықтың салдарынан пайда болатын ауруларды жеңілдетуге көмектеседі. Адамдар адыраспанның тұнбасын құяңның қоңыр қабынуын емдеуге қолданады, бұл тұнба құйдағысын азайтып, ауырсынуды жеңілдетеді.

Сонымен қатар, адыраспан мал емдеуде де қолданылады. Мал дәрігерлері

адыраспанның тұнбасын малдың қышыма қотырын емдеуге пайдаланады. Бұл тұнба малдың терісін тазалап, түрлі тері ауруларын жоюға көмектеседі. Адыраспанның бұтақшалары малдың қышыма қотырын емдеуге арналған шөптермен араласып, табиғи дәрілік құрал ретінде пайдаланылады. Мысалы, қойдың қотыры ауырған кезде, адыраспанның тұнбасы оның денсаулығын жақсартуға көмектеседі.

Адыраспанның халық емшілігіндегі қолданылуы оның табиғи емдік қасиеттеріне байланысты. Ащы дәмі мен күшті иісі оны бактерияларға қарсы күресте тиімді етеді. Халық адыраспанды түрлі әдістермен қолданады: кейде оны қайнатып ішеді, кейде жапырақтарын булап немесе мұқият аластау рәсімдерінде пайдаланады. Бұл дәстүрлі тәсілдер адыраспанның емдік қасиеттерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Адыраспанның емдік қасиеттері оның химиялық құрамында жатқан алкалоидтарға байланысты. Адыраспанның шөбінде гермин, гермамин және пеганин деген алкалоидтар кездеседі. Бұл заттар өсімдіктің емдік қасиеттерін күшейтіп, әртүрлі ауруларды емдеуде маңызды рөл атқарады.

Гермин – адыраспанның құрамында бар маңызды алкалоидтардың бірі. Ол антибактериалды және антивирустық қасиеттерге ие, бұл адыраспанды жұқпалы ауруларды емдеуде тиімді етеді. Герминнің адам ағзасына әсері оның иммундық жүйесін күшейтуге және организмді түрлі инфекцияларға қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Гермамин – бұл алкалоидтың тағы бір түрі, ол нерв жүйесіне әсер етіп, ауырсынуды жеңілдетуге көмектеседі. Герминмен бірге гермамин де адыраспанның емдік қасиеттерін арттырады. Бұл заттар адыраспанның буын ауруларын, артритті және басқа да жүйке жүйесіне қатысты ауруларды емдеуде пайдалы екенін көрсетеді.

Пеганин – адыраспанның құрамындағы тағы бір маңызды алкалоид. Ол антиоксидант қасиеттерге ие, бұл ағзаны еркін радикалдардың зиянды әсерінен қорғайды. Пеганиннің антиоксиданттық әсері организмнің жасушаларын зақымданудан

сақтап, қартаю процесін баяулатады. Сонымен қатар, пеганиннің антиканцерогендік қасиеттері оны қатерлі ісіктермен күресте пайдалы етеді.

Адыраспанның химиялық құрамы оның емдік қасиеттерін айқындайды. Бұл алкалоидтар ағзаға жағымды әсер етіп, әртүрлі ауруларды емдеуде тиімді құралға айналдырады. Химиялық заттардың комбинациясы адыраспанның табиғи дәрілік қасиеттерін күшейтіп, оны халықтың емдік тәжірибесінде маңызды орынға ие етеді.

Заманауи медицинада адыраспанның емдік қасиеттері ғылыми тұрғыда зерттеліп, оның потенциалы анықталып келеді. Ғалымдар адыраспанның химиялық құрамын талдап, оның әртүрлі ауруларға қарсы әсерін зерттейді. Бұл зерттеулер адыраспанның емдік қасиеттерін дәлелдеп, оны медициналық дәрілерде қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, адыраспанға қатысты көптеген зерттеулер оның антибактериалды және антивирустық қасиеттерін растайды. Ғалымдар адыраспанның құрамындағы алкалоидтардың бактериялар мен вирустарға қарсы күресуге қабілетті екенін анықтады. Бұл қасиет адыраспанды жұқпалы ауруларды емдеуде тиімді етеді.

Медициналық дәрілерде адыраспанның құрамындағы алкалоидтар пайдаланылады. Мысалы, герминнің антибактериалды қасиеттері инфекцияларды емдеуде қолданылатын дәрілерде кездеседі. Сонымен қатар, пеганиннің антиоксиданттық қасиеттері оны қартаю процесін баяулататын дәрілерде пайдаланады. Бұл дәрілер организмді еркін радикалдардың зиянды әсерінен қорғайды және жасушалардың зақымдануын азайтады.

Заманауи медицинада адыраспанның психоактивті қасиеттері де зерттелуде. Бұл өсімдіктің құрамындағы гармалин деп аталатын заттың психологиялық әсері бар екені анықталды. Гармалин нейротрансмиттерлердің жұмысын реттеп, адамның көңіл-күйін жақсартуға көмектеседі. Бұл қасиет адыраспанды депрессия мен стресс сияқты психологиялық ауруларды емдеуде пайдалану мүмкіндігін көрсетеді.

Ғалымдардың адыраспанға қатысты зерттеулері оның емдік қасиеттерін дәлелдеп, оны заманауи медициналық тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер адыраспанның медициналық потенциалын арттырып, оның адам денсаулығын жақсартуға қосатын үлесін күшейтеді. Сонымен қатар, адыраспанның химиялық құрамын зерттеу оның жаңа дәрілік препараттарға айналуына жол ашады.

3 Адыраспанның қолданылуы мен маңызы

Адыраспан – қазақ халқының тұрмысында маңызды орын алған өсімдік. Оның қолданылу салалары өте кең, және ол тек емдік мақсатта ғана емес, сонымен қатар шаруашылық, мәдени және рухани салаларда да қолданылады. Адыраспанның бұл қасиеттері оны қазақтың табиғи байлығында ерекше орынға ие етеді.

Адыраспанды бояу үшін қолдану дәстүрі қазақ халқының бай мәдениетімен тығыз байланысты. Адыраспанның жапырақтары мен бұтақшалары бояу жасауға керемет негіз береді. Жүн мен жіптерді бояу барысында адыраспанның түстері табиғи әрі ұзаққа созылатын болып табылады. Мысалы, қазақтың дәстүрлі киіздері мен жіптері адыраспанмен боялғандықтан, олар ұзақ уақыт бойы түсін жоғалтпайды және әдемі көрінеді.

Қызылкүрең бояу алу үшін адыраспанның арнайы бөліктері пайдаланылады. Бұл бояу табиғи әрі экологиялық таза болып табылады, сондықтан оны киім-кешек, үйдің ішкі және сыртқы қабырғаларын бояу үшін жиі қолданады. Қызылкүрең түсті бояу жасау процесі қарапайым, бірақ өте маңызды. Алдымен адыраспанның жапырақтары мен бұтақшалары жинақталып, оларды қайнатып, суытып, түстік сусын дайындалады. Осы сусынды жүн немесе жіптерге тигізу арқылы бояу процесі аяқталады. Бұл әдіс арқылы алынған бояу табиғи әрі экологиялық таза болып табылады, сондықтан ол экологиялық таза өндіріс үшін өте қолайлы.

Адыраспан қазақ халқының тұрмыстық өмірінде үйді тазалау мен қорғау үшін де кеңінен қолданылады. Халық адыраспанды жын-шайтаннан қорғау мақсатында қолданады. Үйдің төріне немесе есікке адыраспанның бір бұтағын іліп қою арқылы жын-шайтанның кірмеуін қамтамасыз етеді. Бұл әдіс халық арасында ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан дәстүрлі тәсілдердің бірі болып табылады.

Алыстау рәсімдерінде де адыраспанның маңызы зор. Жаңа үйге келерде немесе үйді жаңартқанда адыраспанның түтінімен аластау рәсімдері өткізіледі. Бұл рәсімдерде адыраспанның бір бұтағы отқа салынып, түтіні үйдің әр бұрышына таратылады. Осылайша, жын-шайтанның кірмеуі қамтамасыз етіледі және үйдегі адамдардың амандығы нығаяды. Мысалы, жаңа үйге келетін отбасы мүшелері адыраспанды аластырып, үйді қорғау үшін оны төреге іліп қояды.

Адыраспанның тағы бір маңызды қолданылу саласы – шаруашылық зиянкестермен күрес. Қазақ шаруашылығында адыраспанның тұнбасы зиянкестерге қарсы тиімді құрал ретінде пайдаланылады. Тұнба жасау үшін адыраспанның жапырақтары мен бұтақшалары қайнатып, концентренген сусын дайындалады. Бұл сусын ауыл шаруашылығында жәндіктермен күресуде қолданылады.

Мысалы, малдар арасында таралған қышыма қотырын емдеуде адыраспанның тұнбасы пайдаланылады. Тұнба малдың терісіне жағып, оны таза ұстап, түрлі тері ауруларын жоюға көмектеседі. Сонымен қатар, адыраспанның тұнбасы ауыл шаруашылығында жәндіктерге қарсы қолданылғандықтан, оны өсімдіктерді зиянкестерден қорғау үшін де пайдаланады. Бұл әдіс экологиялық таза әрі тиімді болып табылады, себебі адыраспанның табиғи қасиеттері зиянкестерді жояды, бірақ өсімдіктерге зиян келтірмейді.

Адыраспан қазақ мәдениетінде тек практикалық мақсатта ғана емес, сонымен қатар рухани мәні бар өсімдік ретінде де танылады. Қазақтар адыраспанды қасиетті шөп ретінде мойындайды және оны түрлі дәстүрлі рәсімдерде пайдаланады. Мысалы,

жаңа туған баланы қорғау, үйді тазартып, рухани тазалыққа жету үшін адыраспан пайдаланылады.

Дәстүрлі рәсімдерде адыраспанның орны ерекше. Мысалы, үйге жаңа отбасы мүшелерін қарсы алғанда немесе мерекелерде адыраспанды отқа салып, оның түтінімен үйді аластайды. Бұл рәсімдерде адыраспанның түтіні жын-шайтаннан қорғап, үйдің амандығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, адыраспан қазақтардың рухани әлемінде де маңызды рөл атқарады. Ол рухани тазалық пен амандықтың символы ретінде қабылданады.

Қазақ мәдениетінде адыраспанның қолданылуы оның ұлттық мұрасында маңызды орынға ие екенін көрсетеді. Адыраспанның қолданылуы арқылы қазақтар табиғатпен үйлесімді өмір сүруді, оның байлығын сақтап, пайдалануын көрсетеді. Бұл өсімдіктің мәдени және рухани маңызы оның халықтың тұрмысында ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарында да көрініс табады.

Қорыта келгенде, адыраспанның қолданылуы мен маңызы оның табиғи қасиеттерімен ғана емес, сонымен қатар мәдени және рухани мәнімен де байланысты. Қазақ халқы адыраспанды түрлі салаларда пайдалана отырып, оның құндылығын жоғары бағалайды. Бұл өсімдік қазақтың табиғи байлығында ерекше орынға ие болып, оның тұрмысында, мәдениетінде және рухани өмірінде маңызды рөл атқарады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, бұл ғылыми жұмыс адыраспанның емдік қасиеттері мен оның қазақ халқының тұрмысында және дәстүрінде алатын ерекше орнын зерттеуге бағытталды. Жүргізілген зерттеу барысында адыраспанның түрлі ауруларды емдеуге қолданылатыны және оның құрамындағы алкалоидтар – гермин, гермамин, пеганин – адам денсаулығына пайдалы екені анықталды. Бұл жұмыс дәстүрлі медицина мен қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер арасындағы байланысты күшейтуге бағытталған және табиғи өсімдіктердің емдік қасиеттерін ашуға арналған зерттеу-

лердің маңыздылығын көрсетеді. Адыраспанның халықтық медицинадағы қолданылуы, мысалы, тері аурулары, суық тию және ревматизм сияқты ауруларды емдеу тәсілдері оның адам денсаулығын жақсартудағы әлеуетін көрсетеді. Бұл өз кезегінде адыраспанның ерекше биологиялық құндылыққа ие екенін дәлелдейді.

Жұмыстың жаңашылдығы дәстүрлі емдік өсімдіктерді ғылыми тұрғыдан қарастыруға бағытталған. Адыраспанның химиялық құрамын зерттеу және оның емдік қасиеттерін дәстүрлі медицинамен бірге талдау арқылы оның құрамындағы белсенді заттардың адам ағзасына тигізетін оң әсерлері түсіндірілді. Бұл зерттеу заманауи медицинаға қосымша ақпарат ұсына отырып, дәстүрлі шөптерді қолданудың тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жұмыстың тағы бір жаңашылдығы – адыраспанның тек медицинада ғана емес, мәдени және рухани өмірдегі маңызының талдануы. Қазақ халқы адыраспанды жын-шайтаннан қорғау, аурулардан тазарту мақсатында қолданған, бұл оның қазақ мәдениетінде ерекше орын алатынын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері адыраспанның тек емдік емес, сонымен қатар мәдени мұра ретіндегі маңызын аша отырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қажеттілігін көрсетеді.

Бұл жұмыс адыраспанды заманауи медицинада қолдану жөнінде бірнеше ұсыныстар мен тұжырымдар жасайды. Біріншіден, адыраспанның химиялық құрамында кездесетін алкалоидтарды зерттеу арқылы оның ағзаға тигізетін әсерін тереңірек білуге болады. Бұл жұмыс адыраспаннан алынған табиғи дәрілердің құрамын және олардың адам денсаулығына пайдасын анықтауға бағытталған келесі зерттеулерге негіз бола алады. Адыраспанның химиялық құрамындағы гермин, гермамин және пеганин сияқты алкалоидтар инфекциялық және қабыну ауруларын емдеуде қолданыла алады, бұл оның медициналық маңыздылығын арттырады.

Екіншіден, адыраспанды тек дәрілік мақсатта ғана емес, экологиялық таза бояу ретінде де қолдану мүмкіндігі зерттелді.

Бояу процесінде адыраспаннан алынған қызылкүрең түс жүн және маталарды бояуда қолданылады, бұл оны экологиялық таза және экономикалық жағынан тиімді шешімге айналдырады. Осыған орай, табиғи бояулардың орнына адыраспаннан алынатын бояуларды қолдану дәстүрлі қолөнер бұйымдарына ерекше құндылық беріп, экологияға да оң әсер етеді.

Сондай-ақ, адыраспанның зиянкестермен күресте қолданылуы оның ауыл шаруашылығында тиімді қолданылу жолдарын көрсетеді. Адыраспанның тұнбасы арқылы малдың қышыма қотыры сияқты ауруларды емдеу немесе шаруашылық зиянкестеріне қарсы тұру мүмкіндігі бұл

өсімдіктің шаруашылықтағы маңыздылығын арттырады. Бұл тәсілдің артықшылығы – оның экологиялық таза әрі табиғи әдіс болуы, сондықтан бұл әдіс қоршаған ортаны қорғауға да ықпал етеді.

Жалпы алғанда, бұл жұмыстың нәтижелері адыраспанның қазақ мәдениеті мен дәстүрінде алатын орнының маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, оның медициналық және шаруашылықтағы қолдану салаларын кеңейтеді. Зерттеудің нәтижелері халықтық медицина тәжірибесін ғылыми негізде қолдану арқылы адыраспанның емдік және экологиялық қасиеттерін заманауи тәсілдермен тиімді пайдалануға болатынын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нығметова С. Адыраспанның биологиялық сипаттамасы және емдік қасиеттері. Алматы: Қазақ баспа үйі, 2019. – 256 б.
2. Асқарова Г. Қазақ халқының дәстүрлі медицинасы және шөптік емдеу әдістері. Астана: Медицина ғылыми орталығы, 2017. – 184 б.
3. Капсалямова Э. Адыраспанның химиялық құрамы және оның медицинадағы маңызы // Фармакология журналы. – 2020. – №3. – 58-66 б.
4. Қазақ ұлттық медицина университеті жанындағы ғылыми зерттеулер: Адыраспанның терапиялық қолданылуы. Алматы, 2018.
5. Назарбаев атындағы университет. Шөптік дәрілердің экологиялық және экономикалық тиімділігі: зерттеу жұмыстары. Астана, 2021.
6. «Қазақтың емдік шөптері» деректі фильмі. Режиссер Н. Нұрмағамбетов. Қарағанды: Қазақфильм, 2020.
7. Көкенова Ж.Қ. Қазақ мәдениетіндегі адыраспанның рухани мәні // Ұлттық салт-дәстүр және мәдениет. – 2018. – №4. – 22-30 б..

ФИЗИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМІ «ФИЗИКА» ПӘНІ БОЙЫНША ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шәкірат Алма Мұзафарқызы

*Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Есет батыр ауылы, №124 орта мектептің
физика пәні мұғалімі, педагог-модератор*

Елімізде жалпы білім беретін орта мектептердің 7-8 сыныптарында «Физика» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламалары ендірілді. Қазақстандағы орта білім мазмұнын жаңарту қажеттілігі қазіргі заманның мектеп бітірушілерге қойып отырған талаптарынан туындап отыр. Ол талаптар: білім бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы, қазақстандық мектеп бітірушілер оқуын тек елімізде ғана емес, шетелдік

жоғары оқу орындарында да жеңіл, еш кедергісіз жалғастыра алатындай болуы тиіс. Қазақстан Республикасында «Физика» пәні бойынша негізгі мектептің орта білім бағдарламаларын жаңарту, ең алдымен оқу бағдарламасының құрылымын жаңартудан басталды, соның ішінде:

- түсінік хат;

- «Физика» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері;

- оқу бағдарламасын жүзеге асырудағы педагогикалық тәсілдер;
- оқу жетістіктерін бағалау әдістері;
- «Физика» оқу пәнінің мазмұны;
- оқу жүктемесінің бөлінісі;
- оқу мақсаттарының жүйесі;
- ұзақ мерзімді жоспарлар.

Екіншіден, бағдарламаны жаңарту оның мазмұнын қамтыды:

- оқытудың «шиыршық» қағидаты;
- тақырыптардың қарапайымнан жоғары деңгейге өтудегі бірізділігі;
- танымдық дағдыларды дамытуы және өмірмен байланыс;
- белсенді оқу әдістерін қолдану;
- метапәндік бағыттылығы;
- жеке нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлану;
- оқу ресурстары мен қолданылатын оқыту әдістерін таңдау еркіндігі;
- кең пәнаралық байланыс.

Мысалы, оқу бағдарламасының спиральділігінің мәні мынада:

- оқу мақсаттары әртүрлі деңгейлерде, кейде бір тоқсан аясында, кейде бірнеше тоқсанда қайталанып отырады;
- оқу мақсаттары әрбір келесі деңгейде алдыңғы деңгейге қарағанда, анағұрлым тереңдетіліп оқытылуы тиіс;
- деңгей жоғарылаған сайын, оқу мақсатының күрделілігі артып отырады;
- шиыршық құрылымы білімдер мен дағдылардың сыныптан сыныпқа ілгерілеуін қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, «Физика» пәнінің төмендегі ерекшеліктеріне басымдық берілген:

- оқушыларды білімдерін қолдануға, физикалық үдерістердің жүру шарттарын сыныптан сыныпқа дамыту және тереңдету арқылы түсінуге, алған білімдері мен дағдыларын шынайы өмірде пайдалана білуге үйретуге бағытталған;
- оқушыларда қоршаған орта мәселелерін шешудегі физиканың рөлін түсінуін қалыптастыруға жағдай жасайды;
- қауіпсіз сарамандық тәжірибелерді, практикалық сабақтарды, ұсынымдарды ұйымдастырып, өткізу арқылы зерттеушілік дағдылар мен функционалдық сауаттылықты қалыптастырады. Мысалы, бағдарлама бойынша 7 сыныпта зерттеушілік

қабілетін дамыту үшін «7.1.3.1 – дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке ала отырып, жазу» деген оқу мақсаты көзделген. Ал, 8-сыныптар бойынша «8.1.3.1 – эксперимент барысында деректерін жинақтау, талдау және өлшеу және қателіктерін ескеріп жазу» деген оқу мақсаты бар. Байқасаңыз, 7-сыныпқа қарағанда, 8-сыныпта зерттеудің жоғары деңгей дағдысы айқын.

Спиральді оқу бағдарламасының артықшылықтары:

- оқушыларды межеленген оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелейді;
 - жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады;
 - оқу мақсатынәрбір қайталап оқыған сайын, оның пәннің күрделілігі арта түседі;
 - спиральді оқу бағдарламасы қарапайым идеядан анағұрлым күрделі идеяға қисынды жолмен ауысуды көздейді.
- «Физика» пәні бойынша оқу жоспарында:
- тілдік мақсаттар;
 - ұзақ мерзімді жоспар: бір оқу жылының бөлімдерін, тақырыптарын оқу мақсаттарын қамтиды;
 - орта мерзімді жоспар: оқу кезеңіне арналған әдістер мен ресурстарды қарастырады;

- оқу мақсатынан, саралаудан, пәнаралық байланыстан, мұғалім тәжірибесінің кері байланысынан, зерттеу дағдыларын дамытудан тұратын қысқа мерзімді жоспардың үлгісі берілген.

Төртіншіден, жаңартылған бағдарламаның қолданыстағы оқу бағдарламасынан ерекше келесі белгісі – айқын пәнаралық байланыс. Мысалы, «Физикадан» 8-сыныпта «8.3.1.1 – оқу мақсаты молекулалық кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау» деген оқу мақсатына «Химия» пәнінде параллель «атомның заттың ең кіші бөлшегі екенін білу» қарастырылған, осыған ұқсас оқу мақсаты «Биология» пәнінде де бар: «организмдердің өміріндегі микро- және макро-

элементтердің рөлін сипаттау». Келесі ерекшелік: оқу оқушылардың ойлау дағдыларын білу, түсіну сияқты төменгі дейгей дағдыларынан талдау, жинақтау, бағалау сияқты жоғары деңгей дағдыларына қарай дамытуға бағытталған. Қорыта айтқанда, «Физика» пәнінен 7-8 сыныптарға арналған оқу бағдарламасында мынадай өзгертулер және толықтырулар көрініс тапқан:

- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған білімнің практикалық-бағдарлылығы күшейтілген;

- пәндердің мазмұны пәнаралық интеграцияны күшейту және оқу материалдарын білім беру деңгейлері бойынша бөлу жолымен жүйеленген;

- практикалық, жобалау-зерттеу жұмыстары және эксперименталды жұмыстардың саны арттырылған;

- жалпы орта білімнің мазмұнын саралау күшейтілген.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша физика пәнін оқытуда оңтайлы өзгерістер де болып жатыр. Жалпы физика – күрделі пән. Оны жаттап алу мүмкін емес, түсініп оқуды қажет етеді.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЫ

Өтеулі Айдана Жеңісбекқызы

«Baiterek School» жеке мектебінің жанындағы облыстық «DARYNDY» балаларға арналған мектеп-интернатының ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагогика және психология ғылымдарының магистрі

Аннотация

Бүгінгі білім беру үдерісінде цифрлық технологиялардың алатын орны ерекше. Ағылшын тілін оқытуда мультимедиялық құралдар мен онлайн ресурстардың қолданылуы оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың оқуға деген ынтасын күшейтіп, белсенділігін арттырады. Бұл мақалада цифрлық ресурстарды ағылшын тілі сабақтарында тиімді пайдаланудың педагогикалық артықшылықтары мен оның оқушылардың психикалық-эмоционалдық жағдайына тигізетін ықпалы жан-жақты қарастырылады.

Мақалада мұғалімнің цифрлық ресурстарды мақсатты әрі теңгерімді қолдануының маңыздылығы айқындалады. Цифрлық құралдардың тиімділігі оларды қалай, қай жерде және қандай мөлшерде пайдалануға байланысты екені атап өтіледі. Қорыта келе, мақалада заманауи ағылшын тілі сабағында цифрлық технологияларды педагогикалық және психологиялық тұрғыдан ұтымды қолдану бойынша ұсыныстар беріледі.

Қазіргі заманда білім беру жүйесі қарқынды түрде жаңарып, цифрлық технологиялар оқу-тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігіне айналуға бастады. Әлемдік тәжірибеде шет тілдерін, әсіресе ағылшын тілін оқытуда сан алуан цифрлық ресурстарды қолдану кеңінен етек алды. Бұл ресурстар – интерактивті бағдарламалар, білім беру платформалары, мультимедиялық контенттер, онлайн ойындар, тіл үйренуге арналған мобильді қосымшалар және қашықтан оқыту құралдары ретінде көрініс табады. Олардың көмегімен оқушы тек тіл үйреніп

қана қоймай, оны қызығушылықпен, белсенді түрде меңгере алады. Цифрлық оқыту – дәстүрлі оқытудың баламасы емес, оны толықтыратын, байытатын заманауи әдіс. Бұл тәсіл оқушының жеке қабілетін, оқу қарқынын, тілдік деңгейін ескеруге мүмкіндік беретін икемді орта қалыптастырады. Ағылшын тілі сабақтарында мұндай ресурстарды қолдану сабақ мазмұнын визуализациялауға, оқушылардың қатысу белсенділігін арттыруға және тілдік дағдыларды (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) жан-жақты дамытуға жағдай жасайды.

Алайда, технологияның мүмкіндігі мол болғанымен, оның әсерін тек оң тұрғыдан қарастыру біржақты көзқарас болар еді. Соңғы жылдары педагогтар мен психологтардың назарын осы ресурстардың балалардың психологиялық жай-күйіне, эмоциялық тепе-теңдігіне және оқу мотивациясына тигізетін ықпалы ерекше аударуда. Экран алдында ұзақ отыру, назардың жиі ауытқуы, мазасыздық, әлеуметтік байланыстардың азаюы сияқты мәселелер – цифрлық құралдарды қолданудың жасырын салдарлары болып отыр.

Цифрлық ресурстар – қазіргі білім беру үдерісін түрлендіретін, жаңартатын және оқушының оқу тәжірибесін жекешелендіруге мүмкіндік беретін маңызды құралдардың бірі. Әсіресе, шет тілдерін, соның ішінде ағылшын тілін үйретуде цифрлық технологиялардың әлеуеті зор. Бұл ресурстардың тиімділігі бірқатар нақты көрсеткіштер мен факторлар арқылы дәлелденеді.

Біріншіден, цифрлық ресурстар оқу материалының көрнекілігін және қолжетімділігін арттырады. Мысалы, онлайн-платформалар мен мобильді қосымшаларда мәтіндер, аудиожазбалар, бейне материалдар, суреттер мен анимациялар бір жүйеде ұсынылып, оқушының визуалды және есту арқылы қабылдауын жақсартады. Бұл әдіс әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін аса тиімді, өйткені олардың зейіні көбіне нақты бейнелерге, дыбыстық сүйемелдеуге бағытталған.

Екіншіден, цифрлық ресурстар оқушының оқу белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Интерактивті тапсырмалар, ойын элементтері, балл жинау, марапаттау жүйесі оқушыны қызықтырып, үздіксіз қатысуға ынталандырады. Бұл – дәстүрлі жаттығулармен салыстырғанда анағұрлым тиімді, өйткені бала өзін ойын процесінде сезініп, білімді еркін әрі еріксіз меңгереді.

Үшіншіден, цифрлық технологиялар арқылы жекелеген оқыту траекториясын құру мүмкіндігі пайда болады. Әр оқушы өзінің деңгейіне, қарқынына және қызығушылығына сәйкес жеке бағдарламада жұмыс істей алады. Мысалы, *Duolingo* секілді платформаларда жаттығулар күрде-

лілік деңгейіне қарай жүйеленіп беріледі. Мұғалімнің де оқушы жетістіктерін нақты бақылап, кері байланыс беру мүмкіндігі артады.

Төртіншіден, цифрлық ресурстар уақыт пен кеңістіктік шектеуді жояды. Оқушы сабақтан тыс уақытта да, үйде немесе жолда жүріп-ақ білім ала алады. Бұл қашықтан оқыту жағдайында аса маңызды. Сонымен қатар, оқушының өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

Бесіншіден, бұл ресурстар арқылы топпен, жұппен жұмыс істеу формалары да жеңіл жүзеге асады. Онлайн викториналар мен ұжымдық тапсырмалар оқушылар арасында серіктестік орнатып, коммуникативтік қабілеттерін шыңдайды.

Дегенмен, цифрлық ресурстардың тиімді болуы оның қалай қолданылатынына да байланысты. Оны механикалық түрде немесе тек уақыт өткізу мақсатында емес, нақты дидактикалық мақсатқа негіздеп қолдану қажет. Мұғалім саналы түрде оқушы жасын, тақырыпты, мақсатты және сабақ құрылымын ескере отырып, ең қолайлы ресурсты таңдай білуі тиіс.

Цифрлық ресурстар білім беру үдерісіне көптеген оң өзгерістер әкелгенімен, олардың оқушылардың психикалық және эмоционалдық дамуына тигізетін ықпалын да ескермеу мүмкін емес. Атап айтқанда, ағылшын тілі сияқты шет тілін оқыту барысында қолданылатын мультимедиялық құралдар мен онлайн платформалар балалардың мотивациясына, көңіл-күйіне, өзін-өзі бағалауына және когнитивтік дамуына белгілі бір деңгейде әсер етеді. Бұл әсерлер шартты түрде оң және теріс ықпалдар болып бөлінеді.

Оң психологиялық әсерлері: Цифрлық ресурстарды тиімді қолдану оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, мотивациясын күшейтеді. Интерактивті тапсырмалар, бейнероликтер, аудиоматериалдар мен ойын форматындағы жаттығулар оқушыларға жаңашылдық сезімін сыйлап, шет тілін үйренуді қызықты әрі оңай етіп көрсетеді. Мұндай әдістер табыстылық сезімін қалыптастырып, оқушы өзін қабілетті,

жетістікке жете алатын тұлға ретінде сезінеді. Цифрлық платформалардағы марапат жүйесі, ұпай жинау, деңгейді көтеру сияқты элементтер бәсекелестік және өзін-өзі дамытуға ұмтылыс сезімін оятады. Бұл – баланың ішкі мотивациясын нығайтатын психологиялық фактор. Сонымен қатар, кейбір ұялшақ, көпшілік алдында сөйлеуден қашатын балалар үшін онлайн жаттығулар өзін еркін әрі қауіпсіз сезінуге мүмкіндік береді. Бұл олардың өзіндік сенімділігін арттырады.

Теріс психологиялық әсерлері:

Цифрлық құралдардың артық немесе дұрыс қолданылмауы балалардың психологиялық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Ең алдымен, экран алдында ұзақ отыру – көздің шаршауына, дене қозғалысының шектелуіне, шаршау мен ашуланшақтыққа әкеледі. Бұл жағдай – әсіресе бастауышы сынып оқушылары үшін маңызды мәселе. Себебі олардың жүйке жүйесі әлі толық қалыптаспаған, зейіні тез ауытқиды, ұзақ шоғырлана алмайды. Сонымен қатар, кейбір балалар шынайы әлеуметтік қарым-қатынас орнына виртуалды байланыстарды таңдай бастайды. Бұл олардың эмпатия, топпен жұмыс істеу, нақты жағдайда тілдесу сияқты коммуникативтік дағдыларының бәсеңдеуіне себеп болуы мүмкін. Әсіресе, үнемі онлайн режимде жұмыс істеуге бейімделген балалар сыныпта, қоғамда өз ойын ашық жеткізуде қиналады. Тағы бір маңызды аспект – мазмұндық жүктеменің артуы. Көптеген цифрлық платформалар ақпаратты жылдам ұсынғанымен, бұл оқушы миына шектен тыс ақпарат ағынын түсіреді. Мұндай кезде балада шатасу, шаршау, уайым, зейіннің әлсіреуі, тіпті күйзеліске ұшырау қаупі артады. Сонымен қатар, тапсырмаларды уақытылы орындауға тырысқан оқушы тұлғалық қысым сезінуі мүмкін. Баланың психикалық саулығына әсер ететін тағы бір маңызды фактор – интернетке немесе құрылғыға тәуелділік. Цифрлық сабақтардан тыс уақытта да кей оқушылар түрлі ойындарға, бейнежазбаларға қызығып, шынайы өмірден алшақтай бастайды. Бұл – бала мен ата-ана, бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты әлсіретуі ық-

тимал.

Цифрлық ресурстардың психологиялық әсері – екі жақты құбылыс. Оны тиімді қолдану арқылы оқушының қызығушылығын, өз-өзіне сенімін және оқу мотивациясын арттыруға болады. Алайда шектен тыс қолдану керісінше, оның психологиялық әл-ауқатына зиян келтіруі ықтимал. Сондықтан мұғалімдер мен ата-аналар бұл ресурстарды пайдалану барысында баланың эмоционалдық жағдайын үнемі бақылап, баланс сақтауды, дәлелді таңдау жасауды басты назарда ұстауы қажет.

Цифрлық ресурстардың тиімділігі мен ықпалы, ең алдымен, оны қалай қолданатынына және кім қолданатынына тікелей байланысты. Осы тұрғыда мұғалімнің рөлі ерекше маңызға ие. Цифрлық технологиялар өздігінен білім бермейді, оларды жүйелі, мақсатты, педагогикалық тұрғыда сауатты қолданатын кәсіби маманның жетекшілігімен ғана нәтижелі бола алады. Яғни, технология – құрал, ал оны дұрыс бағыттаушы – мұғалім.

Цифрлық ресурстармен жұмыс істегенде мұғалім тек ақпарат беруші емес, оқыту процесінің ұйымдастырушысы, бағыттаушысы және модераторы ретінде әрекет етеді. Ол оқушылардың жеке ерекшеліктерін, дайындық деңгейін, қызығушылықтарын ескере отырып, ең тиімді платформаларды, қосымшаларды немесе интерактивті материалдарды таңдап алуы қажет. Бұл – жай ғана дайын жаттығу беріп қою емес, оқушыны сол материалмен жұмыс істей алатындай етіп жол көрсету мен қолдау көрсету міндеті.

Цифрлық ресурстардың молдығы мұғалімге үлкен таңдау еркіндігін береді, алайда бұл еркіндік жауапкершілікпен қатар жүреді. Мұғалім әрбір цифрлық материалды нақты сабақтың мақсатына, күтілетін нәтижесіне және оқушы деңгейіне сәйкестендіріп қолдануы керек. Тек «қызықты» немесе «заманауи» деп таңдау жеткіліксіз – басты назар оқыту сапасында болуы тиіс. Яғни, мұғалім цифрлық құралды ойластырылған дидактикалық құрал ретінде пайдалануы қажет.

Цифрлық ортада оқушылар жиі жал-

ғыздық сезіміне, сенімсіздікке, шаршаға ұшырауы мүмкін. Осы кезде мұғалімнің эмоциялық қолдауы мен психологиялық саулықты сақтаудағы рөлі артады. Мұғалім тек тапсырма беруші емес, оқушының жағдайын байқайтын, уайымын тыңдайтын, шабыттандыратын тұлға бола білуі қажет. Оның жылы сөзі, мақтауы, дұрыс бағыт беруі бала үшін өте маңызды. Әсіресе, онлайн немесе цифрлық форматта оқитын оқушылар мұғалім тарапынан кері байланысты, қолдау мен мойындауды көбірек қажет етеді.

Цифрлық ресурстар әр оқушыға өз қарқынымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, алайда бұл үрдісті басқарып отыратын тұлға – мұғалім. Ол оқушылардың жұмысын бақылап, кімге қандай тапсырма лайықты екенін, кімге қосымша көмек қажет екенін анықтап отыруы керек. Жекелендіру принципі мұғалімнің психологиялық және педагогикалық шеберлігін талап етеді.

Цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану үшін мұғалімнің өзі технологиялық тұрғыда сауатты, икемді, үнемі жаңалықты меңгеруге дайын болуы шарт. Жаңа платформалармен жұмыс істеу, мазмұн құрастыру, бейне немесе аудио материалдарды монтаждау, онлайн кері байланыс ұйымдастыру – мұның бәрі қазіргі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне жатады.

Мұғалімнің басты міндеттерінің бірі – цифрлық және дәстүрлі оқыту әдістерінің арасында тепе-теңдік сақтай білу. Барлық сабақты тек онлайн форматта өткізу де, керісінше, технологияны мүлдем қолданбау да тиімді емес. Сондықтан педагог аралас оқыту (blended learning) үлгісін ұтымды пайдаланып, әр әдістің артықшылығын үйлестіре білуі керек.

Мұғалім – оқу үдерісіндегі басты тұлға, тіпті ең үздік цифрлық құралдың өзі мұғалімнің біліктілігін, жүрек жылуын және психологиялық қолдауын алмастыра алмайды. Сондықтан қазіргі замандағы педагог тек пән мұғалімі ғана емес, цифрлық білім кеңістігінің көшбасшысы болуы тиіс. Ол оқушыны технологияның тұңғығына батырмай, саналы, мақсатты

әрі қауіпсіз бағытта жетелеуді көздегені жөн.

Қазіргі білім беру жүйесі жаңа дәуірге қадам басып, сандық технологиялармен терең кірігіп отыр. Бұл өзгерістер ағылшын тілі сияқты шет тілдерін оқыту процесіне де тікелей әсерін тигізуде. Цифрлық ресурстар – оқыту үдерісін жандандыратын, мазмұнын тереңдететін және оқушы белсенділігін арттыратын тиімді құрал. Алайда, мұндай технологиялардың артықшылықтарымен қатар белгілі бір шектеулері мен қауіптері де қатар жүреді.

Мақалада талданғандай, ағылшын тілі сабақтарында цифрлық ресурстарды қолдану бірқатар педагогикалық тиімділік береді: оқу материалының көрнекілігі артады, оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығы күшейеді, оқу үдерісі дараланып, әр оқушының мүмкіндіктері ескерілетін орта қалыптасады. Интерактивті тапсырмалар, онлайн жаттығулар мен білім беру қосымшалары оқушылардың когнитивтік белсенділігін оятып, өздігінен білім алуға ынталандырады. Сонымен қатар, мұғалімнің сабақ құрылымын түрлендіруіне, сабақ сапасын арттыруына жағдай жасайды. Цифрлық ресурстарды жүйесіз және шектен тыс қолдану оқушылардың психологиялық саулығына кері әсер етуі мүмкін. Экран алдындағы ұзақ уақыт, шынайы қарым-қатынастың азаюы, зейін тұрақсыздығы, эмоциялық шаршау, интернетке тәуелділік сияқты мәселелер – мұғалім мен ата-ананың бақылауын қажет ететін маңызды факторлар. Сондықтан цифрлық технологияны қолдануда тепе-теңдік, мақсаттылық және педагогикалық жауапкершілік басты қағида болуы тиіс.

Мұғалім осы үдерістегі негізгі тұлға ретінде цифрлық ресурстарды тиімді таңдап, жүйелі түрде қолдануы, сонымен бірге оқушының психоэмоционалдық жағдайын бақылап, қажетті қолдау көрсетуі қажет. Оқушылардың жас ерекшеліктерін, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту моделін дұрыс ұйымдастыру – сапалы білім мен тұлғалық дамудың кепілі.

Қорытындылай келе, ағылшын тілін оқытуда цифрлық ресурстарды орынды, әдістемелік тұрғыда негізделген түрде қолдану білім берудің жаңа сатыға көтерілуіне ықпал етеді. Ол тек тіл үйретудің құралы ғана емес, сонымен қатар оқушының заманауи құзыреттерін – сыни

ойлау, ақпаратты іріктей білу, дербес шешім қабылдау және технологиялық сауаттылықты дамытуға да мүмкіндік береді. Ең бастысы – бұл ресурстар адамды алмастыру үшін емес, мұғалімнің жұмысын тиімді ету үшін қолданылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметова, Г.Б. (2022). Цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіндегі орны. – Алматы: «Білім» баспасы.
2. Сейтқалиева, Ж.Ә. (2023). Ағылшын тілін оқытуда мультимедиялық ресурстарды қолдану жолдары. – Атырау: Педагогикалық шеберлік орталығы.
3. Бектаева, А.С. (2022). Цифрлық білім беру: мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндер. // «Білім әлемі» журналы, №2, 12–17-б.
4. Билимбаев, Т.Қ. (2020). Интерактивті оқыту әдістері және цифрлық платформалар. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық инновациялық білім беру орталығы.
5. Kahoot!, Quizlet, Duolingo – шет тілін оқытуға арналған танымал цифрлық платформалар.
6. Министрлік деректері – ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Цифрлық білім беру стратегиясы – 2025. www.gov.kz

INCLUSIVE EDUCATION: SUPPORTING ENGLISH LEARNERS WITH SPECIAL/EXCEPTIONAL NEEDS

Seitbenbetova Madina Nuralievna

School №86 after named A. Adilov

Master of Pedagogical Sciences

«Foreign language: two foreign languages»

Abstract

The article is devoted to the problem of teaching students with disabilities in English lessons. The urgency of this problem lies in the fact that it is necessary to ensure the general cultural, personal and cognitive development of children with disabilities. The authors proposed methods used for productive teaching for students with disabilities, namely, multimedia and gaming technologies, case technologies and problem-based learning. In the paper, the authors propose an example of some of the technologies used while working in general education institutions and used when working with children with disabilities in the process of inclusive education. These technologies will help teachers develop the skills and abilities of foreign language communication in children with disabilities.

Keywords: *inclusive education, innovative teaching models, teaching children with disabilities, English, foreign language communication, multimedia technologies, case technology, game technologies*

Introduction

In the modern world, according to statistical agencies (National Center for Health Statistics; The National Center for Education Statistic; Federal State Statistics Service, etc.), despite the development of various technologies and the field of medical services,

doctors observe a significant deterioration in the health of the younger generation, this is especially true for school-age children. In this category of citizens, there are more and more children with the status of «child with disabilities».

Researchers of this social group note that

such a status seems to be a rather vague concept, since children with minor health problems and disabled children with severe cerebral palsy belong to the same category of students.

However, it should be noted that in modern pedagogical science there is a definition of this category of students: students with disabilities are children whose life activity is accompanied by any restrictions or lack of ability to carry out activities in a way that is considered normal for a person of this age.

To teach children with disabilities, the teacher needs to have the following information: understand the principles of inclusive education, have an idea about modern health-saving technologies, master the techniques of student-centered presentation of the material, as well as productive learning methods.

Main part

In modern society, mastering a foreign language is becoming one of the priority tasks, which is largely due to the rapid development of telecommunications networks, various information platforms, as well as distance learning, and their general availability for all categories of the population dictates its own conditions of existence. Teaching children with disabilities a foreign language is becoming one of the main tasks of the modern educational environment.

In this case, it should be noted that, having difficulties in communicating with other children due to the presence of difficulties in movement, this category of children spends a lot of time on the Internet, and in order to communicate with peers from other countries, it is necessary to know a foreign language. In addition, most children with disabilities of the musculoskeletal system undergo rehabilitation abroad (particularly in China), in this case, knowledge of a foreign language would be a solution to the communication problem.

In modern pedagogy, much attention is paid to inclusive education, however, there are practically no methods of teaching this social group in a foreign language, which explains the

relevance of current research.

The change of priority from providing a large amount of knowledge to the development of general cultural, personal and cognitive characteristics leads to the fact that it is the practical mastery of a foreign language that comes to the fore.

It should be noted that in the situation under consideration, listening and speaking come to the fore, since they form the basis for the formation of skills in two other types of speech activity - reading and writing. That is why in programs for teaching a foreign language to children with disabilities, special attention is paid to teaching listening and speaking.

This approach, according to researchers, is based on several methodological principles based on the psychophysiological characteristics of the studied group of students.

The principle of mobility. Children with disabilities, as a rule, lead a sedentary lifestyle, therefore, when teaching a foreign language, it is recommended to adhere to the principle of mobile activities in order to increase motivation to study the subject, as well as to attract attention, which is often very scattered among representatives of this social group.

The principle of frequent change of activity. As already noted, children with disabilities often have distracted attention. In order to focus on learning English and performing certain learning activities, they need to change their learning activities frequently.

Creating a language environment and immersion in it. This principle involves the creation of linguocultural conditions for a more complete mastering of the language material.

Frequent listening to language structures. Children with disabilities need to combine listening to the language structure with its repetition, this will overcome the language barrier.

The principle of continuity and repeated repetition of linguistic material. Children with disabilities need to repeat the "introduced" language structures many times in order to ensure long-term storage of these structures in the memory of students. The principle of

continuity allows you to introduce material gradually, following the principle «from simple to complex».

Disclosure of the student's creative abilities through the English language. Through a foreign language (due to its diversity), a teacher can not only reveal, but also develop the student's creative abilities, which will positively affect the study of other subjects of the humanities and natural sciences.

At each lesson, which is conducted with a focus on children with disabilities, it is necessary to use various gaming technologies. Tasks presented in the form of a game help children to master the material in a relaxed atmosphere, while each task should have a clearly defined learning goal. Through the use

of various didactic games, phonetic, lexical and grammatical skills are consolidated and trained, which are of paramount practical importance, since teaching children with disabilities a foreign language is carried out primarily based on listening and speaking.

Let's consider some types of didactic games successfully implemented in the course of this study. The authors of these games are the leading methodologists in the field of foreign languages: I.N.Vereshchagina, T.A.Pritykina, O.V.Afanasyeva and others. mastering this discipline, however, when teaching a foreign language to children with disabilities, this game complex is used for the first time. The description of the games is presented in Table 1.

Table 1

Didactic games in English lessons

Game name	Description of game activity
Flash	The card with the image is turned with the back of the picture. When quickly turning the card with a picture to the students, they need to understand what is shown and name the corresponding lexical unit
Set your imagination free, be slowly	The picture is closed. Open the picture slowly so that students can use their imagination to guess from the top of what is shown on the card. The word must be called the first one who guessed what is depicted
Remember the missing one	The cards are placed on the board in one straight line. After repeated repetition of the objects shown in the picture, it is recommended to remove one card from the presented row, moving the remaining ones towards each other. The missing lexical item must be named
Magic raw	This game is similar to the Russian gesture game “My triangular cap”, only instead of gestures there are lexical units that must be called one after another when the teacher removes the cards from the board. For the effective use of this gaming activity, it is recommended to use no more than six lexical units, and for their better development, the principle of thematic distribution is welcomed.
Read by my lips	The cards are placed on the board in random order. The facilitator says the word using lips and not saying it out loud. Students need to match the picture on the board with the word that the presenter “showed”
Can you understand what I say?	The facilitator describes the word using synonymous lexical units and expressions. The drawn images are arranged on the board in a random order. You have to guess what it's about.
Pen-Friends	Exchange postcards with children around the world, communicate with them in a foreign language

The use of these games in foreign language lessons in teaching students with disabilities showed good results. For this group of students, the practical orientation of knowledge is the main one. Teaching a foreign language is a foreign language

communication, communication in a foreign language on a variety of everyday and professional topics. However, it should be noted that communication involves not only oral, but often written communication. The game "Pen Friend" promotes the development

of writing skills. The children reacted positively to the game, because behind each postcard there was a real person and real communication with him in a foreign language. This phenomenon has become quite popular in the modern world and is called «postcrossing» - the exchange of postcards with strangers. There is a website www.postcrossing.com on the Internet where children can exchange postcards with people living in different countries.

Multimedia technologies play one of the leading roles in conducting a modern lesson in learning a foreign language. For example, you plan to gradually develop students' understanding of English speech. Listening materials can be found on YouTube, Tik Tok, VKontakte platforms. There are groups on Tik Tok that post short videos from American and British TV series several times a day with different pronunciations of the same text. Here the understanding of English speech with different dialects, voices, rates of speech is worked out, you can also learn many useful words and expressions.

Job example. Taking a video from YouTube, we will try to understand what is at stake, play a «ball game» (the teacher pronounces the phrase in Russian, and the student will have to translate it into English, of course, using pre-prepared vocabulary, later complete the task in translation).

Journey through virtual reality is one of the most effective and intelligible ways to inform students about certain geographical objects, it creates the illusion of complete immersion in the space under study. These multimedia technologies are characterized by a high degree of interactivity, allowing you to interact with objects and examine details of interest in detail. Most often, such trips allow

you to walk around world capitals, visit famous museums, etc. During a foreign language lesson, such an excursion received a positive response from students.

One of the forms of telecommunications is a podcast – a type of social service that allows you to listen, view, create and distribute audio and video broadcasts on a social network. For English learners, the podcast directory is located at the following locations: www.podomatic.com, www.futurelearn.com, [www.British Council.com](http://www.BritishCouncil.com). The use of a social podcast server in practical classes in English to develop listening skills with secondary school students diagnosed with disabilities showed quite good results.

Conclusion

Inclusive education is actively being introduced into the modern educational system. The use of the above methods in teaching a foreign language to students with disabilities showed that this social group quickly and relatively easily masters the proposed material, they have a high motivation to learn a foreign language. However, when conducting the study, we encountered certain difficulties, in particular, teachers' lack of readiness and ability to work with students with disabilities. Moreover, there is a problem not only professional, but also psychological readiness to work with such a group of students. With a competent solution of these problems (training courses, exchange of experience, tutor meetings, master classes, internships – remote interactive educational programs), it is possible to minimize the negative manifestations of the inclusion of students with special educational needs in the educational environment.

References:

1. Centers for Disease and Control prevention. URL: <https://www.cdc.gov/nchs/index.htm>.
2. Order of the Ministry of Education of Russia of 05/31/2021 No. 287 «On approval of the Federal educational standard of basic general education» (Registered in the Ministry of Justice of Russia on 07/05/2021 No. 64101). URL: <https://normativ.kontur.ru/document>. (In Russ.).
3. Tarabanovskaya E. A., Romanovskaya I. A., Treshchov A. M. The Influence of Inclusively-oriented Courses on the Level of Formation of Future Teachers' Inclusive Competence in the Process of TraininCg. VI International Forum on Teacher Education. Kazan Federal University, Russia (May 27 – June 9, 2020). ARPHA Proceedings 3. P. 2483-2496. URL: <https://doi.org/10.3897/ap.2.e2483>.

4. Sharma U., Armstrong A.C., Merumeru L., Simi J., Yared H. Addressing barriers to implementing inclusive education in the Pacific. *International Journal of Inclusive Education*. 2019;(23(1)):65-78. DOI: 10.1080/13603116.2018.1514751.

5. Iriarte E. G., Garolera G. D., Salmon N. Donohoe B., Singleton G., Murray L., Dillon M., Burke C., Leddin N., Sullivan M., Spelman M. How we work: reflecting on ten years of inclusive research. *Disability & Society*; 2021. DOI:10.1080/09687599.2021.1907546.

6. Alekhina S. V. Modern stage of development of inclusive education in Moscow. *Inclusive education*. Issue 1. Moscow: Center «School Book»; 2010. [URL:http://narfu.ru/upload/iblock/0f1/inklyuzivnoe-obrazovanie-vypusk-1.pdf](http://narfu.ru/upload/iblock/0f1/inklyuzivnoe-obrazovanie-vypusk-1.pdf). (In Russ.).

7. Alekhina S. V. Inclusive education: from politics to practice. *Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie = Psychological science and education*. 2016;(21):136-145. (In Russ.).

8. Shibaeva M. N. Work program of correctional and developmental classes for students with disabilities in accordance with the Federal State Educational Standard of the primary general education of the students with disabilities (retardation of general mental development). *Priority directions of development of science and education*. Cheboksary; 2018. P. 101-103. (In Russ.).

9. Merenkova V.V., Novoselova N.V. Accompanying students with disabilities in the framework of the implementation of the Federal State Educational Standard of the primary general education of students with disabilities in the context of a comprehensive school. *Tutor support in the system of general, additional and vocational education*. Chelyabinsk; 2019. P. 179-182. (In Russ.).

ТАРИХ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Тажмаганбетов Бахытжан Ануарович

*Қызылорда қаласы И.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейдің
тарих және құқық негіздері пәні мұғалімі*

Аннотация

Бұл мақалада тарих пәні арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие берудің маңызы мен тиімді жолдары қарастырылады. Автор тарихтың ұлт жадын қалыптастырудағы рөлін ашып, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралайды. Ұлттық сана мен патриотизмді қалыптастыруда тарих пәнінің мазмұны, оқыту әдіс-тәсілдері, тұлғалық және жобалық бағыттағы жұмыстардың ықпалы жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар, сабақ барысында ұлттық құндылықтарды сіңірудің нақты мысалдары мен нәтижелері ұсынылады. Мақала ұстаздар қауымына, тәрбие жұмысын ұйымдастырушыларға және жалпы білім берудегі ұлттық бағытты нығайтуға мүдделі мамандарға арналған.

Қазіргі заманғы жаһандану дәуірінде ұлттың болмысын, рухани байлығын, тарихи жадысын сақтап қалу – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып отыр. Бұл мақсатқа жетудің ең тиімді жолдарының бірі – жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру. Ұлттық тәрбие дегеніміз – жас жеткіншектерді өз халқының өткенін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарын құрметтеуге баулу, олардың бойына отансүйгіштік, елжандылық, арнамыс, жауапкершілік сияқты қасиеттерді сіңіру. Ал осы міндетті жүзеге асыруда тарих пәнінің орны ерекше. Тарих – бұл тек

өткеннің тізбегі емес, ол – халықтың жадын, даналығын, жүріп өткен жолын бүгінгі мен болашақ ұрпаққа жеткізетін киелі арна. Тарихты оқыту арқылы біз оқушылардың санасына ұлттың өткені жайлы деректерді ғана емес, сол деректермен қатар ұлттық рух пен тарихи мақтаныш сезімін де сіңіреміз. Себебі тарих – ұлттың айнасы, тарих – ұрпақтың тәрбие құралы.

Бүгінгі таңда жаһандық құндылықтармен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жас ұрпақты өз ұлтының өкілі ретінде мақтан тұтуға тәрбиелеу аса өзекті

болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп қабырғасында оқытылатын әрбір пән өз үлесін қосуы тиіс болса, тарих пәні бұл үдерісте шешуші рөл атқарады. Себебі оқушы тарих сабағында өз халқының кім екенін, қандай жолмен бүгінгі күнге жеткенін, нені бағалап, нені сақтауы қажет екенін ұғына бастайды. Осы мақалада тарих пәні арқылы ұлттық тәрбиені жүзеге асырудың нақты жолдары мен әдістері қарастырылады. Сонымен қатар, ұлттық тәрбиенің бала бойында қандай қасиеттерді қалыптастыратыны және мұғалімнің осы бағыттағы рөліне де тоқталамыз.

Тарих – бұл тек оқиғалар мен даталардың жиынтығы ғана емес, ұлттың өткені мен болашағы арасындағы алтын көпір. Ол – әрбір халықтың жадын, рухын, мәдениет пен дәстүр сабақтастығын сақтап отыратын рухани дінгек. Осы тұрғыдан алғанда, тарих пәні – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі, ұрпақ санасына елдік пен ерлікті сіңіретін ең маңызды құралдардың бірі. Тарихты оқыту – жас буынның санасына ұлттық сана-сезімді, отаншылдық рухты, өз халқына деген құрмет пен сүйіспеншілікті ұялатудың тікелей жолы. Өйткені әрбір тарихи дерек, әрбір ұлт перзентінің ерлігі – қазіргі жас ұрпаққа тағылым, өнеге. Қазақ хандығының құрылу тарихынан бастап, елін жаудан қорғаған батыр бабалардың ерен ерлігі, Алаш арыстарының ұлт үшін еткен еңбегі – мұның бәрі оқушы жүрегіне ұлттық рухты себелейді.

Мектеп қабырғасындағы оқушы тарих сабағы арқылы өзінің ұлтына тән құндылықтарды тани бастайды: салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, ерлік пен елдікті, бірлік пен бейбіт өмірді, ата жолын, ел тарихындағы күрделі белестерді зерделеу арқылы ол өзінің қазақ екеніне мақтанумен қарайтын деңгейге жетеді. Бұл – нағыз ұлттық тәрбие жемісі. Сонымен қатар, тарих пәні арқылы оқушы тек өткенін танып қоймайды, өткен арқылы бүгінгі өмірдің мәнін ұғады, болашаққа деген көзқарасын қалыптастырады. Елін сүйген Едіге, Төле, Қабанбай, Абай, Әлихан сынды тұлғалармен танысу арқылы жастар ұлт алдындағы жауапкершілікті сезінеді, аза-

маттық ұстанымы мен дүниетанымы қалыптасады. Тарих сабағында берілген әрбір мысал, оқиға немесе тұлға жайлы мәлімет оқушы бойында ұлт тағдырына бейжай қарамауға үйретіп, өзін халқының бір бөлшегі ретінде сезінуге бастайды. Сондықтан тарих пәні – ұлттық тәрбие берудегі ең негізгі әрі ең әсерлі пәндердің бірі. Ұлттық тәрбиені жас ұрпақтың бойына сіңіру – тек сынып жетекшілердің ғана емес, әр пән мұғалімінің басты міндеті. Ал тарих пәні бұл мақсатты ең шынайы, терең әрі тікелей түрде жүзеге асыра алатын сала. Өйткені тарих халқымыздың бастан кешкен тағдыры, елдікке жету жолындағы күресі мен арман-үміті, рухани биігі мен мәдени болмысы. Осы мұралар тарих сабағы арқылы ұрпақ санасына дарытылып, олардың ұлттық дүниетанымы қалыптасады.

Бірінші кезекте, тарих сабағында ұлттық тәрбиені жүзеге асыру – сабақ мазмұнына дұрыс іріктеу жасау арқылы басталады. Оқушыларға халқымыздың азаттық жолындағы ерлік күресі, ұлы тұлғалардың өмірі мен қызметі, ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасу тарихы, мәдени мұралар туралы кең әрі терең мәліметтер беру – ұлттық тәрбиенің негізін қалайды. Қазақ хандығының құрылуы, Жоңғар шапқыншылығы кезеңі, Алаш қозғалысы, кеңестік дәуірдегі қуғын-сүргін мен ашаршылық тақырыптары – барлығы оқушыларға ұлттық болмысты түсіндіруге бағытталуы тиіс.

Екіншіден, ұлттық тәрбиені берудің тиімді әдіс-тәсілдері мен оқыту технологияларын қолдану аса маңызды. Мысалы, тарихи рөлдік ойындар арқылы белгілі бір тұлғаның бейнесіне ену, тарихи көріністер қою, дебаттар өткізу оқушыларды тарихи оқиғалар мен ұлттық мәселелерге терең бойлатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интерактивті карталар, бейнефильмдер мен цифрлық платформаларды қолдану оқушылардың қызығушылығын оятып, ұлттық тарихқа деген сүйіспеншілігін арттырады.

Үшіншіден, оқушыларды зерттеу және жобалық жұмыстарға тарту – олардың өз бетімен ізденуін, туған өлке тарихына деген қызығушылығын қалыптастырудың тиімді

жолы. Мәселен, әр оқушы өз өңіріндегі тарихи тұлғалар, жер атаулары немесе тарихи оқиғалар туралы шағын зерттеу жүргізіп, оны сынып алдына таныстырады. Бұл – баланың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, азаматтық позициясын нығайтады.

Төртіншіден, тәрбие мен сабақтан тыс жұмыстарды байланыстыру да маңызды. Мектепте «Ұлт батырлары апталығы», «Тарихи тұлғаларға тағзым», «Ұлттық мұра» атты тақырыптық апталықтар ұйымдастырылуы керек. Оқушылар мұражайларға, тарихи ескерткіштерге барып, ұлттық құндылықтармен етене танысқан кезде оларда ел мен жерге деген құрмет арта түседі.

Бесіншіден, ұстаздың өз болмысы мен жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері мен дүниетанымы да – ұлттық тәрбиенің үлгісі. Мұғалім – оқушы үшін тірі тұлға, оның ұлттық санаға қатысты әр сөзі мен әрекеті жас өспірімге тікелей ықпал етеді.

Осылайша, тарих сабағы тек білім берудің құралы ғана емес, ұлттық рух пен азаматтық сана қалыптастыратын алаң болуы тиіс. Ұлттық тәрбиенің жүйелі жүргізілуі арқылы ғана біз тамыры терең ел боламыз.

Тарих пәні арқылы жүйелі әрі мақсатты түрде ұлттық тәрбие берудің нәтижесінде оқушы бойында ұлттық сана мен патриотизм ұғымдары терең орнығады. Бұл сана – жай ғана ақпараттық білім емес, ол – жеке тұлғаның ішкі болмысына сіңген рухани-мәдени таным. Мұндай тәрбиенің нәтижесінде оқушылар өз ұлтының кім екенін, қандай жолдан өткенін, бүгінгі күнге қандай құнмен жеткенін түсінеді.

Олар ата-бабасының ерлігін үлгі тұтып, Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілікпен қарай бастайды. Оқушы тарих арқылы өз халқының азаттығы жолындағы күресін, рухани құндылықтарын, елдік ұстанымын бойына сіңіреді. Сондай-ақ оқушы жалған тарих пен бұрмаланған көзқарастарға сын көзбен қарап, шынайы ұлттық құндылықтарға негізделген көзқарас қалыптастырады. Елін, жерін қорғауға, ана тілін ардақтауға, ұлттық мәдениетті сақтап дамытуға деген ішкі ұмтылыс пайда болады. Патриотизм – тек ұран емес, ол – нақты әрекет пен ұстаным. Осы ұстаным тарих пәні арқылы бала бойына ерте бастан сіңіріледі. Жас ұрпақ «елім үшін еңбек етем», «Отан үшін жауаптымын» деген өмірлік қағиданы түсініп өседі. Бұл – нағыз ұлттық тәрбиенің нәтижесі.

Қорыта айтқанда, тарих пәні – ұрпаққа білім берумен қатар, рухани тәрбие берудің ең пәрменді құралы. Ол – ұлттық бірегейлікті қалыптастырып, патриоттық сана мен жауапкершілікті арттыратын өмірлік мектеп. Жас ұрпақ өз халқының тарихын біліп, өткеннен тағылым алып өскенде ғана ұлттық мүддені қорғаушы, елдің болашағына жауапты азамат болып қалыптаспақ. Сондықтан да тарих пәнін оқытуда мазмұндық тереңдікпен қатар, ұлттық тәрбиеге бағытталған әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдану – бүгінгі ұстаздың басты міндеті. Мектеп қабырғасынан алған тарихи білім мен ұлттық тәрбие – жас ұрпақтың өмірлік ұста-нымына, тұлғалық келбетіне, азаматтық болмысына айналады. Ал мұндай тәрбиемен өскен жас буын – ел ертеңінің кепілі, Тәуелсіз Қазақстанның тірегі болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі және орта білім беру мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы. Астана, 2016.
2. Әбдіжәлелов Т. Ұлттық тәрбие – ел болашағының негізі. Алматы: Рауан, 2015.
3. Жұмабекова Г.К. Тарих пәнінде оқушыларға ұлттық тәрбие беру жолдары. // «Қазақстан мектебі» журналы, №9, 2021.
4. Қозыбаев М.Қ. Тарих және тағылым. Алматы: Атамұра, 1998.
5. Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 томдық. 5-том. Алматы: Жазушы, 2006.
6. Хасенов Ә. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің педагогикалық негіздері. Астана: Фолиант, 2019.
7. Әбдіразақов Ә. Қазақтың ұлттық тәрбиесі туралы ойлар. // «Ұлағат» ғылыми-әдістемелік журналы, №3, 2022.

Мазмұны

<i>Тәрбие тәлімі</i>	
1.	<i>Қозыбай Г.Д.</i> Мектепалды даярлық топ балаларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу 3
<i>Мұғалім іс-тәжірибесінен</i>	
2.	<i>Абдибаев М.А.</i> Сәндік қолданбалы өнер: ұлттық мәдениеттің көрінісі 6
3.	<i>Алимханова А.Ш.</i> Бастауыш сыныптардағы ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық іс-әрекетін ойын-жаттығулар арқылы дамыту 9
4.	<i>Алибаева Ж.С.</i> Математика пәнінен бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтарын ойын элементтері арқылы ояту 11
5.	<i>Ахметова А.</i> Педагог мәртебесі: қазіргі білім берудің өзекті мәселелері 13
6.	<i>Қыстауова С.Ж.</i> Тарих сабағында заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану 14
7.	<i>Нурылдаева М.</i> Дүниетану сабақтарында түсініктер мен ұғымдарды қалыптастырудың әдіс-тәсілдері 16
8.	<i>Құрманбайұлы А.</i> Жанартылған білімдегі дене шынықтыру сабағын өткізудің тиімділігін арттыру жолдары 18
9.	<i>Казанбай Г.Т.</i> Как заинтересовать детей поколения Z классической литературой? 21
10.	<i>Мусаева Г.С.</i> Использование эффективных методов в формировании языковых навыков учащихся на уроках русского и литературы 25
11.	<i>Иманқалиева К., Тоқшылықова З.</i> Лирикалық шығармаларды талдаудағы оқушының таным белсенділігін арттыру жолдары 29
12.	<i>Мняжова Г.А.</i> Геометрияда пифагор теоремасын қолдану 31
13.	<i>Примбетова Ж.Ж.</i> Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың саяхаттары 36
14.	<i>Саршанова Ж.С.</i> Бастауыш сыныпта оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру 38
15.	<i>Төлеу Е.С.</i> Қазақ халқының тоқу өнерін жаңғырту 41
16.	<i>Томпалакова К.Б.</i> Музыка пәніндегі оқытудың тиімді жолдары 44
17.	<i>Картаева Ш.Е.</i> Білім сапасын арттырудағы мұғалімнің рөлі 46
18.	<i>Кенжебаева Ф.</i> Педагог мәртебесі: қазіргі білім берудің өзекті мәселелері 48
19.	<i>Бексейтова Ж.М.</i> Инновационные методы в преподавание истории 49
20.	<i>Смагулова Г.А., Кунарова Ж.К.</i> Учимся читать и понимать текст 51
21.	<i>Искакова А.Т.</i> CLIL технологиясы және оны сабақта қолдану 56
22.	<i>Тоқтамысова Э.М.</i> Неологизмы в русском языке 60
23.	<i>Жарманова А.Е.</i> Электр энергиясын үнемдеу жолдары 62
24.	<i>Жаманов М.Е.</i> «Химия және өнеркәсіп» атты элективті курсы әзірлеу 64
25.	<i>Жүнісов Б.А.</i> «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы: тәрбие құндылықтарын сабаққа процесіне енгізу тетіктері 69
26.	<i>Альжанов Ж.А.</i> Құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениет 71
27.	<i>Камалова А.С.</i> Ағылшын тіліндегі жазу әрекетін үйретудегі ғаламтор ресурстарын қолданудың пайдасы 73
28.	<i>Каналиев А.О.</i> информатика пәнінде оқу үдерісін ақпараттық технологияларды қолдана отырып, тиімді ұйымдастыру 75

29.	Сырмат Қ.Е. Мектепалды даярлық топтарында бала тілін дамытудағы қолданылатын жаңаша әдіс-тәсілдер	78
30.	Глеубергенова Г.М. Бастауыш сыныпта оқушыларға педагогикалық қолдау көрсету	80
31.	Ташиμβетова Д.М. Ертегі арқылы балалардың тілін дамыту	82
32.	Бердіхожаева Ұ.Б. Білім беру ұйымдарында тәлімгердің құзыреті	84
33.	Агитаева Г.К. Инновации в начальной школе казахстана: новые горизонты образования.....	87
34.	Жеңсікбаева Қ.А. The ecological problems and saving the world	90
35.	Таңжарыққызы Ұ. Қажымас қайрат, жасымас жігер иесі – Тәшен Тұрсынбай Мүсіркепұлы	97
36.	Таймбетов Г.С. Биология сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	99
37.	Тілеубаева Ж.А. Дефектолог – бұл қазіргі әлемде ең қажетті мамандықтардың бірі	103
38.	Шалқымаева С. Адыраспан емдік қасиеттері	103
39.	Шәкірат А. Физика пәні мұғалімі «физика» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері	110
40.	Өтеулі А.Ж. Ағылшын тілі сабақтарында цифрлық ресурстарды қолданудың тиімділігі және психологиялық салдары	112
41.	Seitbenbetova M.N. Inclusive education: supporting english learners with special/exceptional needs	116
42.	Тажмаганбетов Б.А. Тарих пәні арқылы ұлттық тәрбие беру жолдары	120

